

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Тұрмаханова С.Ә.

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА
АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ
ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Оқу құралы

Шымкент, 2021

ӘОЖ 378(075.8)

КБЖ 74.58

Т 86

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Әдістемелік кеңесінде қаралып, баспаға ұсынылды (№2 хаттама, 23 желтоқсан 2020ж.).

Пікір жазғандар:

Сихимбаева С.М. - ОҚУ, п.ғ.к.

Жораева С.Б. - ОҚУ, п.ғ.к.

Жапбарова Г.А. - ОҚМПУ, п.ғ.к.

Тұрмаханова С.Ә.

Т86 Жоғары оқу орындарында арнайы пәндерді оқыту әдістемесі.

- Шымкент: ОҚМПУ, 2021. - 192 б.

ISBN 978-9965-03-305-6

Оқу құралы 7М1201 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы білім беру бағдарламасы бойынша оқитын магистрант-тарға арналған.

Оқу құралы мамандарды даярлау барысындағы елімізге қызмет көрсетіп, білікті де білімді маман болуына тікелей өз үлесін қосатын қазіргі таңдағы жоғары оқу орындарында білім алып жатқан магистрант-тарға арналып жазылған. Білім беру саласының өзекті мәселесі – құзыреттілікті қалыптастыру, оқытушының басты рөлін толығымен көрсететін теориялық материалдар ұсынылған.

Ұсынылған теориялық материалдардың практикада жүзеге асуы оқу құралының практикалық сабақтар бөлімінде қарастырылған. Сондай-ақ, оқу құралында магистранттардың оқытушымен бірге және өзіндік жұмыстарының тақырыптары, бақылау сұрақтары берілген.

Оқу құралы пәнінің оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес дайындалған, барлық мәліметтерді қамтиды, талаптарға сай, магистранттардың біліктілігі мен білімін жетілдіруге қажеттілігі мол еңбек.

ӘОЖ 378(075.8)

КБЖ 74.58

ISBN 978-9965-03-305-6

© Тұрмаханова С.Ә., 2021

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 2021

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл курс магистранттарды болашақ педагогикалық қызметке дайындаудың арнайы әдістемелік негізін қалау, Республикадағы жаңаша әлеуметтік және экономикалық жағдайларда еңбекке дайындауға қажетті білім, іскерлік және дағдысын қалыптастыруды мақсат етеді. Осы мақсатқа сәйкес төмендегідей міндеттер қойылады:

- кәсіпке оқыту мазмұнының әр кезеңіндегі білім беру мазмұны жөнінде магистранттарға нақты түсінік беру;

- жан-жақты дамыған, шығармашылық қабілеті жоғары, кәсіби бейімділігі бар тұлғаны тәрбиелеу және жетілдіруге жағдай жасау;

- болашақ кәсіби қызметінде өзін-өзі айқындау мен өз мүмкіндігін жүзеге асыруға дайындау;

- магистранттарды педагогикалық еңбекті тиімді ұйымдас-тыруға, оқушы жастарға білім берудің тиімді әдістері мен формаларын, оқу құралдарын таңдауға, әдістемелік, анықтамалық және арнайы әдебиеттермен жұмыс жасауға үйрету.

Магистранттар бұл пәнді оқу барысында төмендегідей білітіліктер мен дағдыларды меңгереді:

- бағдарлама мазмұнындағы оқуматериалдарына байланысты оқытудың аса тиімді формаларын, әдістері мен құралдарын жинақтайды;

- курс бойынша теориялық және практикалық материалдарды қабылдау және түсінуге қажетті негізгі ұғымдық аппаратынан дәйектер қосады;

- оқулықтардың, оқу құралдарының, оқу-әдістемелік әдебиет-тердің мазмұны, идеясы, негізгі қағидаларын практикада қолданылады;

- мамандардың кәсіби даярлықтарының құрылымдық жүйелерін талдайды;

- ЖОО арнайы пәндер бойынша әр қилы сабақ түрлерін өңдеу тәсілдерін меңгереді;

- қоғамның қазіргі даму кезеңіне сай кәсіпке оқыту мақсаттары мен міндеттерінің тәжірибелік дағдыларын игереді;

- ЖОО арнайы пәндер бойынша әдістер мен әдістемелерді зерттеу тапсырмаларын адекватты бағалау құзіреттілігіне ие болады.

№1 тақырып.
ЖОО АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
КУРСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Пәннің өзектілігі
2. ЖОО арнайы пәндерді оқыту әдістемесі курсының мақсаты мен міндеттері

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

3 Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқуқұралы / Т.М. Жоламанова.- Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.

4 Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты //Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жыл 14-желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы.

5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

«Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуіміз керек және оқытудың тиімділігін, әр оқушының білім мен білігі деңгейін бағалаудың бірыңғай жүйесін жасау керек...»

Н.Ә.Назарбаев

(Қазақстан халқына жолдауынан)

Кез-келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі күмән тудырмайды.

Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2030» жолдауында: «оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет... ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкәппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» дегені мәлім. Елбасының осы алға қойған зор міндеттерін іске

асырушылар - әрине, жастар. Олай болса, сол жастарға сапалы білім мен салауатты тәрбие беру қажет.

Еліміздің дамуының алғы шарты білім дедік, яғни «Үшінші мыңжылдықтың жастары қандай болмақ?» деген сұрақ туындайды. Жауапкершіліктің биігінен көрінуі де жас ұрпаққа берілетін білім сапасын мейілінше арттыруды қажет етеді. Ал, білім сапасын арттыру, оның деңгейін әлемдік білім кеңістігіндегі стандарттарға сай келтіру түптеп келгенде, мұғалімге, оның кәсіби құзырлығына, әдістемелік біліктілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты. Жас ұрпаққа жоғары сапалы білім беру ісін тек қана көп мәдениетті, шығармашыл, жаңашыл, инновациялық тұрғыда ойлап, қызмет жасай білетін ұстаз ғана мүлтіксіз атқара алады.

Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қоюда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама –қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті оқытушылардың әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзіреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Құзіреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Оқытушының құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Оқытушының басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, құзыреттілікті нәтижеге бағытталған білім беру

жүйесінің сапалық критеріі ретінде қарау, зерттеу, бүгінгі күн талабы.

Орыс педагогы К.Д.Ушинский айтқандай,қазіргі заман талабына сай,әр мұғалім,өз білімін жетілдіріп,ескі бір сарынды сабақтардан гөрі,жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса,сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі-оқытудың жаңа технологияларын енгізу,білім беруді ақпараттандыру,халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен Н.Ә.Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін,терезесін тең ететін - білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңібілім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып,жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге өабілетті маман дайындау. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі-педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген,тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған,рухани дамыған,толысқан шығармашыл тұлға күзіреті. Жаңа формация мұғалімі-табысы,біліктері арқылы қалыптасады, дамиды.

Пәннің мақсаты - магистранттарды болашақ педагогикалық қызметке дайындаудың арнайы әдістемелік негізін қалау, Республикадағы жаңаша әлеуметтік және экономикалық жағдайларда еңбекке дайындауға қажетті білім, іскерлік және дағдысын қалыптастыру.

Пәннің міндеттері:

-кәсіпке оқыту мазмұнының әр кезеңіндегі білім беру мазмұны жөнінде магистранттарға нақты түсінік беру;

-жан-жақты дамыған, шығармашылық қабілеті жоғары, кәсіби бейімділігі бар тұлғаны тәрбиелеу және жетілдіруге жағдай жасау;

-болашақ кәсіби қызметінде өзін-өзі айқындау мен өз мүмкіндігін жүзеге асыруға дайындау;

-магистранттарды педагогикалық еңбекті тиімді ұйымдастыруға, оқушы жастарға білім берудің тиімді әдістері мен формаларын, оқу құралдарын таңдауға, әдістемелік, анықтамалық және арнайы әдебиеттермен жұмыс жасауға үйрету.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- 1 Оқытушының құзыреттілігін қалыптастыру деген не?
- 2 Оқытушының басты рөлі
- 3 Пәннің міндеттері

№2 тақырып.

АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСІ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ БІР САЛАСЫ РЕТІНДЕ

1. Арнайы пәндерді оқыту әдісі педагогика ғылымының бір саласы ретінде

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқуқұралы / Т.М. Жоламанова.- Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.

2 Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты //Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жыл 14-желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы.

3 Масырова Р.Р. Инновации в среднем общем образовании Казахстана: анализ и тенденции развития. Монография. – Алматы: КазГосЖенПИ, 2008.

Педагогикалық теорияның пайда болуына дейін, Ежелгі Русьте жастарды көпғасырлық еңбекке баулу практикасының алатын орны айтарлықтай үлкен болған. Еңбекті сүю, еңбекке баулу сол кездегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрып ішінде маңызды болатын.

Феодалдық қауымның пайымдауынша моральды-этикалық нормалар өзіндік мән-мағынаға ие болды. Бай қоғам өкілдері ақсүйектер еңбекке оның ішінде қара жұмыс туралы көзқарастары теріс болған. Себебі, қара жұмыс қарапайым халыққа тән деп есептеген. Алайда, еңбек халықтың басым бөлігінің өмірлік

қажеттілігін өтейтін болғандықтан, өскелең жас ұрпақтың еңбек етуге көзқарасын жақсартты. Осы көрініс әсіресе қарапайым отбасыларда орын алып, халықтық педагогикалық ойдың негізін қалауға себеп болды. Халықтық педагогика еңбек етудің маңызын тереңірек талдай отырып, оның халықтың материалдық қана емес сонымен қатар рухани дамуына қажет екенін айтты.

Әдіс-тәсілдер пән ретінде оқу барысының заңдылықтары мен ерекшеліктерін қарастырады. Педагогика ғылымында әдіс-тәсілдерді жалпы және жеке деп екіге бөледі.

Оқытудың жалпы заңдылықтары – дидактикамен қарастырады, ал оқытудың жеке заңдылықтары әрбір пәнді жекелей қарастырады. Әдіс-тәсілдердің өзіндік міндеттері мен зерттеу тәсілдері бар. Оқыту процесінің бір-бірімен байланысты үш түрі бар: оқытудың мазмұны, оқытушылық-мұғалімнің міндеті, ал оқу-оқушылардың міндеті болып табылады. Әдіс-тәсілдердің міндеті осы оқыту процесінің бір-бірімен байланыстылығын зерттей отырып, нәтижесінде ойлап табылған мәселелер арқылы оқытуды жаңартып отыру. Сөйтіп, әдіс-тәсілдердің объектісі оқыту процесі болып табылады. Әдіс-тәсілдер оқытудың мән-мақсатын айқындай отырып, әрбір оқушыны жан-жақты дамытуды көздейді. Оқыту үрдісі әрқашан белгілі бір мақсатқа бағытталған. Оның мақсаты оқушыларды біліммен қаруландырып қана қоймай, өзінің позициясын толығымен ұстанып қорғайтын, қоғамда өзіндік орнын таба білетін тұлғаны тәрбиелеу. Оқыту әдіс-тәсілдері жақсы нәтижелер беретін оқыту процесін ұстанады. Қазіргі еңбекке баулу әдіс-тәсілдері ғылыми әдебиеттерден оқыту пәндеріне мәліметтер таңдап алуда белгілі бір әдіс қалыптасқан. Еңбекке баулу әдіс-тәсілдері еңбек пәні мұғалімін дайындап шығаруда. Өйткені ол ғылыми педагогика, психология және қазіргі техника саласынан негізін алады. Сөйтіп «Арнайы және жалпытехникалық мамандықтарды оқыту әдісі» мамандығын психология, техника негіздері, оқу процесін ұйымдастыруды білмей игеру мүмкін емес. Педагогикалық білімді игеру үшін әр түрлі күнде кездесіп жатқан жағдайларда жақсы нәтижеге қол жеткізуге қол жеткізуге болатындығы туралы әдіс-тәсілдерді білу керек. Мұғалім әрдайым өзінің білім сапасын көтеріп отыруы қажет.

Педагогтың алдында Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген бап бойынша әр республика азаматын даярлап

шығаруда оқушыларды жан-жақты дамыту міндеті тұр. Еңбекке баулу міндеті оқушыларды бір-бірімен байланысты оқыту процесі мен тәрбиені қатар ала отырып, оқушыларды мектеп бітірісімен қоғамдық-әлеуметтік ортаға оңай араласып кетуіне септігін тигізу, өзін-өзі көрсете алуы. Ғылыми-техникалық жетістіктер біздің елімізде оқушылардың мектеп қабырғасынан дайындығын қажет етеді.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- 1 Оқытудың жалпы заңдылықтары
- 2 Моральды-этикалық нормалар өзіндік мәні.

№3 тақырып.

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫҢ МӘНІ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

1. Оқу процесіндегі қызығушылықтың мәні мен ерекшелігі
2. Оқыту әдістерінің түрлері

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005
- 2 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006
- 3 Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жыл 14-желтоқсанда Қазақстан халқына арнаған Жолдауы
- 4 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

Қай елдің болсын өсіп өркендеуі өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. Себебі қазіргі кезде әр адамның болашағы оның алған білімінің сапасы мен көлеміне қарай сарапқа салынады. Өмір ағымына тек білімі мен білігі жоғары адамдар ғана ілесе алады. Сондықтан сол мемлекеттік стандартқа сай, жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға қалыптастыруымыз керек. Оқыту мен оқу, үйрету мен үйрену үнемі бір-бірімен астасып жатыр. Сондықтан

оқу барысында қашанда баланың пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту керек.

Оқу процесінің жеделдеуіне байланысты арнайы пәндерді заман талабына сай, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып жүргізу қажеттілігі туып тұр. Арнайы пәндерді оқытуда ойын түрлерін пайдалану оқушының басқа тілді үйрене алмаймын деген сенімсіздігін сейілтп, тілді үйренуге ынтасын арттырады.

Оқыту әдістемесі – педагогиканың күрделі саласының бірі – дидактикалық тарауынан қаралады. Дидактика (оқыту теориясы) гректің–оқытамын деген сөзінен шыққан. Дидактиканың негізгі проблемалары оқу процесінің заңдылықтарын, принциптерін және оқытудың тиімді әдістемелерін көрсетеді. Ал, арнайы пәндерден оқушыларға білім беруде – оқыту әдістері жоғарыда айтылған заңдылықтар мен принциптерге сүйенеді.

Сабақ - оқытудың барлық кезеңінде мұғалім мен баланың бірлесіп істейтін тиімді әдістердің жүйесіне назар аударылады.. Қазіргі сабақтың түрлері мен өткізу әдістері туралы көптеген педагог-ғалымдар жылдар бойы ізденіс жасап, ұтымты пікірлер айтып келеді.

Оқушыларды пәнге қызықтыру арқылы сабаққа ынтасын арттырып, оны бірте-бірте тұрақтандырып қалыптастыру қажет. Оқу жоспары мен бағдарламасы, оқулық пен көрнекілік құралдар, мұғалімдердің дидактикалық жағынан тәжірибесі мен кәсіби шеберлігін арттыру тіл пәнін оқытудың сапасын жетілдіретін басты белгілері деп білеміз.

Мұғалім оқытудың әдістері мен тәсілдерін шебер меңгеруі арқылы қазақ тілін оқытуда оқушыларға тиянақты, сапалы білім беруге болады. Ол жақсы ұйымдастырылған оқытушы мен оқушы арасындағы қызметтінен көрінеді.

Арнайы пәндерді оқыту барысында тақырыптың мазмұнына сай білім берудің әр түрлі әдіс-тәсілін қолдану ерекшелігін меңгерген жөн. Ғалымдар пікіріне сүйене отырып, оқыту әдістерінің түрлерін топтастыруға болады:

1. Баяндау әдісі, түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап.
2. Кітаппен жұмыс әдісі.
3. Көрнекілік әдісі.
4. Техникалық құралдармен жұмыс істеу әдісі.

5. Жаттығу әдісі.

Іс жүзінде осы жоғарыда аталған әдістің түрлерін кеңінен қолдану арқылы оқушыларға сапалы білім беруге болады.

Сабақ- мұғалім айнасы. Мектепте қазақ тілін оқытудың негізгі міндеттерін оқушыларға сауатты жазуға, өз ойын, сөзін еркін сөйлеп, әдеби тіл нормаларын жаттықтыру, әдепті, мәдениетті сөйлеуге үйретуді, жан-жақты тәрбиелі азамат болуға тәрбиелеуді, қазақ тілін оқыту әдістемесін педагогика ғылымының жетістіктерімен ұштастыра алатын, шығармашылықпен еңбек ететін, ғылыми дүниетанымы кең ұстаз ғана атқара алады.

Қай сабақ болмасын, оқушыларды ізденіске баулу керек. Оны жүзеге асырудың бірден-бір жолы – сабақ процесінде ойын түрлерін тиімді пайдалану.

Сабақта ойынды тиімді пайдалану оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын, танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар олардың талабын ұштатастырып, ой-өрісін кеңейтуге, іздену қабілеттерін дамытуға әсерін тигізеді.

Оқушыларды сабаққа қызықтыру үшін концерт-сабақтар, практикум-сабақтар, жарыс сабақтары, той сабақтары сияқты сабақ түрлері мектептерде өткізіледі. Сабақта өтілетін негізгі материалдарды жоғалтып алмай, оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін дұрыс меңгерген жөн.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы құрылымы қазір көптеген өзгерістермен, жаңалықтармен толықтырылуда. Ал осы жаңа құрылымдағы сала өзіне қажетті жоғарғы және орта буын мамандарының жоғары кәсіби даярлығын талап етеіні сөзсіз. Бұл бір жағынан қазіргі нарықтық экономика талаптарын орындап отырған қоғамның орта буын мамандарын даярлауға қойған талабы да түбегейлі өзгерген кезде маңызды болуы міндетті жайт. Қазір еліміздің техникалық колледждерінде орта буын мамандарын даярлау – басым бағыттардың бірі болып отыр. Бұл өз кезегінде кәсіптік-техникалық оқу орындарының оқу процесіне де жоғары талаптар қойып отырғаны белгілі.

«Қазақстан - 2050» Жаңа бағытын ескере отырып, Үкіметке 2013 жылдан бастап жаңа үлгідегі куәліктер беру арқылы инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді тапсырамын», деп Елбасы

Н.Ә.Назарбаев 2012 жыл 14-желтоқсанда Қазақстан халқына арнаған Жолдауында атап көрсетті.

Сонда Қазақстанның техникалық колледжі түлегін қажет ететін агро-өнеркәсіп кешенінде де, автокөлік мекемелерінде де, ауыр және жеңіл өнеркәсіп салаларында, ауыл шаруашылығында, тамақ өнеркәсібі саласында да орта буын мамандарының білімді маман, білікті кадр ретінде өндірісте танылуы колледжде алған білімдерінің сапасына тікелей байланысты.

Сондықтан қалыптасқан білім жүйесін жоғары деңгейлі ойлау қабілетімен, кәсіби бағытталған саналалықпен, оқу процесіндегі ғылыми іс-әрекеттермен байланыстыру қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында кәсіптік бағдар немесе кәсіби бағыттылық деген ұғымға білім алушылардың кәсіптік қызы-ғушылықтары мен жеке қабілеттеріне сәйкес білім беру саласында мамандық пен оқитын орнын таңдауына ақпараттық және консультациялық көмек беру деп түсініктеме берілген. Сонда қазіргі колледж оқушысы болашақ мамандығын кәсіби бағдар арқылы таңдап алған соң, оның өндірістегі білікті кадр болып қалыптасуы колледж оқытушыларының міндетіндегі іс болып табылады. Ол үшін колледждердің оқу процесі жаңаша ұйымдас-тырылып, арнайы пәндерге арналған зертханалық жұмыстар оқытудың инновациялық технологиясыменн байланыстырылуы тиіс. Бұл жөнінде жоғарыда атап өткен Елбасы Жолдауында «Отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және нақты құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз» деп нақты тапсырма ретінде атап көрсетілген . Мұның орындалуына барынша атсалысу – оқу орны қызметкерлерінің барлығына бірдей міндет болып жүктеледі.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- 1 Оқыту әдістемесі деген не?
- 2 Білім жүйесі қалай қалыптастырылады?

№4 тақырып.
ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ

1. Оқу -танымдық іс-әрекеттің белсенділігін қалыптастыру

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

2 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005

3 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

4 Ә.Қ. Мыңбаева, А.Б. Айтбаева. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында», білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын еңгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникация желілерге тығу деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Оқушылардың оқу – танымдық іс-әрекетін белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, іздесіне талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті күрделі процесс. Ол іс-әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды. Оқу-танымдық іс-әрекет шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттілікпен, мақсаттан таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады.

Оқу үрдісі оқушылардың оқу-танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу-танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенді танымдық іс-әрекеттің көздейтін мүддесі білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету

қарқынын үдету қажеттілігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғары көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалану білуі болып табылады.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті жеке тұлғаның танымдық қызығушылығы мен қажетсінуін, белсенділігі мен ізденімпаздығын қамтитын танымдық, еріктік сезімталдық үрдістер мен мотивтері бірлігі нәтижесінде оқушылардың интеллектуалды, жеке қасиеттерін және кәсіби маңызды біліктерін дамытатын оқу материалының мазмұны мен қажетті көлемін игеруді көздейтін жан-жақты оқу жұмысы.

Оқу-танымдық іс-әрекет күрделі үрдіс болғандықтан, мұғалім мен оқушының бірлесіп жасайтын тиімді, сапалы әрекетін керек етеді. Оқу-танымдық белсенділік оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықласының құштарлығының ерекше көрінісі. Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, сонда оқушыларды ақыл-ой қабілеттерінің мынандай элементтері дамиды: зеріктік, зейінділік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі т. б. Оқу-танымдық іс-әрекет оқушылардың негізгі іс-әрекеті болып табылатын күрделі үрдіс бола отырып, ол оқушы міндеттерінің шешіліп, мақсаткерлік, мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық үрдістің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен т.б. сипатталады.

Бала мектеп өміріне алғаш ене бастағанда онда мәнді психологиялық қайта өзгеріс болады. Ол жаңа режимнің бірқатар маңызды әдеттерін бойына сіңіреді, мұғаліммен және жолдастарымен сенімді қарым-қатынас орнатады. Оқу материалының мазмұнына ынтаның пайда болуы негізінде оның оқуға деген жақсы көзқарасы қалыптасады. Бұл ынталардың одан әрі дамуы және төменгі класс оқушыларының оқуға деген көзқарасының жайы олардың оқу әрекетінің қалыптасу процесіне байланысты. Білім, іскерлік пен дағды ата-аналармен, құрбы-құрдастармен қарым-қатынаста, ойындар үстінде, кітаптар оқығанда және т.б. игеріледі.

Дұрыс ұйымдастырылған оқу әрқашан дамыту қызметін атқаратыны сөзсіз, дегенмен оның нәтижелі іске асуы арнайы бағыт-бағдардың болуына тәуелді. Педагогика теориясы мен тәжірибесінде дамыту мақсатына орай ерекше оқу технологиялары нақтыланған:

- ақыл-ой әрекеттерін кезеңмен дамыту бағыты (И.Я.Талызина);

- теориялық материалдар көлемін арттыра беру (Л.В.Занков);
- жоғары қарқын және қиыншылық деңгейінде оқыту (Л.В.Занков);
- оқушылардың өз оқу әрекеттерін сезінуін қамтамасыз ету (Л.В.Занков);
- проблемді оқыту (А.М.Матюшкин, М.И.Махмутов);
- оқудың дамытушы әдістер жүйесін қолдану (И.Я. Лернер, М.Н.Скаткин);
- оқудағы мазмұндық қорытындылау тұжырымы (В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин);
- оқушылардың танымдық іс-әрекеттерінің белсенділігін көтеру әдістерін қолдану (Г.И.Щукин);
- төңіректері қоғам, адам, өнермен қатынастардан болатын толғаныс, көңіл-күй, сезімталдық дамыту жолдары пайдалану арқылы оқу тиімділігін арттыру бағыты (Д.Кабалевский, И.Волков).

Білім беру мазмұнын жетілдіруінің қайнар көзі-мәдениет немесе әлеуметтік тәжірибе. Дегенмен, әлеуметтік тәжірибенің мазмұны, немесе мәдениет мектептегі білім мазмұнын толық анықталмайды. Білім мазмұнын құрастыруда балалардың жекелік-тұлғалық дамуының олардың қабілетінің, дарындарының, қызығушылықтарының талаптары ескерілуі тиіс. Осы мақсатқа жалпы білім беру мазмұнында міндетті пәндермен қатар оқушылардың қызығушылығына қарай дайындайтын таңдау пәндері де енгізілген. Бұл оқушылардың өзіндік қасиеттерінің, кәсіби бағытталуының тереңдеуіне жағдай жасайды.

Білім берудің маңызы мен қызметі оны үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болуымен ғана емес ең алдымен оқушы тұлғасының ұйытқысының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін ерекше құнды қайталанбайтын буын екендігімен анықталып негізделеді.

Оқушыларға оқу іс-әрекетінің белгілі бір жүйелігін егжей-тегжейлі және асықпай көрсету, олардың арасынан заттың сыртқы тілдік немесе ақыл-ой шеңберінде орындалатындарын ерекше бөліп көрсету керек. Бұл жерде заттың әрекеттер тиісті дәрежеде қорытындыланып, қысқартылып және игерілу ақыл-ой формасына келетіндей жағдай жасау маңызды. Егер тапсырманы орындауда оқушылар бәрібір қате жіберсе, онда ол не оларға көрсетілген оқу-

әрекеттерін бақылау және бағалаудың толық еместігінің, не осы әрекеттердің нашар жүргізілгендігінің дәлелі.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1 Оқу-танымдық іс-әрекеттің жүргізілуі

2 Қалыптасқан оқу технологиялары.

№5 тақырып. АРНАЙЫ ПӘН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІ БЕЛСЕНДІРУ

1. Арнайы пән оқыту барысында студенттерді белсендіру

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Ә.Қ. Мыңбаева, А.Б. Айтбаева. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.

2 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005

3 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

4 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

Білімдегі тұлғалық амал күнделікті, жалпы педагогикалық санада оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасының этикалық-гуманистік ұстанымға сәйкестігі ретінде қарастырылады. Гумандылыққа немесе білім алушымен қарым-қатынастағы ізгілікке педагогика ілімінің классиктері – Ж.Ж.Руссо, Л.В.Толстой, М.Монтессори, Ы.Алтынсарин т.б. үндеген болса, қазіргі белгілі педагог-ғалымдар, жаңашыл ұстаздар бұған ынтымақтастық педагогикасы деген атпен ерекше ден қоюда.

Тұлғалық амалдың басты мақсаты – тұлғаны айналасындағы ұстанымдардың жиынтығы болып табылатын педагогикалық әрекет ретінде қарастырады. Тұлғалық амал педагогикалық үдерісте

тұлғалық құрылымдардың пайда болуын түсіндіретін ұстаным деп танылып, адам өміріндегі қандай да бір өзгерістерді оның өзін-өзі жүзеге асыру әрекетінсіз түсіндіруге болмайтындығына назар аударады. Бұл амал тұлғаның білімдік үдерістегі еркіндігі, яғни білім мазмұнын өзінше ұғу, қабылдау, білімдік маршруттарды, басымдылықтарды өз бетімен таңдау ұстанымын тірек етеді.

Тұлғалық амал ұжымдық оқытуға балама түрдегі даралап, саралап оқыту идеясының басымдылығын алға шығарады.

Жаңа тұлғалық парадигмаға көшу – қазіргі заманғы білім беру және жалпы қоғамның XX ғасырдың аяғындағы педагогикалық сана-сезімінің жетекші беталысы. Көптеген ғасырлар бойы білім беруде үстемдік еткен білімдік-ағартушылық парадигма өз мүмкіндіктерін сарқыды деп есептеудің негізі бар. Біріншіден, білім көлеміне онда тіпті ең жалпылай бағдар жасау үшін сана жетпейтін болды. Екіншіден, білім беру қызметінің адамды білімге қанықтыра, толыққанды жүзеге асыра алмайтыны анықталды. Өмірлік практика танымның кеңдігі мен энциклопедиялылығы адамның өз адами қырындағы білімінің жетіспеушілігімен жеңіл сыйысып отыратынын әлденеше рет көрсетті. Әңгіме, әрине, білімнің «зияны» туралы емес, білімдік парадигманың ойлау стилі ретінде шектеулілігі туралы болып отыр. Білімнің өзі – білім берудің жан-жақты өлшемі екені даусыз, себебі адамның жеке тұлғалық тәжірибесі және оның рефлексиясының басқа да өнімдері ақыр аяғында мүмкін, аздаған басқаша қасиетке ие білім түрінде болатыны белгілі

Дарынды, білімді жастар ғана егеменді еліміздің ертеңін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік-эканомикалық дамуына үлес қоса алады. Сондықтан студенттер оқытушы берген білімді, іс-әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оны әрі қарай өзінің белсенді, нысаналы, зерделі танымдық іс-әрекетімен сабақтастыруға тиіс. Осыған орай, студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру - оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады. Оны жүзеге асыру студенттердің танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын ынталандыруға септігін тигізетін оқу үрдісін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Оқу үрдісінде оқу белсенділігін арттырудың жолдары мен тәсілдерін, танымдық ізденімпаздық, танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселелері туралы жазылған еңбектерді атап өтсек: Я.А.Коменский, Ы.Алтынсарин, П.И.Пидкасистый, Н.А.Половникова, Т.И.Шамова, А.Е.Әбілқасымова, Т.С.Сабыров, Р.С.Омарова т.б.еңбектері. Сонымен бірге танымдық іс-әрекет ұғымы мен танымдық белсенділікті қалыптастыру проблемасына педагогтар, психологтар, әдіскерлердің көптеген еңбектері арналған. Студенттердің танымдық әрекеті мен белсенділігін жетілдіру құралы ретінде қарастырып, құнды пікірлер Ф.Бэкон, М.Мантель, Д.Локк, Я.А.Коменский, И.Кант еңбектерінде айтылған.

Танымдық белсенділікті дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін алғашқылардың бірі болып қалаған ұлы педагог Я.А.Коменский: «Заттың не құбылыстың түп тамырына жету, анықтау қабілетін дамыту, оны шынайы түсіну және оны қолдана білу қажет», -деп ерекше атап өткен. Ал қазақтың педагог-ғалымы М.Жұмабаев оқыту процесінде қарапайымнан күрделіге көше отырып, өз бетінше оқуға, өз бетінше білім алуға үйрету қажеттігін көрсетеді.

Студенттердің танымдық белсенділігін, ақыл-ой қабілеттерін дамытуда, оқуға қажетті біліктер мен дағдылар, алған білімнің саналылығы және біліктілігін қамтамасыз етуде көрнекіліктер мен инновациялық технологиялардың маңызы зор. Танымдық әрекеттің негізінде студенттерде танымдық белсенділік қалыптасады. Танымдық белсенділік – студенттің оқуға, білуге деген құштарлығының, ынта-ықыласының ерекше көрінісі. Студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыруда оқу материалдарының маңыздылығы дәрежесіне қарай оның құндылығын анықтай білу, сабақ беру мен оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор.

Танымдық белсенділік пен жалпы танымдық іс-әрекет проблемасына арналған көптеген еңбектеді зерттеу мынадай қорытындыға әкелді: танымдық ізденімпаздық пен ізденімпаздық пен белсенділік жеке тұлғаның алуан қырлы болмыс-бітімі болып табылады.

Егер жеке тұлғаның өз тарапынан танымдық белсенділікті қалыптастыру әрекеттеріне бақылау жасамаса, ізденіс нәтижесі бағаланбаса, жетістіктерге жетуге болады деп айту қиын. Өзгелердің

тарапынан болатын бақылаудан гөрі, студент өз білім деңгейіне, біліктері мен дағдыларына сын көзбен қарап, бақылау жасауы, оның білімді сапалы меңгеруіне жұмыстың нәтижесін көруде барынша көмектесетіні белгілі.

Таным теориясы (гносеология немесе эпистеминология) – айналадағы қоршаған дүниенің адам санасында бейнеленуін, танымның жалпы шарттары мен мүмкіндігін, білімнің шындыққа қатынасын, қоғамдық тәжірибе негізінде іске асатын таным үрдісінің заңдылықтарын, оның негізгі түрлерін, әдістерін, жорамалдар мен теорияларды құру және дамытудың жолдарын зерттейтін психология ғылымының саласы.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- 1 Тұлғалық амалдың басты мақсаты
- 2 Танымдық белсенділікті дамытудағы оқыту әдістемесі
- 3 Таным теориясы деген не?

№6 тақырып.

ДҮНИЕНІ ТАНУДЫҢ ТҮРЛІ ФОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

1. Дүние танудың түрлі формалары
2. Ғылыми теориялық тану

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері. –А., 2005

2 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

3 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

Білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттейтін ілім – «таным теориясы» деп аталады. Таным теориясының басқа ғылым теорияларынан түбірлі айырмашылықтары бар. Ол – білімнің қалыптасуы мен негізделуінің

жалпы ұстанымдары, оның ақиқаттық жалпы шарттарының, объективтік қатынастарының қалыптасуы.

Дүниені танудың түрлі формалары болады. Ғылыми теориялық тану дегеніміз – дүниені меңгерудің бір формасы, мұның негізінде логикалық ойлау мен қорытындылауға қабілеттілік жатады. Ғылыми тану толып жатқан жеке жақтардан заңдылық шығаруға сипат табуға бағытталған.

Студенттер бойында кездесетін қабілеттіліктері – білімді өз сапасында белсенді және нәтижелі түрде бейнеленуі. Мұндай бейнелеу әрекеті аса күрделі үрдіс. Ол студенттердің сыртқы дағды мен әдеттерін қалыптастыру нәтижесінде жүзеге асады. Студенттердің танымдық белсенділігін арттыру, таным қабілеттілігінің оянуына түрткі болу – оқытудың негізгі мәселелерінің бірі. Студенттердің танымдық белсенділігі өз кезеңінде қабылдау, есте сақтау, қиялдау үрдістері мен зейіннің тұрақты күйін қажет етеді. Студенттің өзіндік сезімдік танымы негізінде қабылданған білімі мен дағдысы, ептілігі мен шеберлігі әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады.

Оқытудың белсенді әдістерінің дамуына өз үлестерін қосқан теоретик және тәжірибелі оқытушылар: Н.А. Қошқарбеков, А.М. Матюшкин, Т.В. Кудрявцев, М.М. Леви және т.б. Бірақ бұл зерттеулер мектеп материалдары негізінде зерттелгендіктен, ол Кәсіптік және техникалық білім беру жүйесінде оқытудың белсенді әдістерінің дамуын қиындатты, себебі кәсіби және техникалық білім беруде дидактикалық жағынан дәріптелуін қажет етті.

Бұл жұмыста оқытушы оқытудың белсенді әдістерін кәсіби білім беру шарттарына сай дәріптеп, талқылау.

Құқық пәндерін оқыту тәжірибесінде оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы анықтағандай, оқытуда қолданатын белсенді әдістер жан-жал, кейбір шешімін табуы қиын мәселе есептерді шешкенде, алға қойылған мақсатқа жетуде білім алушылардың қолданатын әдістері болып табылады.

Оқыту барысында белсенді 3 әдіс байқалады: ойлау, іс-әрекет және сөйлеу, ақпарат.

Сабақ барысында оқытудың белсенді әдістерін қолдануына байланысты жоғарыда аталған әдістерін біреуі немесе бірнешеуі қолданысқа енгізілуі мүмкін.

Белсенділік деңгейі аталған 4 әдістердің қолданылуына қарай анықталады. Мысалы: дәріс сабақтарында ойлау қолданылады.(есте сақтау), практикалық сабақтарда-ойлау мен іс-әрекет, ал дискуссия сабағында- ойлау, сөйлеу және кейбір жағдайларда эмоционалды-тұлғалық қабылдау, іскери ойындарда-белсенді әдістердің барлық түрі, экскурсияда - тек қана эмоционалды- тұлғалық қабылдау.

Бұл экспериментальдық сараптама мәліметтері нәтижесінде анықталған келесі ақпарат: дәріс сабақтарында оқытылатын материалдың 20-30% ғана, әдебиеттермен өзіндік жұмыс атқарғанда -50 %, жаттағанда- 70% (қайта-қайта қайталағанда), ал (мысалы іскери ойын) кезінде ақпараттың -90%. Әдістер жеке педагогикалық дәйектеме ретінде және дәстүрлі жүйемен онтайландырып әзірлеуге болады.

Оқу процессінің тану мүмкіншілігіне ие болады: әр білім алушы белгілі бір тапсырма алғанда, топтың алға қойған мақсатына жетуге тану процессінің ролі зор. Мынадай әдістер: іскери ойын, дебат, “INSERT” келесідей міндеттерді шешеді:

- ашық сөйлесу дағдыларын белгілі нысандарға келтіру;
- өз көзқарасын ашық, әрі нақты жеткізе білу;
- күрделі жағдайлардың туындауын, оларды шешу жолдарын сараптай отырып, одан шыға білу.

Оқытудың белсенді әдістерін қолданудың бірқатар ерекшеліктері бар:

– дәстүрлі жүйемен келістіріп қолданған жағдайда оң шешім береді;

– оқу процессінде «белсенді әдістерді» жиі қолдануға болмайды;

– оқытудың белсенді әдістерін практикалық сабақтарда қолданған дұрыс, себебі әсіресе практикалық сабақтарда болашақ маман алдына қойылған тапсырманың шешімін жан-жақты ойлап табуға тырысады.

Білім алушылар оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы арнайы және жалпы кәсіби пәндерді оқытқанда, болашақ мамандығымен әлеуметтік-қоғамдық байланыстарын таниды.

Іскери ойын негізінде тұлға аралық, дағдарыс жағдайлары көрсетіледі. Ойын барысында қатысушылар бірі-бірімен диалог құрып, берілген тапсырманы шешуге тырысады. Осындай ойындар

студенттердің белсенділігін арттыруға, қызуғышылығын арттыруға, теориялық білімдерін тәжірибеде бекітуге, сонымен қатар логикалық ойлау қабілетін, өз бетімен шешімдер қабылдауына әсер етеді.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- 1 Таным теориясы деген не?
- 2 Оқу процессінің тану мүмкіншілігі деген не?

№7 тақырып.

АРНАЙЫ ПӘН БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

1. Арнайы пәнді оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер
2. Аталған авторлардың пікірлері бойынша оқыту әдісі
3. Эвристикалық әдіс
4. Сөздік әдісі
5. Әңгімелесу әдісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу–тәрбие үрдісіне енгізужолдары.2002
- 2 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегіерекшеліктері.–А., 2005
- 3 Шардарбеков Д. Қазірігі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

Әдіс (methodos) грек тілінен «жол», «тәртіп әдісі» деген мағынаны білдіреді. Әдістерді өту барысында біз мұғалімнің оқушылармен жұмыс істеуде қолданатын жүйелік тәсілдерін, білім қабілеттері мен қызығушылықтарын дамытып, білімді меңгеріп оны тәжірибеде қолдануды үйренеміз. Қазіргі уақытта дидакттардың арасында оқыту әдістерінің бірдей классификациясы жоқ. Л.Я.Лернер мен М.Н. Статкиннің ұсынған классификациясын көптеген ғалымдар дұрыс деп санайды.

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс

істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Тәсіл – оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады.

Оқыту тәсілдерінің түрлері:

- ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;
- мәселелі жағдаят тудыруға көмектесетін тәсілдер;
- оқушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер;
- жеке оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару тәсілдері.

Сонымен тәсілдер оқыту әдістерінің құрамына кіреді, әдістің жүзеге асуына көмектеседі. Оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Оқыту құралдары - білім алу, іскерлікті жасау көзі. Олар: көрнекі құралдар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, техникалық оқыту құралдары, станоктар, оқу кабинеттері, зертханалар, ЭЕМ және ТВ, нақты объектілер, өндіріс, құрылыс.

Оқыту әдістері және оларды жіктеу мәселесі. Әдістер белгілі бір негіз бойынша топтарға бөлінеді.

XIX ғасырдың 20-30 жылдарында Б.Е.Райков, К.П.Ягодовский түсіндіру, тәжірибелік, зерттеу, зертханалық әдістерін жетілдірді.

Оқушылар сөзден, кітаптан, көрнекіліктен, тәжірибелік жұмыстардан білім алады. Осыны ескеріп 20-30 жылдарда Н.М.Верзилин, Е.Я. Голант сөздік, тәжірибелік, көрнекілік әдістерін ұсынады. Қазір компьютерлік жүйелер арқылы білім алу мүмкіндігі бар.

М.А.Данилов (1899-1973), Б.П.Есипов (1899-1967) дидактикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістерді топтастырды. Олар: білім алу, іскерлік және дағдыларды қалыптастыру, білімді қолдану, шығармашылық іс-әрекет, бекіту, білім, іскерлік, дағдыларды

тексеру. Аталған авторлардың пікірлері бойынша оқыту әдісі - дидактикалық мақсатқа жету үшін оқушылардың іс-әрекетін реттеп, ұйымдастыру тәсілдері. Бұл саралауда әдістер оқытудың алдында тұрған міндеттермен сәйкестендірілген.

И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин оқыту әдістерін оқушылардың танымдық жұмыстарының түріне қарай топтастырған. Авторлар балаларға ақыл-ой жұмысының, өз бетімен білім алудың жолдарын көрсетеді.

Оқытушының басшылығымен жұмыс істейтін оқушылардың танымдық белсенділігі әртүрлі.

Проблемалық әдіс лекция барысында бақылау, кітаппен жұмыс істеуде, тәжірибе барысында, экскурсияда қолданылады. Оның арқасында оқушылардың логикалық ойлауы дамиды. Бөлшекті ізденіс әдісі оқушылардың өздік жұмысында әңгімелесуде, лекцияда, жобалау және т.б. Оқушылар ізденістің кейбір этаптарына қатыса алады. Сонымен қатар олар ғылыми – ізденіс жұмысының белгілі бөлімдерімен таныса алады.

Зерттеу әдісі оқушылар ақырын ғылыми зерттеудің принциптері мен этаптарымен меңгереді, гипотезаларды тексереді және алынған қорытындыларды бағалайды.

Кәсіби білім беруде бұл әдістер үш топта нақтыланады. Ол берілген ақпаратты меңгеруге байланысты: сөздік, көрнекілікті және тәжірибелі болады.

Әрбір топтың өзіндік ерекшеліктері болады. Технология сабағын беруде қолданылатын әдіс тәжірибе барысында өңделген.

Технология сабағында оқушылармен жұмыс істеу үшін әр топтың дидактикалық ерекшеліктерін және әдістемелік аспектісін білу керек. Ақпаратты білу және меңгеру әдістері және оларға сипаттама. Сөздік әдістер көп қолданыста болғандықтан олардың әрқайсысының қолданыстағы ерекшеліктерін айыра білу керек. Бұл әдістің басты ерекшелігі сөз арқылы берілетін тіл байлығы, мәнер, көптеген түсініктердің болуы. Технология пәнінің мұғалімі оқушыларға күрделі техникалық түсініктерді түсіндіре отырып, оған сәтті таңдалған бейнелер мен аналогтарды қолдана алады. Сөздік әдістерде кәсіби маман жетік меңгеруге міндетті бірнеше талаптар бар. Дикция, темп, оқығанда анық дауыс оқушылардың ақпаратты

қабылдауында үлкен орын алады. Анық айтылған терминдер, айтылған сөзді естіп, түсініп, ойлану үшін қолданылатын паузалар – бұның бәрі сөздік әдістің шарттары болып табылады. Дұрыс интонация, омонимдер мен омофондардың ден қойылып айтылуы, дұрыс екпін қою сөздік әдістің қойылатын талаптары. Технология пәнінің мұғалімі қолданатын сөздер оқушыларға анық, нақты мағынаны білдіру керек. Егер оқушыларға плакат не диафильмнен кадр ұсынылған болса, онда түсіндіу барысында пауза қоюдың керегі жоқ. Оқушылардың назары белгілі бір элементте болып тұрғанда олар айтылған сөзді қабылдамайды. Әңгіменің мазмұнының дұрыстығы мазмұндаушының эмоционалдығына байланысты. Әңгімелеушінің немқұрайлығы аудиторияға таралып тыңдаушыларға көшеді. Керісінше мұғалімнің өзі тақырыпты түсіндіргенде шынайы көңілмен түсіндірсе, қызықты фактілер келтіріп оқушылардың бар назарын өзіне аударса, онда оқушылардың да қызығушылықтары оянып сабаққа белсенді қатысатын болады. Оқушылардың техникалық оқулықпен жұмыс істеп өздік жұмыс жасауы оқушылардың білімін бекітудің ең тиімді әдісі болып табылады. Кітаппен жұмыс істеу бұл оқушыдан бақылау алу және оқушының өздік білім алуына көмектеседі.

Технология пәнінің мұғалімінің тәжірибесінде көрнекіліктер маңызды орын алады. Тақырыпқа байланысты затты көргенде ғана оқушыда нақты білімі қалыптасады. Көрнекілікті қолданғанда да оның қолдану әдісі болады. Мұғалім білуге міндетті ережелер:

Репродуктивтік әдіс арқылы оқушы "дайын" білімдерді есінде сақтап, кейін қатесіз айтып бергенмен, оның ақыл-ой белсенділігі төмен болады.

Эвристикалық әдіс арқылы ақыл-ой жұмысы күшейеді, оқушы білімді өзінің танымдық іс-әрекеті арқылы алады. Бұл әдіс бастауыш мектептерге де таралған. Бірақ сабақты тұрақты түрде мәселелік, эвристикалық, зерттеу әдістерімен өткізу мүмкін болабермейді.

Ю.К. Бабанский оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандыру әдістерін топтады. Ол іс-әрекет 3 бөліктен: ұйымдастыру, ынталандыру, бақылаудан тұратынын атап көрсетіп, әдістерді оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру, ынталандыру, бақылау әдістері деп бөледі.

М.И.Махмутов оқыту әдісіне сәйкес келетін оқу әдістерін іріктеген. Оқыту әдістері: а) ақпарат беру әдісі, ә) түсіндіру әдісі, б) ынталандыру әдісі, в) тәжірибелік әдіс.

Бинарлық әдістер бір-бірімен тығыз байланысты оқыту мен оқудың тәсілдерін (хабарлау, міндеттер қою, мұғалімнің тапсырма беруі, оқушылардың тыңдауы, жаттығулар орындауы, есептер шығаруы, мәтінді оқуы, т.б.) қолдануды талап етеді. Мысалы, мұғалім оқушыларға фактілер мен ережелерді хабарлайды, заттарды көрсетеді, фактілердің мәнін түсіндіреді, оларға сұрақтар қояды. Егер оны тәсілдердің арасында түсіндіру тәсілдері, дәлірек айтсақ фактілерді талдау, салыстыру, хабарлау, т.б басым болса, онда оқыту әдісін түсіндірмелі деп атауға болады. Егер негізгі тәсіл - ақпараттарды, фактілерді ұсынумен шектелсе, (мысалы: мұғалім оқушыларға ережелерді жаттауды ұсынады, бірақ ереженің мәнін түсіндірмей, оны жаттау тәсілін айтады), онда оқыту әдісі ақпараттық-хабарлау, немесе оны жай ғана хабарлама әдісі деп атайды. Осыған сәйкес бірінші жағдайда оқушылар заттарды бақылап, фактілерді есінде сақтайды, мұғалімнің түсіндіргенін тындайды және ой елегінен өткізеді, ақпараттық сұрақтарға жауап іздейді. Бұл жерде оқу әдісі репродуктивтік, дәлірек айтсақ жана ережені оқушылар дайын күйінде меңгереді (оқушылар фактілерді талдап, ережелер шығармайды). Егер оқыту әдісі хабарлау әдісі болса, оқудың негізгі тәсілі жаттау, оқушылардың үлгі бойынша жұмыс істеуі. Мұндай оқу әдісін шартты түрде орындаушылық деп атаймыз.

Сондықтан оқушының кітаппен жұмысы оқу әрекетінің тәсілі болып табылады. Егерде оқушы мәтінді талдаса, түсінгенін өз сөзімен айтса, онда кітаппен жұмыс оқу әдісі болып табылады. Егер монологтық баяндау әдісі қолданылса, онда мұғалім әңгімелейді, ғылымның дайын қорытындыларын, ережелерін, фактілерін хабарлап оқиғаларды суреттейді, іс-әрекеттің үлгілерін көрсетеді және оқушыларға тапсырмалар береді. Эвристикалық әдісті қолданғанда мәселелік деңгей (оқушылардың белсенділігі) едәуір көтеріледі, эвристикалық әңгімелерге танымдық (логикалық) есептер және проблемалық тапсырмалар қосылады. Оқушылар мұғалімнің

көмегімен "жаңалық" ашады, бірақ негізінен оқушылар өз бетімен жұмыс істейді. Зерттеу әдісін қолданғанда мұғалім оқушыларға тәжірибелік сипаттағы тапсырмалар (тәжірибе жүргізу, қосымша ақпарат, фактілерді жинап оларды өз бетімен талдау және қортындылау, өз ойын дәлелдеуге керекті материалдарды жинау, т.б) береді. Оқушылар оларды өз бетімен орындайды, бірақ бұдан мұғалімнің басшылығы керек емес деген сөз тумайды.

Сөздік әдісі мектептің барлық сатыларында қолданылып, әңгіменің сипаты, көлемі, ұзақтығы өзгереді. Әңгіме арқылы жаңа білімді хабарлау үшін оған кейбір талаптар қойылады. Олар:

- әңгіменің оқушылардың адамгершілігіне әсер етуі;
- әңгімеде дәлелді және ғылыми фактілердің болуы;
- ой пікірдің дұрыстығын дәлелдейтін жарқын және нанымды мысалдардың, фактілердің жеткіліктілігі;
- әңгіменің жүйелілігі болуы керек;
- әңгіменің әсерлілігі;
- тілінің қарапайымдылығы және түсініктілігі;
- мұғалімнің фактілер, оқиғаларға берген бағасының болуы [8].

Түсіндіру – жеке ұғым, құбылыстарды, құралдар, көрнекі құралдардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін ауызша баяндау. Мысалы, шет тілі сабағында жаңа мәтінді өтер алдында оқушыларға жаңа сөздердің мағынасы түсіндіріледі. Мұғалім оқушыларға таныс емес құралдарды немесе басқа көрнекі құралдарды сабаққа алып келіп, жаңа материалды түсіндірмес бұрын оларды оқушыларға түсіндіреді.

Түсіндіру әдісі жаңа тақырыпты түсіндіргенде жиі қолданылады, бірақ бекіту кезінде оқушылар білімді дұрыс меңгермегенде де қолданылады.

Түсіндіру әдісіне қойылатын талаптар:

- сұрақтарды дәл және анық тұжырымдау;
- себеп-салдар байланысын ашып, дәлелдер келтіру;
- салыстыру, қатар қою, ұқсату, жарқын мысалдар қолдану;
- жүйелілік.

Түсіндіру – оқыту әдісі ретінде әр жастағы балалар тобымен жұмыста кең қолданылады. Бірақ орта және жоғары сатыларда оқу материалының күрделеніп, оқушылардың ақыл-ой жұмысының

мүмкіндіктері өскенде бұл әдіс кіші жастағы оқушылармен жұмысқа қарағанда көбірек қолданылады.

Әңгімелесу – оқытудың диалогтық әдісі, мұғалім оқушыларға мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы олардың жаңа оқу материалын меңгеруіне жағдай жасап, бұрын оқылған материалдарды қалай меңгергенін тексереді. Әңгімелесу - дидактикалық әдістің ескі түрі, оны Сократ шебер түрде қолданған, сондықтан әңгімелесу әдісін Сократ әдісі деп атайды.

Оқу материалының мазмұны, оқушылардың шығармашылық танымдық қызметіне қарай дидактикалық процестегі әңгімелесу әдісінің көптеген түрлері бар. Олар: кіріспе, немесе сабақты ұйымдастыратын әңгіме, жаңа білімді қалыптастыру (сократ, эвристикалық), жинақтаушы, жүйелеуші және бекітуші әңгімелер арқылы оқушылардың іс-әрекеттің жаңа түріне, жаңа білімді тануға дайындық деңгейі анықталады.

Әңгімелесу әдісі. Оқушыны жаңа білімді алуға белсене қатыстырып, оны білім алу әдістеріне, мұғалім қойған сұрақтарға өз бетімен жауап беруге үйретеді. Эвристикалық әңгімелесу барысында мұғалім оқушылардың білімі мен тәжірибесіне сүйеніп, олардың жаңа білімді түсінуін, қорытынды жасауын жеңілдетеді. Бірлескен іс-әрекет арқылы оқушылар өздері еңбектеніп, ойланып жаңа білім алады.

Білімді жинақтайтын, бекітетін әңгіме оқушылардан теориялық білімдерін, оны қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған. Оқушы өз білімін жаңа оқу және ғылыми мәселелерді шешуге қолданады.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- 1 Арнайы пәнді оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер
- 2 Аталған авторлардың пікірлері бойынша оқыту әдісі
- 3 Эвристикалық әдіс
- 4 Сөздік әдісі
- 5 Әңгімелесу әдісі.

№8 тақырып.
АРНАЙЫ ПӘН БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

1. Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс
2. Репродуктивтік әдіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Омарбекова Ш.О.Білім беру жүйесінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. 2015.
- 2 Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. 2002
- 3 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005
- 4 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс. Бұл әдіс арқылы оқушылар ақпараттарды меңгереді. Оны басқаша ақпараттық-рецепция (қабылдау) әдісі деп атайды. Осы әдіс арқылы мұғалім дайын ақпараттарды оқушыларға түрлі құралдармен түсіндіреді, ал оқушылар ақпараттарды түсініп, естерінде сақтайды.

Оған демонстрация, лекция, әдебиетті талдау, радио және теледидар бағдарламаларын, дидактикалық машиналардың қолданылуын және т.с.с. жатады. Ол есте сақтау қабілетін шынықтырады, бірақ зерттеу жұмысын қызығушылықпен қамтамасыз етпейді және шығармашылықты дамытпайды.

Ақпараттар әңгіме, дәріс, түсіндіру, кітап, қосымша құралдар, көрнекі құралдар арқылы беріледі. Мұғалім – есептер шығарады, теоремаларды дәлелдейді, жоспар құруға үйретеді. Оқушылар - мұғалімнің іс-әрекетін қайталайды, тыңдайды, көрнекіліктеріне қарайды, заттармен жұмыс істейді, оқиды, бақылайды, жаңа оқу материалдарын бұрынғы білімдеріне қосады.

Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс арқылы адамзат жинақтаған тәжірибені аз уақыт ішінде беруге болады. Оның пайдасы ғасырлар бойы тексерілген және көп елдерде қолданылады.

Көп ғасырлар бойы білім беру үшін мұғалімнің сөзі, оқу кітаптары, жұтандау көрнекі құралдар қолданылады. Қазір ақпараттар техникалық құралдар арқылы да берілуде. Олар арқылы ғалымдармен, жазушылармен, суретшілермен, әртістермен, конструкторлармен, т.б. кездесу өткізуге болады.

Оқу кинолары, телехабарлары зат және құбылысты жақсы қабылдап, түсінуге көмектеседі. Олар арқылы өсімдіктің қалай өсетінін, ғарыштағы микроағзалардағы құбылыстарды көреді. Жұмыс істеп тұрған үлгілерді, табиғи объектілерді демонстрациялауды кең қолдану керек.

Түсіндермелі-иллюстративтік әдіс бастауыш мектептерде кең тараған. Ол арқылы білім "дайын" күйінде беріледі. Мұғалім материалды қабылдауға көмектеседі, оны оқушылар түсініп, естерінде қалдырады. Бұл әдісті шектен тыс қолдануға болмайды.

Репродуктивтік әдіс. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқушының іскерлігін және дағдыларын қалыптастырып, тапсырмалар беріп, өзі меңгерткен білімді, үйреткен іскерлік дағдыларын оқушыларға қайталатады. Оқушылар мұғалімнің есебіне ұқсас есептер шығарып, тіл сабақтарында үлгі бойынша жіктейді, септейді, жоспар құрып, мұғалімнің нұсқауымен станоктармен жұмыс істеп, химиядан, физикадан тәжірибе жасайды. Репродуктивтік әдіс мұғалімнен ұйымдастырушылық қабілетті талап етеді. Мұғалім сөздік, көрнекілік, тәжірибелік әдістер арқыл ы жаңа оқу материалын түсіндіреді, ал оқушыл ар оларды тапсырмаларды орындау үшін қолданады.

Оқушыларға берілетін нұсқаулар жетілдіріліп, жауаптары бар бағдарламаланған оқулықтар жасалуда. Оларға ауызша түсіндіру, қалай жұмыс істеуді айтумен қатар, жұмыс істеуге керек сызбалар, кинодан үзінділер көрсетіледі.

Білімнің көлемі көп болғанда репродуктивтік әдіс түсіндірмелі-иллюстративтік әдіспен бірге қолданылады. Оқушыларға алгоритм беріледі. Алгоритм - оқушыға зат не құбылысты толық білуге көмектесетін бағыт беретін іс-әрекеттердің жүйесі. Оқушыларға конспектілеудің, салыстырудың, есеп шығарудың алгоритмдері беріледі. Алгоритмдер бірнеше операциялары бар дағдыларды қалыптастыруға пайдалы, себебі күрделі іс-әрекеттен оның жеке операциялары бөлінеді.

Репродуктивтік әдіс бағдарламалық оқытумен тығыз байланысты. Ол арқылы тәжірибелік жұмыстар атқарылады. Оқушылар өз бетімен меңгере алмайтынын, олар үшін мүлдем жаңа тақырыптарды репродуктивтік әдіспен беру керек. Аталған әдісті шектен тыс қолдану жаттандылыққа әкеліп, оқушының шығармашылығын, ақыл-ойын дамытпайды. Себебі репродуктивтік әдісті қолданғанда оқушылар үлгі, нұсқау бойынша жұмыс істейді. Мәселелік әдісті қолданғанда оқушылар орындайтын іс-әрекеттен шығармашылық іс-әрекетке көшеді. Бастауыш мектептің оқушылары мәселелік міндеттерді өз бетімен шеше алмайды, сондықтан мұғалім оларға мәселені шешу жолдарын көрсетеді, мәселені толықтай өзі шешеді. Оқушылар мәселені шешпесе де, танымдық қиындықтарды шешу жолдарын көреді. Мәселелік әдістің орта және жоғары сыныптарда пайдасы көп. "Токты күшейту және әлсірету үшін, температураны көтеру және түсіру үшін не істеу керек?" - деген сұрақтар мәселелік сұрақтар.

Қиын жағдаят мәселені шешуге керекті білімдерді, ақыл-ой жұмысына қабілетті, үлкен белсенділікті талап етеді. Оны оқушылар өз беттерімен немесе мұғалім көмегімен шешеді.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- 1 Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс
- 2 Репродуктивтік әдіс.

№9 тақырып. ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ

1. Оқытудың белсенді әдістері
2. Белсенді оқыту әдістерінің жіктемесі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Ә.Қ. Мыңбаева, А.Б. Айтбаева. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.

2 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005

3 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

4 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар).

Оқытудың белсенді әдістері-оқу материалын меңгеру үдерісіндегі студенттердің танымдық іс-әрекетін арттыруға негіз болатын оқыту тәсілдері.

Белсенді оқыту әдістерінің жіктелуі:

-жартылай кәсіби іс-әрекетті модельдейтін және іскерлік, дағдыны қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық сұрақтар, іскерлік ойындар, кәсіптік жағдаятты талдау, тренинг;

-білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалықесептер, жағдаяттар, «дөңгелек үстел», эвристикалық әңгіме, «миға шабуыл», оқуікірталасы, «кейс-стади», өзіндік жұмыс. Аталған әдіс бірыңғай жоғары деңгейде оқуматериалын меңгерген, бір-бірімен іс-әрекет стилі өте ұқсас бола тұра өздерінің жекеқасиеттері: дауыс ырғағы, үндестілік, сөйлеу екіпіні, қимыл-қозғалыстары, мимикасыжәне т.б. арқылы ерекшеленетін пікірлес әріптестер арасында қолдау тапты. Оқытушы өз ассистентімен (бұл оның әріптесі, оқытушы-тәлімгер, жақсы даярланған студент те болуы мүмкін) бірлесіп дәріс оқиды.

Студенттер аталған әдістің қолданылуымен өткен сабақты жоғары бағалайтыныпрактика жүзінен көруге болады. Біріншіден, оқу материалы дайын күйінде берілмей, проблемаларды оқытушымен бірлесе шешу арқылы диалог құру нәтижесінде меңгеріледі. Сонымен қатар, көп көлемдегі ақпаратты азайтады, тек нақтылы фактілеркелтіріліп, нақтылы теориялық материал беріледі.

Екіншіден, студенттердің аяқастынан дәрістік сабаққа екінші оқытушы араласқан сәтте еріксіз түрде өз назарын бір субъектіден екінші субъектіге аударуы сияқтыпсихологиялық аспектілері өте құнды. Студенттер назары бақылау, салыстыру, оның іс-әрекетін талдауға ауады. Осылайша назарын басқаға аударудың психологиялық механизмі студенттің өз пайдасына жұмыс істей бастайды.Енді педагогиканы оқытуда жиі қолданылатын белсенді оқыту әдістерінің кейбіріне тоқталып өтейік.

«Жұптасқан дәріс» әдісі—бұл өн бойына оқу материалын репродуктивтік, проблемалық, интеграциялық, және диалогтік баяндау элементтерін жинақтаған оқыту тәсілі. Жұптасқан дәріс әдісін қолдану арқылы өткізілетін оқу сабағына даярлықты қарастырайық:

-бір проблемаға ғалымдардың әр түрлі пікірлері қалыптасқан, мазмұнында қарама-қайшылықтары бар тақырыпты таңдап алу;

-дәрісті оқу сценарийін құру (негізгі сұрақтар, көрнекі құралдарды дайындау, оқу материалын уақытқа бөлу және т.б.);

-оқу тобының сабаққа даярлық деңгейін есепке алу.

Оқытушылардың міндеті оқытылып жатқан тақырып төңірегінде пікірталас тудыру, сонымен қатар айтылған пікірлер, ұсыныстар шындыққа сай келмеуі де мүмкін, ал студенттер міндеті шындыққа жетудің тиімді жолдарын табу. Әдістің өз «артықшылығы» мен «кемшілігі» бар, соларды қарастырайық.

Әдістің «артықшылығы»:

-студенттердің танымдық іс-әрекетін арттырады;

-студенттердің эмоционалды және ынталану сезімдерін жетілдіреді;

-оқу материалын интеграциялау жүйелі ойлау мен жүйелі білімнің қалыптасуына себепкер болады.

Әдістің «кемшілігі»:

-алдын ала дайындық үшін уақыт пен арнайы жағдайларды қажет етеді.

«Пікірталасәдісі»—оқытудың сөздік әдістерінің ішінде елеулі орын алады. Оның оқыту процесіндегі ең басты қызметі-танымдық қызығушылықты ынталандыру, оқушыларды қандай да мәселе бойынша түрлі ғылыми көзқарастарды белсенді түрде талдауға қатыстыру, басқа жеке тұлғанық және өзінің көзқарастарының негіздерін түсінуге жағдай жасау. Пікір-сайыс өткізу үшін оқушылардың дайындығы, талданатын мәселе бойынша кем дегенде екі қарама-қарсы көзқарас болу керек. Білімсіз өткен пікірсайыс жүйесіз мәселеден ауытқып, нәтижесіз өтеді. Оқу пікірсайыстары оқушылардың өз ойларын анық және дәл тұжырымдау іскерлігінің болуын, дәйекті дәлелдерді құрастыра білуін талап етіп, оларды

ойлауға, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеуге, ой жарыстыруға үйретеді. Оқытушы сөз мәнерінің үлгісі болып, оқушылардың ой-пікірлерін тыңдап, оған әдепті түрде түзетулер енгізіп, өз пікірінің ақиқаттығына таласпай, соңғы сөзді айтуға құқығы бар екендігін студенттердің естеріне салуы қажет. Оқу пікірталасы негізгі, ішінара, жоғарғы оқу орындарында гуманитарлық бағыттағы пәндерінде қолданылады. Жақсы өткізілген пікірсайыс студенттерге білім және тәрбие береді, мәселені терең түсінуге, өз пікірін қорғауға, басқалардың пікірімен санасуға үйретеді. Кітаппен және оқулықтармен жұмыс–оқытудың маңызды әдісі.

«Дөңгелек үстел»-әдісі. Бұл форма қазіргі өндірістегі кәсіби қарым-қатынастың ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл әдісте ынтымақтастықпен жұмыстану және өзара көмекке келу жүзеге асырылады. Әрбір білім алушының интеллектуалдық белсенділікке құқығы бар, семинардың жалпы мақсатына бағытталған, ұжымдық шешім қабылдау және қорытындылар жасауға қатысады. Біріккен жұмыста білім алушы белсенді позицияға иеленеді. «Дөңгелек үстел» принципі, әсіресе пікірталас-семинарда толық сипатталады. «Шағын топтар» әдісі – оқу материалының жалпы сұрақтары жекелеген өзіндік сұрақтарға ажыратылатын және білім алушылар топтары арасына бөлініп берілетін, студенттер өздігінен немесе оқытушының көмегімен хабарлама әзірлейтін оқыту тәсілі. Аталған әдісті қолдану топтың ішінде жұмыс істей алу іскерліктерін дамытады, студенттердің шығармашылық қасиеттерімен қоса бастамашылықтарын, өздігінен жұмыс істей алу қабілеттерін де жетілдіре түседі.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1 Белсенді оқыту әдістерінің жіктемесі

2 Әдістің артықшылығы деген не?

№10 тақырып.
АРНАЙЫ ПӘНДІ ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА
ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

1. Арнайы пәнді жүргізу барысында қолданылатын заманауи технологиялар

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы

2 Тілдерді оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану. Алматы 2010ж

3 Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу–тәрбие үрдісіне енгізу жолдары.2002

4 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005

5 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» - деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі - бағдарламалық – техникалық кешен болып саналатын «Активті экран» болып табылады.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы - оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық - құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп,

өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін оқытушы өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет.

Сабақты сәтті ұйымдастырудағы басты мақсат – оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беру. Сабақтың сәтті өтуі біріншіден, оқытушының біліміне, іскерлігіне, тәжірибесіне байланысты болса, екіншіден, сабақ материалына, ал үшіншіден, топтың типіне, төртіншіден, оқытушы мен оқушының көңіл – күйіне де байланысты. Сабақты тартымды әрі сәтті өткізе білу оқытушылар қауымынан көп ізденуді, білімділікті, қабілеттілікті және тапқырлықты қажет етеді.

Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта облыстағы кәсіптік лицейлердің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Өзім жұмыс жасайтын лицейде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Лицейдің «Жолда жүру ережесі» кабинетінде интерактивті тақта орнатылған.

Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі – ол электронды оқулық. Электрондық оқулық - бұл дидактикалық әдіс – тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту оқытушының оқушымен жеке жұмыс істегендей болады. Электрондық оқулық тек қана оқушы үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады.

Тақтаны қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болады. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушылардың білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтаған кезде немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта тестілеу әдісін қолдануға болады. Оқушылардан бір уақытта жауап алуға мүмкіндік береді. Тестілеудің нәтижелерін құрылған график арқылы тексеріп, сол уақытта бағалауға болады. Жауап нәтижелерін бақылап және оқушылардың материалды түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы тестілеген кезде оқытушы оқушылардың білім деңгейін анықтай алады. Оқушыға тест сұрақтарына жауап беруі

үшін уақыт беріледі. Бұл жүйе тұйық оқушылардың ойын білдіріп, жалқау оқушылардың қызығушылығын арттырады. Оқушылар жауаптарын құпия түрде бере алады.

Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмақ. Жаңа ақпараттық техникаларын пайдалану соңғы уақытта лицейдегі білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Осындай ақпарат құралдарын пайдалана отырып, мен сабақ барысында оқушылардың қабілетіне, білім деңгейіне, ынтасына қарай топқа бөліп, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге, шығармашылыққа баулып, қорытынды жасауға машықтандырамын, оқушының ақыл-ойын дамытып, өзіндік дүниетанымын қалыптастырамын, сабаққа ынтасын арттырып, тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беремін. Алынған өзекті тақырыпты басшылыққа ала отыра және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары жан-жақты тұлға қалыптастыра отыра, оқушының білім сапасын көтеремін, алған білімдерін өмірмен ұштастыруға бағыт беріп оқушы кұзырлығын дамытамын. Қорытындылау кезінде тақырыпқа байланысты термин сөздерді анықтап, сөздік қорларын молайтып сабақты бекітемін. Әр тарауды өткен соң, өзіндік жұмыс, тестік тапсырмалар өткізу арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеріп, тақырыпты толық меңгере алмаған оқушылармен қосымша сабақтар жүргіземін. Тест түрлері оқушы білімін бекітуге қайталауға, жүйелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса оқытушы мен оқушылардың уақытын үнемдеуге оқу жұмысын ұйымдастыруға жағдай жасайды. Жалпы оқушылардың ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы:

1. Оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады

2. Шығармашылық қабілеттері артады.
3. Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады.
4. Оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды.
5. Компьютерлік сауатты болуға үйренеді.

Оқу процесінде, оның ішінде практикалық – теориялық сабақтарда интерактивті құралдарды қолдану оқытушының жеке тәжірибесіне, шығармашылық ізденісіне байланысты. Интерактивті құралдар оқыту формасын ұйымдастыруды түрлендіруге, дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа элементтер енгізуге мүмкіншіліктер жасайды. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Жалпы біз сөз етіп отырған инновациялық технологиялар оқу процесіне педагогикалық оқыту технологиялары болып 1970 жылдары батыстың педагогикалық әдебиеттерінен келген. Бұл – әртүрлі типтегі білім беру ұйымдарының оқу процесінде кадр даярлау, біліктілік көтеру, материалдық қамтама-сыз ету, басқару және т.б. сияқты оқытудың әртүрлі жүйесінде қолданылатын технологияны сипаттап береді. Дегенмен, осы технологияларды қазіргі жаһандану дәуіріндегі жаңашыл құралдармен байланыстыра отырып, оқу процесіне жаңа инновациялық технология ретінде енгізу – әрбір оқытушының міндеті. Әсіресе теорияны практикамен байланыстыруда негізгі ақпарат көзі болып табылатын арнайы пәндерді инновациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізу білім сапалылығын арттырып қана қоймай, білім алушының танымдық көзқарасын да кеңейтеді.

Егер оқу процесінде инновациялық технологияларды оқытудың техникалық құралдарымен біріктірсе, онда оқытушы өз еңбегінің шарттарын ең жоғары шекке жеткізумен қатар, оқушының оқу жағдайын өнімді етеді. Ол үшін оқытушы өзінің ақпараттық құзыреттілігін үнемі дамытып отыруы тиіс. Техникалық колледж оқытушысы ең алдымен оқытудың инновациялық технологиясына сәйкес техникалық құралды дұрыс таңдап алуы, сабақ жоспарын жаңа технология талаптарына сай құра білуі, тапсырмаларға сәйкес техникалық құрал қажеттілігін дұрыс жіктей алуы, сонымен қатар, өткізілген жаңа сабақтан нақты қорытынды мен нәтиже көрсете алуы тиіс.

Қазіргі кезде оқу процесінде қолданылып жүрген көптеген инновациялық технологиялардың түрлері білім берудің мемлекеттік

стандартында анықталған және арнайы бекітілген оқыту мазмұнына ешқандайда нұсқан келтірмейді, керісінше оқу пәндерінің типтік бағдарламасында көрсетілген мақсатқа оқытудың бұрыннан қалыптасқан әдістерімен өзара бірлікте қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мысалы, барлық мамандыққа ортақ «Конструкциялық материалдар технологиясы» пәні тақырыптарын оқытудың инновациялық технологиясымен байланыстырып түсіндірейік. «Домна процесі өнімі: ақ шойын құрамындағы химиялық элементтер мөлшерін анықтау және структуралық талдау» тақырыбындағы практикалық сабақ. Бұл тақырып бойынша оқушыларға алдын-ала теориялық білім толығымен жан-жақты беріледі. Теориялық сабақта – оқушының оқу және танымдық белсен-ділігін арттыратын – Б.Блум жүйесі қолданылады. Б.Блум жүйесі – білу, түсіну, талдау, қолдану, топтау және бағалау желісі бойынша жүргізіледі. Теориялық сабақ нәтижесінде шойынның өндірілуі, оның құрамындағы элементтердің пайыздық мөлшері, қасиеттері және т.б. мәліметтер білім алушы үшін әбден пысықталған, жаттанды көрсеткіш болуы тиіс. Ал енді практикалық сабақта ақ шойынның құрамындағы химиялық элементтер мөлшерін анықтау және структуралық талдау компьютерлік бағдарламада инновациялық технология ретінде жүргізіледі.

Жалпы, оқу процесінде инновациялық технологияларды қолданып, сабақ түсіндірудің маңызы өте зор және осы біліммен өндіріске барған жас маман кейінгі заманауи мүмкіндіктермен жұмыс жасау шеберліген қалыптастыра алады. Сондықтан оқу процесінде инновация қолдану – біздің басты міндетіміз болып саналады.

Ақпараттық технологияның оқытушы жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- 1 Ақпараттық қоғамның негізгі талабы
- 1 Инновациялық технология деген не?
- 2 Ақпараттық технологияның ерекшелігі.

№11 тақырып.
АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ
МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ

- 1 Модульдік оқыту технологиясының мазмұнымен таныстыру;
- 2 Модульдік оқыту технологиясының құрылымын анықтау;
- 3 Модульдік оқыту технологиясының тиімділігін анықтайтын сабақ үлгісін құрастыру;
- 4 Модульдік оқыту технологиясының білім сапасына әсері;
- 5 Модульдік оқыту технологиясы арқылы сабақты жоспарлаудың маңыздылығы

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы
- 2 Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. 2002
- 3 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005
- 4 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптастасуда. Бұл сының процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Я.А.Каменскийдің, И.Герbartтың дәстүрлі объект – субъектілері педагогикасының орнын басқасы басты, ол бала оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін өзі өзектілендірудге, өзін танығуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын жазушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер-оқытушы мен оқушының тұлғалық – бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Модульдік технологиясы оқушылардың оқу мотивациясын күшейтіп, шығармашылық ізденістерге жетелейді, бұл технология жеке оқушының білім сапасын анықтауға бағытталады. Оқушыға берілетін білімді алдын-ала модульге бөліп алып, үйрету өзінің тиімді нәтижесін береді. Модульдік оқыту 1960 жылдардың аяғына қарай АҚШ, Германия, Англия сияқты елдердің оқу үдерісіне еніп, қолданыла бастады. Білім алушының мүмкіндігіне қарай модульдік

оқытуда мәтіннің мазмұны бөліктерге бөліп беріледі. Демек, модуль – іріленген мазмұнды дидактикалық бірлік деп саналады.

Энциклопедиялық сөздіктерде *модуль (лат.)* «өлшем», «шама», «мөлшер» деген ұғымды білдіреді деп көрсетілген. Ғалымдар мен зерттеушілердің (Г.К.Нұрғалиева, А.А.Гучинский, Г.С.Кудебаева, Ю.У.Байсалов, Ю.К.Балашов, Н.Д.Никандров, т.б.) пікірлерін, анықтамаларын сараптай келе, модульдің өзіндік ерекшелігін төмендегідей түйіндеуімізге болады. Атап айтқанда, модуль арқылы білім алушылардың өздік ізденісіне жол ашылады, олар әр бөліктер бойынша ойланады, қосымша материалды пайдаланады, тұжырым, қорытынды жасайды. Бөлінген мәтіндермен жұмыс жасай отырып, оларды толықтырады, қысқартады, мазмұнға сай өзгертулер жасайды. Сөйтіп, олар оқу материалының дербес бөлік екеніне көз жеткізіп, дәстүрлі оқыту мен модуль арқылы оқытудың ерекшеліктерін танып біледі.

Мысалы:

Дәстүрлі оқыту	Модульдік оқыту
<ol style="list-style-type: none"> 1. Оқытудың мақсаты айқын емес. 2. Оқыту нәтижесі ең соңында белгілі болады. 3. Оқу мәтіндерін жалпылама барлығы толық беріледі. 4. Мұғалім негізгі тұлға, өз пікірін жоғары қояды. 5. Оқушының қызығушылығы төмен, көп белсенділік танытпайды. 6. Мәтінді түсіндіру бір сарында өтеді. Оқушы кейде жалығып, тындамайды, өзіндік ізденіске түспейді 7. Олардың білімі сабақта ғана тексеріледі. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мақсат нақты, айқын. 2. Нәтиже белгілі болғандықтан, оқушылар соған жетуге тырысады. 3. Мәтіндер бөлікке, модульге бөлініп көрсетіледі. 4. Мұғалім – бағыт беруші студент пікірін үнемі ескереді. 5. Оқушы өз пікірін білдіруге қорғауға, дәлелдеуге белсенді. 6. Әр оқушы материалды өз мүмкіндігіне сай меңгереді. Қызығу-шылық танытып, тұжырымдар, қоры-тынды пікір айтуға дайын болады. 7. Оқушы білімі әр модульден кейін тексеріліп отырады.

Модульдік оқыту берілетін білімнің оқушылардың жеке бастарының ерекшеліктеріне, іскерліктеріне, жұмыс істеу қабілетіне,

белсенділігі мен пәнге қызығушылығына бағыттауға, оқыту жүйесін оқушының жеке басының игеру қабілетімен үндестіру мәселесін іске асыруға мүмкіндік туғызады. Ең бастысы мұнда пәнді мазмұнға қарай модульге бөлу, оның мақсатын нақтылау және модульдің тексерілуі, жүйелілігі, тиімділігі, нәтиженің айқындығы, оқушының шығармашылықпен ойлауға қалыптастындығы байқалады. Модульдік оқытуды саралап, оның осындай өзіндік ерекшеліктерін көрсетуде ғалым-зерттеушілердің пікір, тұжырымдары бір арнаға тоғысады.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы, дамуын қойып отыр.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі- баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

«Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу – тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнның, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды»

Бүгінгі таңда П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктері шоғырландыру технологиясы, Д.Б.Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, В.Ф.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқында оқыту технологиясы, М.Чошановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К.Вазинаның модульді оқыту технологиясы, В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа көптеген ғалымдарың технологиялары кеңінен танымал.

Қазақстанда Ж.А.Караевтың, Ә.Жүнісбектің және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологиялар таңдауда көп нұсқулық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалідеріне, педагогтарының өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық

процесті кез-келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

2 Модульдік оқыту технологиясының құрылымы

4 Модульдік оқыту технологиясының білім сапасына әсері

5 Модульдік оқыту технологиясы арқылы сабақты жоспарлаудың маңыздылығы

№12 тақырып.

АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

1. *Проблемалы оқыту технологиясы.*

2. *Ойын технологиясы.*

Пайдаланылған әдебиеттер:

2 Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. 2002

3 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005

4 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

Проблемалы оқыту – мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды.

Проблемалық оқыту - мәні проблемалық ситуация туғызу мен оқушылардың оқу проблемасын дербес шешулері бойынша іс-әрекеттерін басқару болып табылатын оқыту түрі. Проблема деп шешілуі оқушылардан білім алу үшін белгілі әрекеттерді талап ететін есептердің, тапсырмаларын, теориялық немесе тәжірибелік мәселелердің әртүрлілігін түсінуге болады.

Проблемалық оқытудың ерекшелігі - мұнда мұғалім білімді дайын түрде баяндап бермейді, оқушылардың алдына проблемалық міндет қояды. Шешімді және шешу құралдарын оқушы өзі іздестіруі тиіс.

Проблемалық оқыту бірнеше сатыдан тұрады: проблемалық жағдайды аңғару, жағдайды талдау негізінде проблеманы тұжырымдау, болжаулар ұсынуды, оларды алмастыру және тексеруді қамтып проблеманы шешу, шешімді тексеру. Бұл процесс ойлау актісінің үш фазасымен ұқсастық бойынша өрістейді (С.Л. Рубинштейн бойынша), ол проблемалық жағдайда пайда болып, проблеманы аңғаруды, оны шешуді және соңғы ой тұжырымын қамтиды.

Проблемалық оқыту оқушылар үшін қиыншылық деңгейі бойынша әртүрлі болуы мүмкін, ол оның проблеманы шешу үшін қандай және қанша іс-әрекеттер жүзеге асырылатынына байланысты. В.А. Крутецкий оқушы мен мұғалімнің іс-әрекеттерін бөлу негізінде дәстүрлі оқытумен салыстыра отырып, оқытудың проблемалығы деңгейінің сызбасын ұсынды.

Проблемалық оқытудың негізгі психологиялық және педагогикалық мақсаттары:

- Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;

- Оқушылардың белсенді ізденіс нәтижесін де игерген білімдері мен дағдылары дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда есте тез және берік сақталады;

- Түрлі проблемаларды көріп, қойып, шеше білетін белсенді оқушы тұлғасын қалыптастыру.

Проблемалық оқытудың ең негізгі мақсаты-қазіргі заманғы ғылым жетістіктеріне сүйене отырып, продуктивтік және творчестволық оқу процесінің логикалық жолдарын баяндау. Міндеттер: мұғалімнің проблемалық оқыту процесінің ұйымдас-тыруының негізгі тәсілдері мен формаларын көрсету, оқытудың ғылымилық дәрежесін жоғарылатып, оқушылардың неғұрлым тиімді жалпы дамуына жағдай тудыру.

Проблемалық оқытудың мақсаты-ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзі де, процесінде меңгеру, оқушының

танымдық дербестігін қалыптастырып, оның творчестволық қабілеттерін дамыту.

Проблемалық оқытуда мұғалімнің түсіндіруі мен оқушылардың репродуктивтік қызметті талап ететін міндеттер мен тапсырмаларды орындауы жоққа шығарылмайды.

Ойын технологиясы.

Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын болса, оқу – тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланатын түрлі ойындар арқылы жүзеге асады.

Мақсаты– Ойын арқылы оқушылардың білім-білік, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды оқытудағы ойынның ерекшелігі:

- Ойын барысында оқушының ой-өрісі дамиды, сөйлеу қабілеті жетіледі, қарым-қатынас жасауға үйренеді, көңіл-күйі көтеріледі, оқушы жалықпайды, сөздік қоры көбейеді.

- Сабақ сапасы жақсарады, пәнге деген қызығушылығы артады, логикалық ойлай білуге ұмтылдырады, тәртіп сақтау қабілеті, есте сақтау қабілеті қалыптасады.

Ойын технологиялары

Ойын технологиясы дегеніміз – педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны.

Ойын - оқу үрдісіндегі оқытудың әр формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория.

Н. Крупская: «Бала жас болғандықтан ғана ойнамайды, балалықтың өзі оған ойнау үшін, яғни жаттығу арқылы өмірде қажетті дағдыларды игеру үшін берілген», - деген пікір айтады.

В. В. Николина жүргізген зерттеу нәтижелері негізінде ойын технологиясының бірнеше компоненттерін бөліп көрсетті, мәселен:

мотивациялық; бағдарлаушылық; мақсаттылық; құндылық-еріктік; мазмұндық-тәсілдік; бағалаушылық.

Мотивациялық компонент балалардың іс-әрекеттің мазмұнына, үрдіске деген қатынасымен байланысты олардың ойынға қатысу мотивін,

қызығушылығы мен қажеттілігін көрсетеді.

Бағалаушылық компонент балалардың оқу-танымдық іс-әрекеттің, адамгершіліктің, құндылықтың мақсатын түсініп, қабылдауымен байланысты болып келеді.

Мазмұндық-тәсілдік компонент балалардың күнделікті балабақшадағы оқытылатын оқу материалының мазмұнын меңгеруін, сонымен қатар, олардың өздерінде бұрыннан бар білімді және іс-әрекет тәсілдерін тірек ете білу қабілетін көрсетеді.

Құндылық-еріктік компоненттанымдық белсенділіктің нақты мақсатқа бағытталуын қамтамасыз ете отырып,зейінді шоғырландырады және ойынға эмоциялықөң береді

Бағалаушылық компонентойын нәтижесінің ойынның мақсатымен үйлесіп келуін қамтамасыз етеді. Яғни, баланың танымдық іс-әрекет барысында тиісті ақпараттарды(білім, іскерлік, дағды) жүйелі меңгеруі жатады.

Ойын – қызмет ретіндетөмендегіжағдайларда қолданылады:

Жеке технологияретінде;

Оқу пәнінің бөлімін,тақырыбынұғып меңгеру.; үшін;

Кең көлемді технология бөлігіретінде

Сыныптан тыс жұмыстар технологиясы

Ойындар ерекшеліктеріне қарай мына топтпрға бөлінеді:
а/оқыту, жаттығу, бақылау және қорытындылау;

в/ ескеалу,өнімділік,шығармашылық;

б/ таным, тәрбие, даму:

г/коммуникативтік,таным әдісі,кәсіпке бағдарлаужәне т.б.

Жеке тұлғаның шығармашылықәлеуетін ойын түрлері арқылы дамытудың негізгі мақсаттарытөмендегідей:

оқытушылық – оқытудыңбелгілі бір деңгейін қамтамасыз ету,өтілген материалды қорыту және бекіту;

тәрбиелік – ойын барысындадүниеге эмоциялық – құндылықтық қарым – қатынасын қалыптастыру;

дамытушылық – бітірушінің барабар әлеуметтік өзін-өзі бағалауын қалыптастыру үшін жалпы адамзаттық қабілеттерін дамыту.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Проблемалық оқытудың ерекшелігі
2. Педагогикалық ойындар технологиясы
3. Балаларды оқытудағы ойынның ерекшелігі.

№13-тақырып.

АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

1. Арнайы пәндерде интерактивтік оқыту технологиясы

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері.–А., 1991

2 Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу–тәрбие үрдісіне енгізу жолдары.2002

3 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005

4 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

5 Қабдықайырұлы Қ., Монаханов В.М. "Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы" А., 1999.

Интерактивті оқыту, ең алдымен, студент пен оқытушының қарым-қатынасын тікелей жүзеге асыратын сұхбаттасып оқыту болып табылады.

Интерактивтік оқыту – танымдық әрекетті арнаулы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын – ала болжауға болатын оқыту түрі. Осындай мақсаттардың бірі – студент өзінің жетістіктері мен интеллектуалдық белсенділігін сезетіндей, оқу барысының өнімділігін арттыратын оқытудың жинақышарттарын жасау. Интерактивтік оқытудың мәнісі аудиториядағы барлық студент таным процессімен қамтылып, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және

қарсы әрекет етуге мүмкіндік алады. Таным процессінде, оқу материалын игеруде, білім алушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр студент өзіне тән ерекше еңбегін сіңіріп, білім, идея, әрекет ету тәсілдері үздіксіз жүреді. Сонымен қатар, бұл процесс өзара қолдау және қайырымдылық атмосферасында жүреді. Яғни, жаңа білім алып қана қоймайды, танымдық процестің өзін дамытып, оны әлдеқайда жоғары топтасу мен еңбектену дәрежесіне көтереді.

Оқыту барысында кем дегенде мазмұндық (нені оқыту), процессуалдық (қандай оқыту), мотивациялық (студенттер әрекетін қалай белсенді етуге болады), және ұйымдастыру (білім алушы мен оқытушы әрекетінің құрылымын қалай жасау керек) жағын бөліп қарауға болады. Осылардың әрқайсысына бірқатар концепция сәйкес келеді.

Мазмұндық жағына – мазмұнды қарым-қатынас, оқу материалын күрделендіру, оқу пәндерін кіріктіру (интеграция), дидактикалық бірліктерді ірілендіру және т.б.

Процессуалдық жағына – бағдарлау концепциясы, проблемалық, интерактивтік оқыту т.б.

Мотивациялық оқу барысына мотивациялық қамтамасыз ету концепциясы, танымдық қызығушылық қалыптастыру, т.б.

Осы концепциялардың барлығы өз кезегінде технологиямен қамтамасыз етіледі.

Интерактивтік оқыту технологиясы мен концепциясы интеракция құбылысына негізделген. Оқыту барысында жеке тұлғалар арасында танымдық қарым -қатынас орнап, оның субъектілерінің бәрі өзара қатынасқа түседі. Әр студенттің жеке жұмысы мен оның жеке тұлғасын дамыту адамдардың бір-бірімен сөйлесу және өзара әрекеттесу барысында жүзеге асады.

Интерактивтік оқыту технологиясы мен концепциясы интеракция құбылысына негізделген. Оқыту барысында жеке тұлғалар арасында танымдық қарым-қатынас орнап, оның субъектілерінің бәрі өзара қатынасқа түседі. Әр студенттің жеке жұмысы мен оның жеке тұлғасын дамыту адамдардың бір-бірімен сөйлесу және өзара әрекеттесу барысында жүзеге асады.

Осы концепцияны жақтаушылардың ойынша, осындай ситуацияның жиі қолданылатыны және ыңғайлы түрі оқу ойындары

болып табылады. М.В.Кларин, Ю.С.Тюнников және басқалар ойындардың білім беру мүмкіндіктерін зерттеген: ойындар педагогика оқытудың (білім, білік, дағды) қолданылуын, жаттығы мен өңделуін, әркімнің мүмкіндігін ескеруді, білім деңгейі әр түрлі студенттерді ойынға тең дәрежеде қатыстыру нәтижелерін көрсететін мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ойындарда барынша эмоциялық-тұлғалық әсер ету, коммуникативті біліктілік пен дағды қалыптастыру, қарым-қатынас құндылығы сияқты мүмкіндіктер бар.

Интерактивтік оқыту технологиясы (ИОТ) деп, нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоционалдық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, студенттерге педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушыларының іс әрекетін оқу ойындары түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

Осы концепцияны жақтаушылардың ойынша, осындай ситуацияның жиі қолданылатыны және ыңғайлы түрі оқу ойындары болып табылады. М.В.Кларин, Ю.С.Тюнников және басқалар ойындардың білім беру мүмкіндіктерін зерттеген: ойындар педагогика оқытудың (білім, білік, дағды) қолданылуын, жаттығы мен өңделуін, әркімнің мүмкіндігін ескеруді, білім деңгейі әр түрлі студенттерді ойынға тең дәрежеде қатыстыру нәтижелерін көрсететін мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ойындарда барынша эмоциялық-тұлғалық әсер ету, коммуникативті біліктілік пен дағды қалыптастыру, қарым-қатынас құндылығы сияқты мүмкіндіктер бар.

Интерактивтік оқыту технологиясы (ИОТ) деп, нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоционалдық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, студенттерге педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушыларының іс әрекетін оқу ойындары түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Интерактивтік оқытудың ерекшеліктері
2. Интерактивтік оқыту технологиясының нәтижесі қандай?

№14 тақырып.

АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

1. Оқытудың дидактикалық принциптері
2. Көрнекілік принципі.
3. Жүйелік және бірізділік принципі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Есекешова М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. 2018.
- 2 Бекмағамбетова Р.Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. 2017.
- 3 Баширова Ж.Р. [ж.б.]. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.
- 4 Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.
- 5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.)(оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар).

Еңбекке баулудың дамуы процесінде оқыту процесінің жалпы нормалары қалыптасқан, оны біз оқыту принциптері (латынша *principium*-негіз, бастау) деп атаймыз. Олар оқытудың мақсатын қандай қызығушылықпен қамтамасыз етуге болатындығын анықтайды. Оқу қатысты сабағынан да көруге болады.

Оқу принциптері туралы түсінік.

Оқыту принциптерін оқытудың мазмұнын, әдістерін, ұйымдастыру формаларын анықтайтын басқару жүйесін ретінде қатыстыруға болады. Негізінен бұл дидактикалық мінез-құлық нормалары. Бұл нормаларды сақтау арқылы мұғалім оқушыларды әлем туралы жүцелік білімнің негіздерімен таныстырады, олардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін, көзқарастарын қалыптастырады. Егер оқыту мақсаты – неге оқыту керектігін анықтай болса, ал оқыту принциптері оны қалай іске асыру керектігін анықтайды. Еңбекке баулу пәнінде қолданылатын оқыту процесі ұйымдастыру нормаларын атап көрсетуге болады:

- көрнекілік принципі;
- жүйелік және бірізділік принципі;

- оқыту процесіндегі оқушылардың саналық және белсенділік беріктілік принципі;

- оқушылар білімнің беріктілік принципі

- теория мен тәжірибенің, оқудың өмірмен байланыстылық принципі;

- ғылымилық принциптері.

- оқушылар білімнің жылдамдылық принциптері.

Осы барлық басқау жүйелері бір- бірімен тығыз байланысты.

Принциптердің топтастылуы:

Көрнекілік принципі. Ян Амос Коменский өзінің «Ұлы дидактикасында» көрнекілік оқытудың «алтын ережесін» қалыптастырған. Осыған сәйкес заттардың өзін, бейнесін өзіндік қабылдау арқылы байқап, тануға болады, яғни дәлірек айтсаң: көруге болатынды – көрсету, есіте алатынды-естірту, иісті, дәмді-сезім мүшелерімен сездірту, түйсікті туғызу.

Бастауыш сынып оқушылары (7-12жас) нақты-бейнелі ойлаумен сипатталады. Оқушылар оқу процесінде материалды сөзбен түсіндіргенде емес, ал көрнекіліктерді қолданып түсіндіргенде жақсы меңгереді. Жоғары сынып оқушыларын оқыту барысында керсінше сөздік –логикалық ойлау басым болып келеді. Бұл жағдайлар технология пәнән жүргізу барысында көрнекілік принциптерімен байланысты екі маңызды дидактикалық принципті сақтауда ескерілуі қажет:

1. Іс-әрекетті тікелей зерттеу, яғни бақылауға, өлшеуге және іс-ірекеттің басқы тәжірибелік түрлеріне негізделген зерттеу. Олар оқушыларға сабақ барысында зерттелетін тақырыпты түсіну өте қажет.

2. Оқушы нақты заттар, құбылыс және процестерді зерттеу арқылы дұрыс, жүйелі білімді меңгеру үшін, оның танымдық іс-әрекетін дұрыс басқара білу керек, яғни оны сәйкес нұсқаулар жүйесімен қамтамасыз етіп, оқушының назарын оқытылатын пәнге аудару керек.

3. Психологиялық жағынан көрнекілікті заттық, бейнелік сөздік деп бөлуге болады. Заттық көрнекілік технологияда өндірістік объектілерді (көліктерді, көлік бөлшектерін, шикі заттарды және т.с.с), жұмыс тәсілдерін қабылдауды болжайды. Бейнелік көрнекілік оқу және көрнекі құралдар арқылы жүзеге асады: үлгілер және

макеттер, оқу кестелері, технолгоиялық қарталар, диапозитиптер, диафильмдер, теледидар және видео фильмдер. Сөздік көрнекілікке оқушылардан нақты көріністі тудыратын педагогтың ашық, бейнелі айқын сөзі жатады.

Жүйелік және бірізділік принципі. Іс-әрекеттің жетістігі, қойылған мақсатқа жетудегі жұмыстағы жүйелілікке байланысты. Әсіресе, бұл еңбекке баулу барысында өте маңызды. Жүйелілік принциптің негізі мынада: оқытуда оқу материалының логикасын қатан сақтағанда, оқушылар білім, білік, дағдыларды үзіліссіз меңгереді. Онда мынадай талап қойылады: жаңа материалды түсіндірместен бұрын, өткен материалға қысқаша шолу жасап, оның қаншалықты меңгерілгендігін тексеру қажет. Бұл дидактикалық ережелер сынып сабақтарын тыс сабақтарды да қамтиды. Еңбек пәнінің мұғалімі сабаққа әзірлену барысында келесідей дидактикалық ережелерді назарға алады:

1. Нақты бөлімді зерттеу барысында материалды сабақтар бойынша тарауларға бөлу қажет, және бұл «бөліктер» бірдей болуы керек.

2. Оқушылардың жаңа материалмен танысуындағы жетістіктерінің басты шарты олардың меңгерген білімдеңгейлерін анықтау және осы білімнің жүйелі түрде қолданылуын анықтау.

3. Әрбір сабақта оның мазмұнды орталығын анықтау маңызды болып келеді, соған сәйкес тәжірибелік зерттеу жүйесін, білім, дағдыны көрсетуге болады.

4. Технологияның алғашқы сабағынан бастап оқушыларды өзіндік жұмыс істеуге үйрету керек, өз білімдерін өздері толықтыратындай етіп, жағдайлар жасау керек.

Жүйелілік және бірізділік принципін дұрыс жүзеге асырумен байланысты технология мұғалімінің тағы да міндетін көрсетуге болады. Бұл принцип мұғалімнің өзінен де сабақтарға деген жүйелік дайындықты, әрбір сабақтың тақырыбын мұқият талдауды, оқыту нәтижесін объективті бақылауды, бағалауды талап етеді.

Я.А. Коменский, материалдың сәйкестігін көрнекілік секілді, табысты оқу процесінің маңызды шарты ретінде есептеу, келесі дидактикалық ережелерді көрсетеді.

1. Оқыту процесінде оқушыға не жақсы және осыған дейін таныс емес болып келген мәселеге көшу керек.

2. Оқыту процесінде жеңілден күрделіге көшіп оқыту керек.
3. Оқыту процесінде таныстан бейтанысқа көшіп оқыту керек.
4. Оқыту процесінде оқыту жылдамдығының ерешеліктерін жеке оқушының ілгері тарту мақсатын ескеру керек.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Принцип ұғымына анықтама беріңіз?
2. Оқыту принциптерінің саны күнделікті, қолданбалы болып келе ме?
3. Көрнекілік принципіне сипаттама беріңіз?
4. Жүйелік және бірізділік принципіне сипаттама беріңіз?

№15 тақырып.

АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

1. Оқыту процесіндегі оқушылардың саналылық және белсенділік принципі.
2. Оқушылар білімінің беріктілік принципі.
3. Теория мен тәжірибенің, оқытудың өмірмен байланыстылығы принципі.
4. Ғылымилық принцип.
5. Оқушылар білімінің жылдамдылық принципі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу–тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. 2002
- 2 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005
- 3 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

Оқыту процесіндегі оқушылардың саналылық және белсенділік принципі. Еңбекке баулу процесінде оқушылардың саналылық және белсенділік принципі төмендегідей бірнеше дидактикалық ережелерде атап көрсетеді.

1. Оқушылардың жекелей қызығушылықтарын, білім алу деген ынтасын дамытып, белсенді қоғам мүшесі екенін ұмытпау

2. Оқушылар алдына жағдаяттар қойып, талдай білу дағдысын, іскерлігін талап ету.

3. Оқушыларды ұжымдық жұмыс формаларына қатыстыру үшін жағдайлар жасау.

Оқушылар білімінің беріктілік принципі.

Ақпараттың ағынның дамуы, ақпараттың мазмұнның дамуы шартында «Технология» мәселесіне қатысты болашақ еңбек іс-әрекетіне дайындауда білімінің беріктілігіне деген беталыс өзгеруі мүмкін. Еңбек мұғалімінің қажетті ақпаратты тауып, ізденуге деген мақсатқа бағытталған іс-әрекеті өте маңызды. Егер оқушы алғашқы сабақтан бастап-ақ сөздік кестеге қарап отырса, ол әдетке, нормаға айналып, кейін балада құнды кәсіби дағды қалыптасатын болады.

Теория мен тәжірибенің, оқытудың өмірмен байланыстылығы принципі.

Мектеп бағдарламасына «Технология» білім бөлімінің енуі, осы принципке жаңа бағыт берді. Өйткені еңбекке баулу пәнінде сабақты теориялық және тәжірибелік деп бөлу болмайды. Теориялық материалды оқудан тәжірибелік іс-әрекетке көшуді қамтамасыз ету үшін теориялық мәліметтерді жеке сабақтарға бөледі.

Осылайша, жаңа технологиялық бағыттар (биотехнология, нанотехнология, инженерлік генетика және т.б.) қалыптасады. Мектеп бұл бағыт бойынша артта қалады. Бірақ ол өзінің түлектерін шынайы өмірге дайындап, қоғамда өз орнын табуға деген қасиетті қалыптастырып, уақытқа сәйкес келуі керек.

Ғылымилық принцип. «Технология» пәні көптеген технологиялық бағыттардың бірігуін, сәйкестігін қарастырады. Бірақ олардың барлығы мемлекеттік стандартта бекітілген, нақты технологиялық көрінісі бар өндірістік процестермен байланысты. Техникалық өлшеулер, электрлік-радио технологиялар, бағдарламалық тілдер, экономикалық терминдер-осының барлығы ғылыми бағытты қалыптасып, стандарт бойынша Халықаралық ұйымының талабына, мемлекеттік нормативке сәйкес келеді. Жоғары дәрежелі кәсіби маман ғана күрделі технологиялық жағдайды мысалмен түсіндіре отырып, оқушыға жеткізе алады. Мұндай кезде күнделікті тұрмыстық терминді қолданудан аулақ болу керек. Міне, осы

себептен технология пәні мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті мен кәсіпкерлігінің ерекшелігі политехникалық дайындықты талап етеді.

Оқушылар білімінің жылдамдылық принципі.

Оперативті білім қазіргі адамның білім алуында өте маңызды рөл атқарады. Мұнда оқушыларды өзінің бойындағы білімді қолдана білу іскерлігіне оқыту бойынша мақсатқа бағытталған іс-әрекет қажет. Бұған көбінесе жобалық іс-әрекетте қол жеткізуге болады. Оқушылар алған білімдерін саналы түрде қолдана іс-әрекетті көп жұмсауды талап етеді.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Білімнің жүйелілік және бірізділік принципіннің жүйелілік және бірізділік принципіннің мазмұнын ашып беріңіз?

2. Технология сабағына қатысты ма?

3. Оқыту процесіндегі саналылық және бірізділік принципі мен оқушылар білімінің жылдамдық принципіннің ұқсастықтары неде, салыстырыңыз?

4. Технология мұғалімі ғылымилық принципті қалай жүзеге асырады?

5. Бұл кезде қандай қиындықтар туындауы мүмкін?

№16 тақырып.

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

1. Кредиттік оқыту технологиясы

2. Қазақстандағы кредиттік оқу жүйесі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Есекешова М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. 2018.

2 Бекмағамбетова Р.Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. 2017.

3 Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқу құралы / - Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.

4 Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.

5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

Кредиттік оқыту технологиясы - білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту.

Кредиттік оқыту технологиясы - оқу бітіруші түлектер бәсекелестік қабілеттілігімен білім беру кеңістігін таңдауында оқушыға дербестік беру, оқытудың деңгейін көтеру, еңбек сұранысына бағдарланған, оқу бағдарламаларының жоспарлауын икемді ғана болуы мүмкін, әлемдік білім беру көрсеткендей қазіргі білім талаптарына сай технология болып саналады.

Техникалық және кәсіптік білімді енгізу, біздің республикамыздың жоғары оқу орындарының тәжірибесі мен халықаралық жинақтамай тәжірибенің оқып білу мүмкін емес. Солай болғандықтан, осы технология Қазақстанның жоғары оқу орындарында белсенді жұмыс еткендіктен отандық тәжірибені оқу мәнді болады, одан басқа да аймақтық жоғары оқу орындарының жинақталған тәжірибесін есепке ала отырып, консультация және әдістемелік көмек көрсету.

Кредиттік-сағаттық жүйе алғаш рет Америка Құрама Штатында пайда болған және онда әбден дамыған. Гарвард университетінің Президенті, белгілі американдық білім қайраткері Чарльз Элиот «кредит-сағат» ұғымын енгізді, 1870-1880 жж. Пәндер көлемі жүйесінің шешуін өлшеуші «кредит-сағат» болып енгізілді. 1892 жылдан бастап «кредиттік-сағаттық» жүйесінің екінші кезеңі басталды. АҚШ ұлттық білім комитеті «колледж-мектеп» топтарын жақсарту мақсатында, оқу бағдарламаларын стандарттауда «кредит» ұғымын колледждерде ғана емес, орта мектептерде де, кредиттік жүйені бағалау көлемінің мазмұны бакалаврлық бағдарламаның магистрлік және докторлық білім сатысына да таратылды.

Қазақстанда кредиттік оқу жүйесі 19 ғасырдың 90-шы жылдарының ортасынан стихиялы қалыптаса бастады. 15 тамызда 2007 жылы «Білім туралы» жаңа заң қабылданды, осы заңда «кредиттік оқыту технологиясы» ұғымы заңнамада анықталған. Осы заңның

11 бабында 9 п. білім жүйесі мәселелерінің бірі болып оқытуда жаңа технологияларды тиімді пайдалану және енгізу, сонымен қатар кредиттік, дистанциялық, ақпараттық-коммуникациялық оқыту кәсіби білімнің қоғамда және еңбек нарығында болып жатқан өзгерістер қажеттілігіне тез үйлесуге мүмкіндік туғызатыны белгілінген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын іске асыру мақсатында «кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» әзірленген және бекітілген, № 66, 22 қараша 2007 ж., осы ереже білімнің барлық деңгейі үшін құптауға лайық. Кредиттік оқыту технологиясы — бұл білім беру технологиясы, өз бетімен білім алу деңгейін көтеру және дара негізінде шығармашылық білімді меңгеру, оқу процесін және білім көлемін кредит негізінде есепке алуды, білім беруді таңдап алған траекториясын регламенттеу.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Кредиттік оқыту технологиясы
2. Қазақстандағы кредиттік оқу жүйесі

№17 тақырып.

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Кредиттік оқыту жүйесін іске асырудың жеке жұмысын ұйымдастыру

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Есекешова М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. 2018.
- 2 Бекмағамбетова Р.Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. 2017.
- 3 Омарбекова Ш.О. Білім беру жүйесінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. 2015.
- 4 Баширова Ж.Р. [ж.б.]. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.
- 5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

Кредиттік оқыту жүйесін іске асырудың жеке жұмысын ұйымдастыру болады.

Кредиттік оқыту технологиясының позитивтік жағы — оқу материалын жүйелі бақылап, сапалы меңгертіп қадағалау. Позитивтік жағын айта отырып, біз бір қатар мәселелерді шешуіміз қажет және кредиттік оқыту технологиясына ауыртпалықсыз көшуге мүмкіндік туады. Қазіргі заманның білім талабы білім беру технологиясын белсенді енгізу болады.

Кредиттік оқыту жүйесіндегі жоғары білім беру орны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандарты талаптарына сәйкес студенттердің оқу дәрежесін алуына барынша қолайлы жағдайлар жасайды. Ең алдымен жоғары оқу орны оқу жұмысын әдістеме жағынан қамтамасыз етуге жауапты. Осы мақсатта:

1. Әрбір студентті қамтамасыз ету үшін анықтамалар.
2. Әрбір пәннен студенттер мен оқытушылар үшін оқу-әдістемелік кешендер.
3. Әрбір пәннен дәрісхана жұмыстарына материалдар: лекция көшірмелері, тәжірибе және зертхана сабақ жоспарлары, оқу құрал жабдықтары.
4. Студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған материалдар: үй тапсырмалары мәтіндері, әр пәннен бақылау, тексеру сұрақтары, тақырыптық баяндамалар және курстық жұмыстар, электрондық оқу құралдары.
5. Білімді бақылауға материалдар: жазбаша бақылау жұмыстары, тестілер, емтихандық билеттер және т.б.
6. Тәжірибе жұмысы материалдары: тәжірибе жұмысын жүргізу әдістеме нұсқаулары және жоспарлары, есеп беру құжат түрлері әзірленеді.

Оқу процесінің негізгі кезеңін жоспарлауда техникалық және кәсіби білімді кредиттік оқыту жүйесіне ауысуды ұйымдастыруда, осы бағытта кемшіліктерді талдай отырып, сөзсіз қиыншылықтар тудыратынын айта кету керек:

Бірінші кезеңде кредиттік оқыту технологиясын енгізу арқылы осы салада нормативтік-құқықтық құжаттарды оқыту, қызметкерлер құрамын осы технология бойынша жұмыс істеуге үйрету, лауазымдық міндеттерді және спецификаны есепке ала отырып, кредиттік технология бойынша біліктілігін арттыру курсы әзірлеу

қажет; Екінші кезең жалпыға бірдей мемлекеттік стандартқа сәйкес әзірленген типтік оқу жоспарларын зерттеу болады. Типтік оқу жоспары оқу процесінің құрылымы мен мазмұнын регламенттейтін негізгі құжат болады (техникалық және кәсіби білім үшін кредиттік технологияның сәйкестігіне жаңа мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттарды әзірлеу қажет).

Үшінші кезеңде академиялық күнтізбені бекіту болады. Айта кету керек, академиялық күнтізбе дәстүрлі оқу процесінің кестесінен ерекшеленуі. Оның ерекшелігі академиялық күнтізбеде оқу-бақылау шаралары ғана емес, сонымен қатар мерекелік күндер де міндетті түрде көрсетілген. Студенттер шетел оқу орындарында жеке пәндерден білім алғысы келсе, олар каникул кезеңі туралы ғана ақпаратты біліп қоймай, сонымен қатар басқа да демалыс күндерін, мысалы, ұлттық мерекелерді де білулеріне байланысты.

Төртінші кезеңде оқу процесін жоспарлауда элективтік пәндер тізімдемесі (ЭПТ) қалыптасуды, барлық оқу пәндер тізбесі беріледі, білім беруге нақты бағдарламаларды таңдап алуға құрауым болып кіреді (оқушыға пәнді таңдап алуға құқық беру қажет, одан басқа, ол басқа оқу орынынан пәнді таңдап алса, кредиттер жинай алады, дұрыс білім беру кеңестігін құру үшін, барлық техникалық және кәсіби білім оқу орындары кредиттік технологияға көшуге тиісті);

Бесінші кезеңде оқушылар ұсынылған КЭТ негізінде жеке оқу жоспарын құрастырады (ЖОЖ), жеке оқу жоспары әрбір оқушының бөлек білім алу траекториясын анықтап, әдвайзер көмегімен белгіленген тәртіппен тіркеу бөлімшесінде әр оқу жылына оқушының өзімен оқу пәндеріне алдын ала жазылу бойынша қалыптасады;

Алтыншы кезеңде оқу процесіне енген барлық оқу-бақылау шараларының кешені мен бар оқу пәндерін толық көрсететін жұмыс оқу жоспарын құрастырады. Мамандықтар бойынша ЖОЖ барлық жеке жоспарлардың бірігуі болып табылады.

Қорытынды кезеңде оқу сабақтарының кестесі жасалады.

№18 тақырып.

Оқу жұмысының өлшеу көлемінің бірлігін бірыңғайлау

1. Оқу жұмысының өлшеу көлемінің бірлігін бірыңғайлау

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. 2002

2 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005

3 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

Кредит - оқушылардың оқу жұмысының өлшеу көлемінің бірлігін бірыңғайлау. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша бір академиялық сағат ұғымы барабарлық өзгерістерге ұшырайды, дәрістік, практикалық (семинарлық) сабақтар 1 байланыс сағатқа (50 минутқа) немесе студиялық оқыту 1, байланыс сағатқа (75 минутқа) немесе лабораториялық және дене тәрбиесі сабақтары 2 байланыс сағатқа (100 минутқа), сонымен қатар барлық оқу практикалар түрлері 1 байланыс сағатқа (50 минутқа), барлық педагогикалық практикалар түрлері 2 байланыс сағатқа (100 минутқа), барлық өндірістік практикалар түрлері 5 байланыс сағатқа (250 минутқа) тең.

Оқу сабақтарын оқыту белсенді шығармашылық формаларда (кейс - сатылар, тренингтер, пікірталастар, дөнгелек үстелдер, семинарлар және т.т.) өткізу керек Оқу пәні бойынша білімді бақылау формасы - емтихан болады. Білімдері көп балды әріптік жүйе бойынша бағаланды. Қорытынды аттестаттауды өткізу формасы дипломдық жұмысты қорғау немесе мемлекеттік емтихандарды тапсыру болады.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде кәсіпке бағыттау жұмысы халық шаруашылығының мамандарға деген қажеттіліктеріне байланысты шешілсе, ал қазіргі әлеуметтік-экономикалық саланың дамуы нарықтық қағидаларға негізделіп, жаңа өндірістік қатынастардың қалыптасуына әкелді. Жеке тұлғаларға кеңінен еркіндік беріліп, олардың әр түрлі кәсіп саласында кәсіпкерлікпен айналысуына жағдай жасалынды. Қоғамда және елдің сана-сезімінде болып

жатқан түбегейлі өзгерістер жастарды жаңа кезеңнің талаптарына сай бағыттауды қажет етеді. Сонымен қазіргі республика білім жүйесінің әлемдік білім кеңістігімен бірігуі, атап айтқанда кредиттік оқыту жүйесіне көшуі де кәсіптік бағыттылық мәселесін қайтадан қарауға себеп болды.

Қазіргі таңдағы жоғары оқу орнында кредиттік оқыту жұмысын ұйымдастырудағы басты міндеттердің біріне студенттердің өзіндік жұмыстарының ролі мен тиімділігін арттыру және оның кәсіби бағыттылықты дамытуға көзделуі жатады.

Студенттің оқуы - бұл оның өз қалауы бойынша өз оқуын өзі жалғастыруы емес, бұл танымдық және кәсіби мамандығында өзін өзі жүзеге асыруға және өзін өзі жетілдіруге бағытталған оқытушының жетекшілігімен басқарылатын өзіндік іс-әрекет екенін айрықша атап өту қажет .

Студенттердің өзіндік жұмысында оқытушылар мен студенттердің арасында субъект - субъектік қатынастардың дамуы –студенттердің «өздерін өздері басқару тәртібіне» көшуін, яғни оқу іс-әрекетінің барлық кезеңдеріне олардың белсенді қатысуы үшінші деңгейдегі басқару деп анықталады. Өзін өзі басқаруды адам факторының өзін өзі ұйымдастыра білу қабілеті деп қарап, оны оқу іс-әрекетінде қолдансақ, онда одан мынандай қызметтердің бөлініп шығатынын көреміз. Олар өзара бір бірімен байланысты бір мақсатқа көзделген мотивтер жүйесі, өз жұмысын өзі жоспарлау, өзін өзі ұйымдастыру (өз қызметін ұйымдастыру), өзін өзі қадағалау және өзін өзі бағалау, өзін өзі түзету.

Сонымен, кредиттік оқыту жүйесінде оқытушылар мен студенттердің кәсіптік дайындығының қазіргі мәселелері туралы ағарту жұмыстары, осы процесте тұлғаға бағдарланған білімнің орны мен қызметі, сонымен бірге олардың нарық экономикасы және Қазақстанның әлемдік білім кеңістігімен бірігу жағдайында кәсіби бағыттылықтың маңызы, оны дамыту және қалыптастыру ерекшеліктері білім саласында басты орын алады.

№19 тақырып.
КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

1. Кредиттік оқыту технологиясының теориялық ерекшеліктерінің маңызы

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Есекешова М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. 2018.
- 2 Бекмағамбетова Р.Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. 2017.
- 3 Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқу құралы / - Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.
- 4 Омарбекова Ш.О. Білім беру жүйесінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. 2015.

Қазақстанның білім жүйесі негізінен еуропалық кредиттік жүйеге /ESTS/ енуде. Еуропалық кредиттік жүйе бойынша еуропадағы Ұлыбритания, Франция, Испания, Германия, Италия, т.б. іргелі мемлекеттерде білім береді.

Республика білім беру жүйесінің кредиттік технологияға кешуіндегі басты мақсат - Қазақстан білім жүйесін әлемдік білім кеңістігімен кірігу болып табылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынып отырған кредиттік оқыту технологиясы Ережесі Болон декларациясының негізгі ұстанымдарын басшылыққа алып жасалынған.

Оқытудың кредиттік технологиясындағы оқыту күрделі педагогикалық процесс. Педагогикалық процесс ретінде оқыту мына әдіснамалық тұғырларды, теорияларды және идеяларды және өзіндік алгоритмді басшылыққа алуы керек. Әдіснама деген ұғым - ғылымтанымдық іс-әрекеттерді құрудың ұстанымдары, формалары мен амалдары туралы ілім. Оқытушы оқыту процесін жүзеге асыру барысында ғылыми ізденістің бағытына сай екі бағытты ұстануы қажет. Бірінші- іргелес ғылымдар саласының мүмкіншіліктері, негізгі керекті тұжырымдар талданып алынады. Кредиттік оқыту

технологиясы тек төмендегі теорияларды басшылыққа алғанда ғана жемісті нәтижеге жету мүмкін деп есептейміз:

- | | |
|---|--|
| Оқытуды дараландыру теориясы; | Педагогикалық антропология теориясы |
| • Креативтік теория немесе креативтік педагогика; | • Шығармашылық негізде өзін-өзі дамыту теориясы; |
| • Біліктілікті арттыру теориясы, | • Адаптивтік педагогика; |
| • Педагогикалық акмеология; | • Педагогикалық конфликтология; |
| • Андрогогика; | • Тестілеу теориясы; |
| • Антропология; | • Дидактикалық бірліктерді ірілендіру |
| • Қолдау көрсету педагогикасы; | • Оқыту әдістері теориясы; |
| • Білім беру ортасы педагогикасы; | • Оқыту технологиясы; |
| • Жобалау педагогикасы; | • Рейтинг теориясы; |
| • Жеке тұлғалық - бағдарлық теориясы; | • Педагогикалық системология; |
| • Педагогикалық технология; | • Білім сапасы тұралы теориясы; |
| • Педагогикалық аксиология теориясы; | • Оқытуды алгоритмдеу теориясы; |
| • Педагогикалық праксиология теориясы; | • Кәсіби біліктілікті арттыру теориясы; |
| • Педагогикалық психология теориясы; | • Педагогикалық антропология теориясы |

Оқыту теориялары оқытудың кейбір жақтарын, белгілері мен ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдайды, оларды мазмұндық жақтарына қарай топтастырып және жүйлеп, оқыту процесінің жалпы белгілері және ерекшеліктерін айқындайды. Кредиттік технологиясын енгізу барысында, осы уақытқа дейін қолданылып келген классикалық жүйені жоққа шығару теріс пікір болып есептеледі. Бүгінгі таңда, кеңестік дәуіріндегі білім жүйесін барлық әлем мойындап отыр. Алайда қоғамның, ғылыми-техникалық прогрестің, жаңа озық технологиялардың жедел дамуына байланысты, оқытудың басты идеясы өзгерді.

Олар:

- Оқуға үйрету немесе білімді өз бетімен іздену арқылы таба білу идеясы;
- Білім беру ортасының ашық болу идеясы;
- Шығармашылық идеясы;
- Білім беру байланысының оң болуының басымдық идеясы;
- Білім берудің интегративтігі идеясы.

№20 тақырып.
КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЖОЛДАРЫ

1. Кредиттік оқыту жүйесін ұйымдастыру жолдары

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу–тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. 2002

2 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005

3 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006.

Жоғары оқу орнында оқыту үрдісінде кредиттік жүйені енгізудің негізгі мақсаты жастарға білім беру жұмысын жетілдіру болып табылады. «Кредит» ұғымының ешқандай қаржылық мазмұны жоқ, аталған ұғым жоғарғы оқу орындарында оқылатын әрбір пәннің еңбексыйымдылығын мөлшерлеу және студенттің оқу жұмысын өлшеу үшін қолданылады. Еңбексыйымдылық аудиториялық сабақтарда және студенттің өздік білім алуында белгілі бір оқу жұмысын орындауға жұмсалатын уақытты сипаттайтын көрсеткіш ретінде қабылданады. Оқу кредиті пәнді оқып үйренуге қажетті еңбектің жұмсалыуының бірлігі болып саналады. Кредиттік оқу жүйесінің оңтайлы деп табылған құрылымын біз мына түрде көре аламыз.

1. Оқыту жұмысын ұйымдастыруға профильдік тұрғыдан келу. Жоғары оқу орнындарында көптеген мамандықтар бойынша бірнеше бакалавр бағыттарына сәйкес мамандар дайындалады. Әр мамандықтың оқу бағдарламасының әр түрлілігі абитуриенттің мамандықты дұрыс таңдай алуына қиындық туғызады. Сондықтан, бірінші курсқа студентті қабылдағанда мамандық немесе бакалавр бағытына сәйкес емес профильдік тұрғыдан келуді іске асырған жөн деп есептейміз. Профильдік оқу бір немесе екі жыл болуы мүмкін. Осы уақыт ішінде студенттер іргелі базалық білім беретін пәндерді меңгереді. Профильдік оқу кезінде студент болашақ мамандығын саналы түрде түпкілікті таңдай алады. Белгілі бір профильдегі

студенттер тобынан бакалавр бағыттары айқындалады. Осы бакалавр бағыттары бойынша магистр және мамандарды дайындайтын оқу бағдарламасы жасалады. Профильдік дайындықтан өткен студенттер мамандық алу мақсатында өзі оқып жүрген немесе еліміздің кез-келген оқу орындарында білімін жалғастыра алады.

2. Оқу үрдісін ұйымдастырудың сызықтық емес түрлерін қолдану. Профильдік оқу үрдісі кезінде студенттің ары қарай теориялық және практикалық білімін жетілдіру мақсатында негізгі білім алу кезеңіне өтер алдында пәндерді таңдап алу мәселесіне ерекше назар аудару керек. Өйткені таңдап алған пәндер студенттің келешек таңдаған мамандығын меңгеру үрдісіне әсер етеді. Аталған оқу бағдарламалары оқытудың вариативтік принципін іске асырады. Студент немесе магистрант өзінің мүмкіншілігіне сәйкес бағдарламамен жұмыс істейді. Бұл оқытудың оңтайлы білім алу траекторияларының болуын қамтамасыз етеді.

3. Оқу процесін модульдік түрде ұйымдастыру. Оқыту үрдісін кредиттік жүйеде ұйымдастыру оқытуды модуль әдіспен іске асырудың артықшылығын дәлелдеп отыр.

Модульдік оқыту кезінде құрылымы және мазмұны өзара байланысқан тақырыптар жекелей топталады және әрбір осындай топтарға балл түрінде рейтингтер тағайындалады. Осы баллдардың мөлшеріне сәйкес әрбір модуль кредит санымен өлшенеді.

Студент модульдағы оқу материалдарын меңгере алса соған сәйкес кредит жинай алады. Модульдік пәнаралық байланыс принципін ескіріп сәйкес құрса оның дидактикалық мәні күрт артты еді. Егер белгілі бір мамандық бойынша аталған пәндер қатар жүретін болса, интеграциялап оқыту іске асады және бұл жағдайда пәндердің оқу материалдарын студенттер жеке дара емес бір-бірімен байланыстыра меңгеріп еді. Жоғары оқу орындарындағы оқу пәндерін интеграциялап оқыту бірнеше мақсатты көздейді: студенттердің оқып үйренуге қажетті оқу материалдары ықшамдалады; қоршаған орта туралы білімдер жүйесінің тұтастығы нәтижесінде оқу үрдісінің тиімділігі артады және оқу үрдісінің жандануына бірден бір себеп болатын оң педагогикалық-психологиялық атмосфера орнайды.

4. Оқу процесінің нәтижелерін тексеру әдістерін жетілдіру. Оқушы жастардың білімін, шеберлігін және дағдыларын тексеру біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің аса маңызды құрамдас бөлігі болып

табылады. Оқушы немесе студент білімін объективті түрде бағалау арқылы тұлғаның өзін-өзі және қоршаған ортасын сиялай білуін, өз орнын табуын, өзінің іс-әрекетіне сын көзбен қарауды, ұжымда он психологиялық ахуал тудыруды, білім алуға деген ынтасының күшеюін қаматмасыз етеді. «Тәлімгердің білім сапасын тексеру арқылы оның белгілі бір оқу материалын меңгерудегі жетістіктері мен кемшіліктерін сынап отырып бағалауды, сойтіп оның оқу жұмысын жүйелі және жүйелілікпен қайта құруын іске асырады. Сөйтіп жеке тұлғаның білім сапасын тексеру үрдісі онда жоспарлы жұмыс істеу, жауапкершілік, тәртіптілік, саналылық, алға ұмтылушылық, нәтижелілік сияқты қасиеттерді тәрбиелейді».

Білім алушы тұлғаның білімін бағалау жүйесін жетілдіру жалпы оқу үрдісінің жағдайын жақсартуға тікелей әсер ететіні белгілі. В.С.Аванесов бұл мәселеге қатысты былай дейді: «Әлемде білім беру жүйесін реформалау мақсатында жасалған көптеген жұмыстардың қомақты нәтижелер бермеу себебінің негізгісі аталған реформалардың білімді бақылау және бағалау жүйесінің жетілмеуі болып табылады» .

№21 тақырып.

КРЕДИТТІК ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ КЕМШІЛІКТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.Кредиттік оқыту технологиясының кемшіліктері мен ерекшеліктері

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Есекешова М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. 2018.
- 2 Бекмағамбетова Р.Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. 2017.
- 3 Омарбекова Ш.О. Білім беру жүйесінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. 2015.
- 4 Баширова Ж.Р. [ж.б.]. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.
- 5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.)(оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

Кредиттік оқыту технологиясы оқытудың бағытсыз жүйесі—оқу процесінің ұйымдастыру тәсілін белгілейтін оқушыларға белгіленген шегінің (кұрауыш қалауы және оқытудың қосымша түрлері бойынша) білім беру процесінің жеке жоспарлау мүмкіндігі болады. Қатаң жүйеде, белгіленген көлемде, оқыту логикасына сәйкес, белгіленген мерзімде білімдік кәсіптік бағдарлама пәндерін оқушыларға оқытатындығын бағытты оқыту жүйесі жобалайды.

Біздің республикамыздың жоғары оқу орындарында кредиттік жүйені енгізуде шетел мемлекеттерінің тәжірибесі мен халықаралық тәжірибенің маңызы өте зор. Солай болғандықтан, осы технология Қазақстанның жоғары оқу орындарында белсенді жұмыс еткендіктен отандық тәжірибені оқу мәнді болады, одан басқа да аймақтық жоғары оқу орындарының жинақталған тәжірибесін есепке ала отырып, консультация және әдістемелік көмек көрсету қажет. Қазақстан Республикасында кредиттік оқу жүйесі 19 ғасырдың 90-шы жылдарының ортасынан біртіндеп қалыптаса бастады. Елімізде 2007 жылы 15 тамызда «Білім туралы» жаңа заң қабылданды. Осы заңның 11 бабында білім жүйесі мәселелерінің бірі болып оқытуда жаңа технологияларды тиімді пайдалану және енгізу, сонымен қатар кредиттік, дистанциялық, ақпараттық-коммуникациялық оқыту кәсіби білімнің қоғамда және еңбек нарығында болып жатқан өзгерістер қажеттілігіне тез үйлесуге мүмкіндік туғызатыны атап көрсетілген. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын іске асыру мақсатында №66-шы «кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» әзірленген және бекітілген. Кредиттік оқыту технологиясы — бұл білім беру технологиясы, өз бетімен білім алу деңгейін көтеру және дара негізінде шығармашылық білімді меңгеру, оқу процесін және білім көлемін кредит негізінде есепке алуды, білім беруді таңдап алған траекториясын регламенттеу болып табылады.

Кредиттік оқыту жүйесі бойынша бір академиялық сағат ұғымы барабарлық өзгерістерге ұшырайды, дәрістік, практикалық (семинарлық) сабақтар 1 байланыс сағатқа (50 минутқа) немесе студиялық оқыту 1, байланыс сағатқа (75 минутқа) немесе лабораториялық және дене тәрбиесі сабақтары 2 байланыс сағатқа (100 минутқа), сонымен қатар барлық оқу практикалар түрлері 1 байланыс сағатқа (50 минутқа), барлық педагогикалық практикалар

түрлері 2 байланыс сағатқа (100 минутқа), барлық өндірістік практикалар түрлері 5 байланыс сағатқа (250 минутқа) тең.

Оқушы (студент) өзінің білім беру бағдарламасын тәлімгер – кеңесші (эдвайзер) – көп тәжіребесі бар оқытушы арқылы жасайды. Оқу пәндерін меңгеруге көмек көрсету үшін тьюторлар (оқытушылар) ұсынылады. Тьютордың міндеті – оқушының (студенттің) оқу әрекетінің барысын қадағалау және оқушыға (студентке) өтілген оқудың барынша толық көлемде оқытушыға кері қайтаруы. Яғни, 15 апта бойы өтілген сабақты меңгеріп, оқытушыға айтып беру, сондай-ақ кредитін өтеп беру болып табылады. Топтық консультациялар өткізу (оқу процесінің ішінде). Оқу процесін іске асыру үшін оқытушының және оқушының әр пән бойынша формалар мен құралдары, баспа және электрондық түрде курсты бейнелейтін, оқушылардың (СӨЖ) өз бетімен игеру деңгейін бақылайтын, олардың өткізу мерзімі мен мазмұнын көрсететін оқу-әдістемелік кешені болуы қажет. Студенттің өздік жұмысының жоғары тиімділігін қамтамасыз ету үшін, мазмұны мен оларды өткізу мерзімі көрсетілген оқушының басшылығымен студенттердің өздік жұмысын қабылдайды Анықтамалық – жолсілтемеге келесі міндеттер енгізіледі:

Студенттің құқығы мен міндеті; Оқу кезеңіндегі жұмыс жоспары;

GRA орта балынан есеп айырысу әдістемесі;

Қорытынды мемлекеттік аттестаттауға қойылатын талаптар.

Оқу пәні бойынша оқу әдістемелік кешені мыналардан тұрады: Әр пән бойынша силабус – бағдарламаларды оқытудан;

Практикалық (семинарлық) сабақтардың жоспарынан;

Студенттің өзіндік жұмысы бойынша тапсырмаларынан; Студенттің оқытушы басшылығымен орындалатын өзіндік жұмысы бойынша тапсырмаларынан;

Және тағы басқалардан тұрады.

Оқу сабақтарын оқыту белсенді шығармашылық формаларда (кейс-сатылар, тренингтер, пікірталастар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және т.т.) өткізу керек. Оқу пәні бойынша білімді бақылау формасы – емтихан болады.

Білімдері көп балды әріптік жүйе бойынша бағаланады.

Қорытынды аттестаттауды өткізу

формасы дипломдық жұмысты қорғау немесе мемлекеттік емтихандарды тапсыру болады. Оқу процесінің негізгі кезеңін жоспарлауда техникалық және кәсіби білімді кредиттік оқыту жүйесіне ауысуды ұйымдастыруда, осы бағытта кемшіліктерді талдай отырып, сөзсіз қиыншылықтар туындайтынын айта кету керек:

Кредиттік оқыту жүйесінің жақсы жақтарымен қатар, кемшіліктері де бар:

– білім беру стандарттарын орнатуда мемлекеттің реттеушілік рөлі аздап кемиді;

– барлық кредиттік жүйелерде студентке шектен тыс еркіндіктің берілуі;

Алайда, аналитикалық талдаудан алынған деректер нәтижесінде кредиттік оқыту жүйесінің беретін мүмкіндіктерінің төмендегідей артықшылықтары даусыз:

Кредиттер жүйесінің (мысалы, ECTS) ендірілуі әртүрлі елдердің білім беру жүйелерін бір-бірлеріне ашық етуге мүмкіндік берді.

– Кредиттік жүйе студенттерге олардың оқуын шетелде академиялық танылуына кепілдеме береді.

Сол арқылы студенттің басқа оқу орнының толыққанды оқу курстарына және академиялық өміріне қолы жетеді. Кредиттік оқыту технологиясының басты қағидаттарының бірі – оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру, яғни мотивация туғызу. Сондықтан оқыту процесіндегі басты тұлға ретінде-оқытушы өзінің позициясын төмендетуге тиісті емес. Кредиттік технологиясының негізгі ерекшеліктері - студенттердің жекелей оқу жоспарын құруында болып отыр. Студенттің жекелей оқу жоспары дегеніміз - эдвайзер көмегімен әр оқу жылына берілген форма бойынша әрбір жеке оқушының білім траекториясын анықтауы.

№22 тақырып. ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

1. Дамыта оқыту технологиясының мақсаты
2. Дамыта оқыту технологиясының маңызы

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Есекешова М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. 2018.
- 2 Бекмағамбетова Р.Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. 2017.
- 3 Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқу құралы / - Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.
- 4 Баширова Ж.Р. [ж.б.]. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.
- 5 Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.
- 6 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

Дамыта оқыту технологиясы – оқушының алған білімін өзіндік ойлаумен ұштастыратын бірден-бір әдіс. Бұл технологияларды қолдану көркем шығармалардың мәтіні арқылы сөздің мағыналық – қисындық құрылымына назар аударуды қажет етеді. Әдеби мәтіндердің көркемдік – тілдік ерекшеліктерін ажыратуға негіз болады. Көркем туындының мазмұнын түсініп, оны талдау барысында проблемалық сұрақтарға жауап беруді қамтамасыз етеді. Дамыту технологиясы әдебиетті оқытуда оқушыны жан-жақты ізденуге, өзіндік ой-тұжырымдарын жасай алуға, сонымен қатар, тұтас көркемдік талдау жасауды үйретеді.

Дамыта оқыту технологиясы – оқушының оқу, білім алу процесінде жан- жақты дамуын оқытудың басты мақсаты ретінде қабылдайды.

Дамыта оқыту идеясын әдіскер ғалым В:В Давыдов ұсынған. Даму дегенде оқушының ойлауы, табандылығы, зейіні, оқу дағдысы мен іскерлігі тағы басқа да қабілеттерін дамытуды айтамыз.

Оқушының ойлауы дамуының маңызды шарты – оқушыда ойлау мәдениетінің болуы. Сондықтан оқу процесі оқушылардың анализ-

деу, синтездеу, себеп – салдар байланыстарын табу, жалпылау, қорытынды жасау, түрлерге бөлу, салыстыру – сияқты интеллектуалдық дағдыларын дамытуы тиіс.

«Дамыта оқыту» деген термин психология ғылымының қойнауында туып, баланың дамуын қарастырған (Ж.Пиаже), ойлаудың әртүрлі деңгейін, типтерін (Л.В.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн) және басқа да психиканың функциясын зерттеген (Б.Г.Ананьев, Г.С.Костюк, А.А.Люблинская, Н.А.Менчинская) және т.б.іс-әрекет теориясының психологиясын жасаған (А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин) еңбектерінде жан-жақты талданды. Нәтижеде дамыта оқыту проблемасына арналған екі іргелі эксперимент жасалып, оның бірін Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, ал екіншісін Л.В.Занков басқарады.

Кейінгі жылдары дамыта оқыту психология мен педагогика ғылымдарының келелі мәселесіне айналды. Жүйенің авторлары «дамыта оқыту деп – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» атайды. Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы, яғни жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептейді. Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау.

Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылды. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді.

Дәстүрлі оқыту әдістемесі негізінде метафизикалық (сандық, мазмұндық) әдіснама, ал дамыта оқыту технологиясының негізінде диалектикалық (интенсивті, сапалық, мәнділік) әдіснамасы жатыр деп айтуға болады. Дәстүрлі оқыту балада білім, білік, дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп, сол ақылға дайын білімді құю керек деген көзқарасқа, ал дамыта оқыту бала бойындағы табиғи қабілеттерді, ойлауды, жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын принциптерге негізделген. Дәстүрлі оқыту жаттауға, есте сақтауға, ал дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

Біріншіден – дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

Екіншіден – дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

Төртіншіден – дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Сол себепті дәстүрлі жүйедегі әміршілдік стиль бұл жерде тиімсіз, оқушы – “орындаушы”, «мұғалімнің тасасындағы» объект емес.

Оқу – адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады.

«Даму» ұғымы сөздікте «... мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы,»-деп түсіндіріледі.

«Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы-жаңарту процесі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны береді. Барлық табиғат құбылыстары сияқты бала психикасы да үнемі диалектикалық жолмен дамып, өзгеріп, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отырады.

Оқыту мен дамыту арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылыми жеткілікті дәрежеде дәлелдеп берді деп айтуға болады. Бұл мәселені түбегейлі зерттеп, бала дамуындағы оқытудың рөлін, алар орнын анықтаған көрнекті психолог Л.С. Выготский.

Ол дамуды оқытумен тең, керісінше оқу мен даму екі бөлек процесс деген көзқарастарды қатты сынға алды. Ең алғаш рет бала дамуының төмендегідей екі аймағы болатындығы жайлы теория ұсынды.

1. Бала дамуының жақын аймағы – баланың тек үлкендердің көмегі арқылы атқара алатын істері.

2. Бала дамуының қол жеткен аймағы – баланың үлкендердің көмегінсіз істей алатын істері.

Баланың дамуы бірінші аймақты меңгеру арқылы жүзеге асады. Дамудың қол жеткен аймағы жақын аймақпен өзара қызметтесе отырып, оны игерген кезде дамуға өріс ашылады.

И.Я.Лернер «даму» деген ұғымды педагогикалық заңдылықтарға негіздей отырып, адамның әртүрлі қиындықтардағы мәселелерді шеше білуге дайындығы деп түсіндіреді. Мұндай анықтама интеллектуалдық іс-әрекетті жоғары орынға шығарады. Мәселе қаншалықты күрделі болса, оны шешуге жұмсалатын ақыл-ой қызметі де соншалықты кең, аумақты, демек даму деңгейі де жоғары болады.

Л.В.Занков ақыл-ой қызметінің төмендегідей көрсеткіштері дамуды іске асырады деп есептейді. Олар байқампаздық, өз ойын еркін жеткізе білу, практикалық іс-әрекеттер атқара білу.

В.В.Давыдов ақыл-ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысын есептейді.

Тұтас алғанда барлық авторлардың даму туралы ойлары оқыту барысында баланың психикасының жаңа сапалық деңгейге көтерілуі дегенге келіп саяды және оның басты шарты ретінде әрекет алынады.

Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

№23 тақырып.
ДАМЫТА ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Дамыта оқытуды ұйымдастыру

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Есекешова М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. 2018.
- 2 Бекмағамбетова Р.Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. 2017.
- 3 Баширова Ж.Р. [ж.б.]. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.
- 4 Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.
- 5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.)(оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар).

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

«Дамыта оқыту» деген термин психология ғылымының қойнауында туып, баланың дамуын қарастырған (Ж.Пиаже), ойлаудың әртүрлі деңгейін, типтерін (Л.В.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн) және басқа да психиканың функциясын зерттеген (Б.Г.Ананьев, Г.С.Костюк, А.А.Люблинская, Н.А.Менчинская) және т.б.іс-әрекет теориясының психологиясын жасаған (А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин) еңбектерінде жан-жақты талданды. Нәтижеде дамыта оқыту проблемасына арналған екі іргелі эксперимент жасалып, оның бірін Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, ал екіншісін Л.В.Занков басқарады.

Кейінгі жылдары дамыта оқыту психология мен педагогика ғылымдарының келелі мәселесіне айналды. Жүйенің авторлары « дамыта оқыту деп – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» атайды.

Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы, яғни жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептейді. Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау.

Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылды. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді. Дәстүрлі және дамыта оқыту жүйелерінің негізгі белгілерінің салыстырмалы сипаттамасы:

- Педагогикалық процесінің компоненттері;
- Мазмұнындағы басымдылық;
- Дәстүрлі иллюстрациялық түсіндірме әдісі;
- Дамыту оқыту.

Мақсаты: Оқушыларда білім, білік, дағды қалыптастыру. Байқампаздығын, ойлауын, практикалық әрекетін дамыту.

Бастапқы мазмұн: Факторлар, мысалдар, тақырыптар, дәлел-дер, Зандылықтарды, теорияларды, ұғымдарды, ережелерді қорыту

Оқытудың формалары: Жеке, топтық, фронтальді Бірлескен ұжымдық іс-әрекет

Оқыту әдістері: Ауызша түсіндіру, көрнекілік, практикалық, проблемелық баяндау, ізденушілік, зерттеушілік, ойлау .

Бақылау, бағалау: Оқытудың нәтижесін мұғалімнің бақылауы, бағалауы. Өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, рефлексия.

Дәстүрлі оқыту әдістемесі негізінде метафизикалық (сандық, мазмұндық) әдіснама, ал дамыта оқыту технологиясының негізінде диалектикалық (интенсивті, сапалық, мәнділік) әдіснамасы жатыр деп айтуға болады. Дәстүрлі оқыту балада білім, білік, дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп, сол ақылға дайын білімді құю керек деген көзқарасқа, ал дамыта оқыту бала бойындағы табиғи қабілеттерді, ойлауды, жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын принциптерге негізделген. Дәстүрлі оқыту жаттауға, есте сақтауға, ал дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл – үшеуі дамыта оқытудың Д.Б.Элконин – В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Мұндай көзқарасты ұлы Абай да уағыздап кеткендігіне тоқталған жөн. Қоршаған ортаның шындығын мойындай отырып, Абай ақыл мен сана еңбек барысында қалыптасатындығын айтады. Ол адамның ішкі сезімді қуаттарын біртұтас етіп алады. Оның он жетінші сөзіндегі қайрат, ақыл, жүректің сөз таластыруында тек бірлесіп ынтымақтасқан жағдайда ғана күш алатын үш түрлі жан құбылысын әдеби-публицистикалық тұрғыдан көрсеткенін байқаймыз. Бұдан бұл мәселенің ұлттық психологиямыз бен философиямызда да ежелден көтеріліп келе жатқандығын көруге болады.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

Біріншіден – дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы

сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

Екіншіден – дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. "Жақсы оқушы", "Жаман оқушы" ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

Төртіншіден – дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Сол себепті дәстүрлі жүйедегі әміршілдік стиль бұл жерде тиімсіз, оқушы – "орындаушы", "мұғалімнің тасасындағы" объект емес. Ол өз пікірін ашық айта, ойын дәлелдей, дәйектей алатын, сонымен қатар басқаның да ойын тыңдап, көзқарасын құрметтей білуге үйренген жаңа сападағы

Қазіргі таңда оқыту үрдісіне қойылатын талаптардың өзгеруіне байланысты оқыту технологиялары негізінен қолданылуда. Оқу үрдісіндегі оқыту технологиялары дегеніміз қойылған мақсаттарға және күтілетін нәтижеге тиімді жету жолдарын қамтамасыз ететін оқу бағдарламаларында қамтылған білім мазмұнын меңгертудің жүйеленген формалары, әдіс – тәсілдері.

Бастауыш білім беру деңгейінде қолданылатын оқыту технологиялары төмендегі негізгі талаптарға сәйкес болуы керек.

Оқу үрдісінде білім алушылардың өздерін еркін сезінуіне жағдай туғызу.

Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, күтілетін нәтижелерге жетуге талаптандыру.

Жеке басдамытуға бағытталған әдіс – тәсілдерді қолдану.

Өз бетімен жұмыс істеп, шешім қабылдауға мүмкіндіктер туғызу.

Аталған талаптардың бәріне жауап бере алатын технология ретінде дамыта оқыту технологиясын таңдадым. Жалпы «дамыту», «даму» терминдеріне баланың белгілі мөлшерден шығып, саналы іс - әрекет сатыға ауысуы деп анықтама беріледі. Дамыта оқыту

технологиясын көрнекті ғалымдар Л.С. Выготский, М.Я. Лернер, Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин толық зерттеп, дәлелдеген.

В.В. Давыдов «Дамыта оқыту дегеніміз – ақыл – ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысы» - дейді. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға деген ынтасы артып, білім алуда әрекет жасайды.

№24 тақырып. ДАМЫТА ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ САБАҚТАРДЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

1. Дамыта оқыту жүйесіндегі сабақтардың типологиясы

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Есекешова М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. 2018.
- 2 Бекмағамбетова Р.Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. 2017.
3. Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқуқұралы / - Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.
- 4 Омарбекова Ш.О. Білім беру жүйесінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. 2015.
- 5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.)(оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар).

Дамыта оқыту жүйесіндегі сабақтардың типологиясы:

- оқу міндетін қою сабағы;
- модельдеу сабағы;
- түсінікті нақтылау сабағы;
- нақтылау сабағы;
- бағалау сабағы.

Оқу мақсаттарының нақты қойылуы.

Оны шешудің жолын бірге қарастыру.

Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл үшеуі – дамыта оқытудың Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде ғана болады. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын дәлелдей білуге үйретіліп, әр оқушыға өз ойын, өз пікірін айтуға мүмкіндік беріледі.

Дамыта оқыту белгілері:

1. Педагогикадағы түсіндірмелі - иллюстративті әдісі алмастырады. Бұл әдіс тұлға дамуы – тығыз байланыста.

2. Дамытудың барлық заңдылықтарын ескереді, жеке бастың өзіндік деңгейі мен ерекшелігіне сәйкестендіріледі.

3. Балаға іс - әрекеттің толыққанды субъектісі болып табылады.

4. Балаға қоршаған ортамен өзара қатынасқа түсетін дербес субъект рөлі беріледі.

5. Тұлғаның барлық қасиетін тұтас дамытуға негізделген.

6. Баланың жақын даму аймағында жүзеге асады.

Аталған сабақ түрлері оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға өз септігін тигізеді. Заман талабына сай 12 жылдық орта білім беру мазмұны Стандартпен анықталатын келесідей түйінді құзыреттіліктер ретіндегі білім беру нәтижелеріне әрбір білім алушының қол жеткізуіне бағытталған:

- проблемалардың шешімін табу

- ақпараттық

- коммуникативтік құзыреттіліктер

Құзыреттілік – оқушылардың іс -әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі деп Қазақстан республикасы Жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттың жобасында анықтама берілген.

Олай болса, бастауыш сыныптардан бастап дамыта оқыту технологиясын оқушының түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағыттай жұмыс істеу талап етіліп отыр.

Оқушы құзыреттіліктерін мүмкіндік беру саласы:

Проблеманы шешу

Ақпараттық

Коммуникативтік

Түрлі жағдайларда проблеманы анықтауға, шешім қабылдауға
Өз әрекетіне мақсат қоюға

- өзін - өзі бағалауға өз әрекетін басқамен салыстыруға
- қойылған міндетке сәйкес әдістерін таңдауға
- сыни тұрғыдан ұсынылған ақпараттар негізінде шешім қабылдауға
- ақпараттардаы өзбетімен табуға, талдауға, іріктеуге, түрлендіруге, тасымалдауға
- коммуникациялық технологияларды қолдануға
- ақпаратты өңдеп, қолдануға
- қазақ және басқа тілдердегі жазбаша коммуникация түрлерін қолдануға
- тілдік қатынастық стилдерімен жанрларын қолдануға
- әдептілік нормаларына сәйкес пікір білдіруге
- басқа мәдениет өкілдерімен, түрлі көзқарастағы адамдармен сұхбат жүргізіп, шиеленіскен ахуалды шешуге мүмкіндік береді.

Оқушының құзыреттіліктерін қалыптастырудағы дамыта оқыту технологиясының қолданыс табуын төмендегідей көрсетуге болады.

Оқу мәтінін қою сабағында

I. Табыс ситуациясын тудыру кезеңінде оқушылар өз жетістіктеріне көз жеткізеді, яғни білетіндері сараланады. Осы кезеңде оқушылардың ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту көрініс береді.

II. Интеллектуалдық шиеленіс кезеңінде оқушылардың ізденіс зерттеу әрекеттерін ұйымдастыруда салыстырады, топтардың жауаптары тыңдалып, шешімдері тыңдалады. Осылайша сабақ мақсатын оқушылар өздері айтады. Бұл кезеңде оқушылар алдарына қойылған проблемаларды анықтап, топтың шешімі арқылы мақсат қояды. Яғни, проблеманы шешу құзыреттіліктері қалыптасады.

III. Оқу міндетін қою кезеңінде жеткіліксіз білімдерін өздері меңгереді. Оқулықтан тиісті ақпаратты тауып, қажеттісін сызба арқылы береді.

IV. Оқу міндетін шешу амалдарын іздестіруде практикалық жұмыстарды топ өздері орындайды, қиындықтарды анықтап, шешімін айтады.

V. Қорытынды рефлексия кезеңінде әр топ, әр оқушы өз түсінігіне талдау жасап, өмірде қолданылу аясын айтады. Келесі сабаққа міндет белгілейді.

Осылайша, дамыта оқыту бойынша сабақ кезеңдерінде: оқушылар сабақтың мақсат, міндетін өздері анықтайды; проблеманы шешу жолын іздестіреді; жаңаны өздері табады; ақылдасады, кеңеседі.

Аталған әрекеттері арқылы әр оқушының проблеманы шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасады. Құзыреттілік қалыптастырудың келесі міндеті әр сабақтың өмірлік жағдайлармен байланыстылығы. Бұл орайда құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағдарланған тапсырмалар қолданылады.

№25 тақырып. ДАМЫТА ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША САБАҚТАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЭТАПТАРЫ

1. Дамыта оқыту жүйесі бойынша сабақтарды даярлау және өткізу этаптары

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқу құралы / - Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.

2 Омарбекова Ш.О. Білім беру жүйесінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. 2015.

3 Баширова Ж.Р. [ж.б.]. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.

4 Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.

Дамыта оқыту жүйесі бойынша сабақтарды даярлау және өткізу этаптары:

I. Әдістемелік іс - әрекет жағдайында мақсат пен міндеттерді меңгеруі

Сабақтың мазмұны

Оқу жағдайын ескеру

Әдістемелік тәсілдерді қолдану

II. Келесі сабақтың моделін жоспарлау

Сабақтың негізгі мақсаттарын анықтау (аралық міндеттер мен шешу жолдары)

Сабақтың әр этапындағы оқушының негізгі әрекет түрлерін анықтау

Оқушы әрекетін ұйымдастыру әдіс – тәсілдерін таңдау.

III. Сабақты жүргізу.

Әр сабақтағы баланың іс - әрекетін ұйымдастыру

Оқушымен жанама қарым – қатынас

Жұмыс барысын бақылау жұмысы

IV. Рефлексия (Сабақтың қорытынды бағасы)

Қойылған мақсатқа жету

Тақырып бойынша өзгерістер енгізу

Оқыту нәтижесіне талдау (жетістіктер мен кемшіліктер)

Дамыта оқытуда мұғалімнің басты міндеті:

Оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, жалпы іс - әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру арқылы өз іс – тәжірибесінде қалай қолданады?

1) Оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау, дара тұлғалық адамгершілік нормаларын меңгерту.

2) Оқу барысында баланың бойындағы дамытуды қалыптастыруды дағдыға айналдыру.

3) Оқу мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.

4) Сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.

5) Оқушының сезіміне әсер етіп, логикалық ойын дамыту.

6) Жалпы оқушының жан дүниесін дамыту.

Қорыта келгенде, дамыта оқыту технологиясы оқушы құзыреттілігін дамытуда аса маңызы бар технология.

Протасова Галина Васильевна, дарынды балаларға арналған «Восток» дамыта оқытудың мамандандырылған ғылыми-зерттеу орталық-мектеп-кешенінің директоры. Білімі жоғары. Педагогика-

лық институттың тарих-филология факультетін орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген.

1970 жылдан еңбек жолын бастайды. Жеті жылдан кейін мектеп басшысы болып ауысады. Осы кезеңде үш рет аудандық Кеңестің депутаты болып сайланды. Екі шақыруда халыққа білім беру және мәдениет комиссиясын басқарды. 1986 жылы Өскемен қаласында облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының директоры болып тағайындалып, бұл міндетін 14 жыл бойы атқарды. 1987 жылдан бастап облыстық әйелдер Кеңесін басқарады. Облыс білім беру жүйесінде жүргізген ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстары үшін «Қаз.ССР халыққа білім беру ісінің үздігі» белгісімен, екі құрмет грамотасымен, сондай-ақ дарынды балалармен жұмыста қол жеткен табыстары үшін грамотамен марапатталған. 25 жылдан астам уақыт жоғары санатты мұғалім, «Мұғалім-әдіскер» атағына ие.

2001 жылы «Восток» дамыта оқытудың Аймақтық ғылыми-зерттеу орталығының директоры болып тағайындалды. Бұл орталыққа облыс Әкімінің 24.01.2005ж. №65 қаулысымен 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап дарынды балаларға арналған «Восток» дамыта оқытудың мамандандырылған ғылыми-зерттеу орталық-мектеп-кешені мәртебесі берілген болатын. Осында еңбек еткен жылдары «Қазақстанда дамыта білім беру: теориялық және практикалық зерттеу тәжірибесі» атты монография шығарылды (2003ж.), қазақ,орыс тілінде тәрбие беретін балабақшаларға арнап мектепке дейінгі білім берудің екі бағдарламасын әзірледі (2003ж.).

Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқытудың білім беру технологиясы. Дамыта оқыту технологиясының негізіне әрекеттік әдіс жатады. Бұл әдіс 12 жылдық жалпы орта білім берудің Концепциясында көрсетілген. Дамыта оқытудың негізгі әдісі болып оқу іс-әрекеті табылады, оның әрбір жас сатысына қарай өзіне тән түрлері болады: бастапқы білім беру сатысында – ұжымдық-бөлу, негізгіде – жобалық, жоғары мектепте – жекелей. Дамыта оқытуда бала өзін-өзі өзгертетін субъект болып қалыптаса отырып, өзінің қабілеттерін толығымен ашып, көрсете алады, өйткені нақты жүйе білім алу үшін қажетті құралды - оқи білу мүмкіндігін береді.

1. Оқыту мен тәрбиелеудің психология-педагогикалық шарттары, олардың арасында педагогтың жеке тұлғасы, оқытудың

дифференциациясы, бала тұлғасын дамыту үшін ұсынылатын мүмкіндіктердің әртүрлілігі, мектепке дейінгі балалар мен мектеп оқушыларының сабақтан тыс әрекеттерінің өсуі ерекше көрінеді.

Қабілетті және дарынды балалармен жұмыс стратегиясын құру бойынша педагогтар әрекеттерін ғылыми-әдістемелік қолдау зертхана мамандарының педагогтарға көмек ретінде әдістемелік материалдар мен төмендегі мәселелер бойынша теориялық және практикалық семинар материалдарын жасау арқылы жүзеге асырылады:

- дарынды балалардың танымдық және тұлғалық даму ерекшеліктері;
- дарындылықтарды дамытудың психологиялық және педагогикалық шарттары;
- қабілетті және дарынды балаларды оқытудағы тұлғалық-бағдарлы әдістемелік сапалы және санды өзгерту стратегиясын іске асыру;
- балалардың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін дифференциациялау және жекешелендіру;
- мектепке дейінгі балалар мен оқушылардың креативтіліктерін дамыту;
- қабілетті және дарынды балалар үшін жекелей білім беру бағыттарын жасау;
- балалардың зерттеулік біліктерін дамытудағы жас ерекшеліктер мен заңдылықтар;
- мектепке дейінгі және мектептегі білім беру сатысында зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру және іске асыру ерекшеліктері.

2005 жылы Орталықта «Дамыта оқыту жағдайында дарындылықты дамыту» атты ғылыми-практикалық конференция өткізілді,

Дамыта оқыту жүйесіндегі қойылатын сұрақтар проблемалы, ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей етіп беріледі. Оқушы да ондай сұраққа өз ойын, өз пікірін білдіре жауап беруге дағдыланады.

Дәстүрлі оқытуды салыстырмалы түрде сипаттай кетсек, дәстүрлі сабақтарда мұғалімнің міндеттері, атқарар істері үшін теңіз. Ол тыңдайды, сұрақ қояды, жазады, түсіндіреді, көрсетеді, тексереді, бағалайды. Оған кедергі келтірмей тып-тыныш тындау керек. Ендігі жағдай басқаша. Мұғалім – ақылды, бірақ барлығын өзі айтып бере салмайды. Ол өз пәнін жетік біледі, Бірақ өз білімімен

таңқалдыруға тырыспайды. Мұғалім мәселе қояды, ойлаудың жолдарын ашады, әрекеттің барысына бағдар береді, жетектейді. Осылайша оқушы қоғам, ғылым шешіп қойған, бірақ ол үшін жаңа болып табылатын проблеманы шешуге кіріседі.

Оқу әрекетімен айналысады. Үлгі бойынша білім алуға үйренген баланың шығармашылық қабілеті шектеліп, табиғи мүмкіндігі жойылады. Ал әр сабақ сайын ізденуге үйренген бала, кез-келген проблеманы тез шешуге үйренеді.

Қорыта айтқанда дәстүрлі оқыту әдістемесі сандық, мазмұндық, ал дамыта оқыту технологиясы негізінен сапалық, мәнділік әдіснамасы деп айтуға болады.

Дәстүрлі оқыту балаға білім, білік дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп, сол ақылға дайын білімді құю керек деген көзқарасқа, ал дамыта оқыту бала бойындағы табиғи қабілеттерді жаңа белестерге көтеруге мақсат тұтатын принциптерге негізделген.

Дәстүрлі оқыту жаттауға, есте сақтауға, ал дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді.

Дамыта оқыту идеясын алғашқылардың бірі болып 1959-1960 жылдары қолға алған академик Л.В. Занковтың басшылығымен жасалған. Бұл жүйе дәстүрлі оқытудан төмендегі ерекшеліктерімен, өзгешіліктерімен айқындалады.

- Оқу мазмұнындағы өзгешеліктер;
- Масаттағы айырмашылықтар
- Дидактикалық принциптердегі өзгешеліктер;
- Әдіс-тәсілдердегі ерекшеліктер;
- Оқытуды өзгеше ұйымдастыру;
- Мұғалім еңбегінің нәтижелілігін анықтаудың жаңа көрсеткіштері;
- Мұғалім мен оқушы арасындағы жаңаша қарым-қатынас.

Л.В. Занков жүйесіне сәйкес бастауыш мектептің негізгі мақсаты баланы жалпы оқытып дамыту. Ал жалпыдаму деп байқампаздығын, ойлауын дамыту және практикалық іс-әрекеттерін меңгеру қабылданады. Сондай-ақ ақыл, ерік-жігері, сезімдерінің дамуы алынады. Занков жүйесіндегі ерекше тоқталуды қажет ететін кейбір принциптердің мәнін ашайық.

№26 тақырып.

ЖОҒАРЫ ҚИЫНДЫҚТА ОҚЫТУ ПРИНЦИПІ

1. Жоғары қиындықта оқыту принципі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. – Алматы, 2003.

2 Өстеміров К Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары.-А.: 2007.

3 Мұхамбетжанова С.Т., Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.

Бұл қағида баланың қиындатылған тапсырмаларды орындауға мүмкіндігінің бар екеніне көз жеткізеді.

Шведтік нейробиолог Холгер Хиден өз зерттеулерінде баланың миындағы клеткалардың бір-бірімен байланыстыратын талшықтар (нейрондар) тек ойлау әрекеті болған жерде ғана молайып, жиелей түсетіндігін, сондықтан өте жас кезде баланың миын жұмыс істеуге ынталандырып отыру керектігіне назар аударады. Белсенді ой қызметінсіз клеткалар бай талшықтар құрай алмайтындығын, содан барып олардың қызметі төмендеп бара-бара жойылатындығына көзімізді жеткізеді. Ғылымда белгілі себептермен аңдар арасында қалып қалған балалардың қайта адам қалпына келе алмауына басты себеп осы болар.

Дамыта оқыту жүйесінің авторлары бала ойлауын абстрактіден қарапайымға қайта жетелейді. Мысалы: «А» әріпін өткенде алманы көрсете тұрып, оның не екенін, дәмі, түрі, формасы қандай екенін сұрағаннан гөрі, ол туралы не білетінін, не айта алатынын сұрап білудің баланы дамыту үшін тиімділігі зор екенін айтады. Бұл принципте жеңіл-желпі тапсырмалар орнына, баланың тапқырлығын зерделілігін дамытатын шығармашылық тапсырмалар орындау үлкен нәтиже береді.

Дамыта оқыту жүйесінің маңызды принциптерінің бірі – теориялық білімнің жетекші ролі принципі. Бұл теорияда оқыту барысында қарапайым бақылаулар, зерттеулер жасау арқылы өмір заңдылықтарына көздерін жеткізу, қорытынды жасауға дағдылан-

дыру. Заттар мен құбылыстардың тек сыртқы қасиеттері ғана емес ішкі байланыстарын заңдылықтарын меңгеру, олардың танымын тереңдететіндігі анықталады. Мысалы, жыл мезгілдері туралы сөз өткенде, біз ешқашан жасыл болып жайқалып тұрған ағаш жапырақтарының күз түсе сарғайып, ал қыста мүлдем түсіп қалатындығын неге байланысты екендігіне тоқталамыз. Қоршаған орта мен өмір заңдылықтарына көздерін жеткізіп қорытынды жасауға дағдыландырамыз.

№27 тақырып.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ КОМПОНЕНТТЕРІ

1. Педагогикалық процестің компоненттері

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. – Алматы, 2003.

2 Өстеміров К Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары.-А.: 2007.

3 Мұхамбетжанова С.Т., Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.

Педагогикалық процесінің компоненттері:

Мазмұнындағы басымдылық

Дәстүрлі иллюстрациялық түсіндірме әдісі

Дамыту оқыту

Мақсат

Оқушыларда білім, білік, дағды қалыптастыру

Байқампаздығын, ойлауын, практикалық әрекетін дамыту

Бастапқы мазмұн

Факторлар, мысалдар, тақырыптар, дәлелдер

Заңдылықтарды, теорияларды, ұғымдарды, ережелерді қорыту

Оқытудың формалары

Жеке, топтық, фронтальді

Бірлескен ұжымдық іс-әрекет

Оқыту әдістері

Ауызша түсіндіру, көрнекілік, практикалық
Проблемелық баяндау, ізденушілік, зерттеушілік, ойлау
Бақылау, бағалау

Оқытудың нәтижесін мұғалімнің бақылауы, бағалауы

Өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, рефлексия

Дәстүрлі оқыту әдістемесі негізінде метафизикалық (сандық, мазмұндық) әдіснама, ал дамыта оқыту технологиясының негізінде диалектикалық (интенсивті, сапалық, мәнділік) әдіснамасы жатыр деп айтуға болады. Дәстүрлі оқыту балада білім, білік, дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп, сол ақылға дайын білімді құю керек деген көзқарасқа, ал дамыта оқыту бала бойындағы табиғи қабілеттерді, ойлауды, жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын принциптерге негізделген. Дәстүрлі оқыту жаттауға, есте сақтауға, ал дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл – үшеуі дамыта оқытудың Д.Б.Элконин – В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Мұндай көзқарасты ұлы Абай да уағыздап кеткендігіне тоқталған жөн. Қоршаған ортаның шындығын мойындай отырып, Абай ақыл мен сана еңбек барысында қалыптасатындығын айтады. Ол адамның ішкі сезімді қуаттарын

біртұтас етіп алады. Оның он жетінші сөзіндегі қайрат, ақыл, жүректің сөз таластыруында тек бірлесіп ынтымақтасқан жағдайда ғана күш алатын үш түрлі жан құбылысын әдеби-публицистикалық тұрғыдан көрсеткенін байқаймыз. Бұдан бұл мәселенің ұлттық психологиямыз бен философиямызда да ежелден көтеріліп келе жатқандығын көруге болады.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

Біріншіден – дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

Екіншіден – дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. "Жақсы оқушы", "Жаман оқушы" ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

Төртіншіден – дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Сол себепті дәстүрлі жүйедегі әміршілдік стиль бұл жерде тиімсіз, оқушы – "орындаушы", "мұғалімнің тасасындағы" объект емес. Ол өз пікірін ашық айта, ойын дәлелдей, дәйектей алатын, сонымен қатар басқаның да ойын тыңдап, көзқарасын құрметтей білуге үйренген жаңа сападағы тұлға болып табылады.

Дамыта оқыту. Дамытаоқытуды 1950 жылдың аяғынан бастап Л.В.Занков (1901-1977) және Эльконин (1904-1984) зерттей бастады.

Дамыта оқыту оқушыны оқу пәндерін оқып үйренуден теориялық ойды дамытатын оқу іс-әрекетіне көшіреді (Эльконин-Давыдов). Ол оқушыны жан-жақты дамыту міндетін қойды. (ЛүВ.Занков).

Осы міндетті шешу үшін білім мазмұнын түбірлі өзгертуге мақсаты қойылған жоқ (Л.В.Занков).

Психологтар оқу процесіне оқушының іс-әрекетін енгізу керектігі,оның маңызындәлелдейді. Дамытаоқу арқылы оқушыға берілетін білім бұрынғыдай репродуктивтік жолмен емес, керісінше арнайы ұйымдастырылатын баланың жан-жақты "теориялық" іс-әрекеті арқылы берілетін болды.

Дамыта оқытудың екі жүйесінің де оқу бағдарламалары, оқулықтары бар, олар Ресей мектептерінде кең қолданылуда. Көбіне бастауыш мектепте қолданылады. Дамыта оқыту принциптері орта және жоғарысыныптарға әлі кең түрде енгізілмей отыр.

"Жақын даму аймағы" көрнекті кеңес психологы Л.А.Выготский (1896-1934! Оқыту мен дамудың байланысын (О-Д) зерттеп, егер оқыту баланың өзекті даму аймағында жүрсе, онда ол баланы дамытпайды дейді.

Өзекті даму аймағы – баланың өз бетімен істей алатын жұмыстары. Ал ересектермен ынтымақтаса істей алатыны-жақын даму аймағы. Мысалы, баланың сөйлеу алуы-актуальды даму аймағы. Бұл жерде даму жүрмейді. Сондықтан бала мектепке келген бірінші күннен бастап"жақын даму аймағында", дәлірек айтсақ, баланың жазба тілін қалыптастыруға кірісу керек. Ол үшін алдымен жеңіл тапсырмалар беріледі. Мысалы, Ш.Амонашвили және оның мұғалімдері әріптермен сөздерді белгілеуге Д.Б.Эльконин жасаған шартты белгілерді қолданады. Тақтаға сөйлем және оның астына шартты белгісі жазылады.

"Жақын даму аймағында" жұмыс істейтін В.Ф.Шаталов әлі өтпеген ережелермен оқушыларға есеп шығартады. Е.Ильин оқушыларға мұғалімнің өзі біржақты жауап бере алмайтын сұрақтар қояды.

Сонымен жақын даму аймағы баланың ақыл-рй жұмысы басталар тұсы. Мұғалім мұнда тапсырма, әдістемелік нұсқау береді, ізденуге бағыттайды, ізденістің бағдарламасын береді. Мұғалімнің жақын даму аймағындағы жұмысының тиімділігінің көрсеткіші-әр оқушының мұғалімнің көмегін алуға әзір тұруы.

Дамыта оқытудың мұғалім жақын даму аймағында жұмыс істеу керек. Ол оқушыға ақпараттар беруші, ынталандырушы, бейне туғызушы, баланың кемшіліктері мен табысына назар аударушы, себебі әр оқушының өзінің "жақын даму аймағы" бар, онда жалпы тәсілмен жұмыс істеуге болмайды.

№28 тақырып.

АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫНЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

1. Арнайы пәндерді оқыту тұжырымдамаларының дидактикалық принциптері

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Есекешова М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. 2018.
- 2 Бекмағамбетова Р.Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. 2017.
- 3 Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқуқұралы / - Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.
- 4 Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.
- 5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар).

Арнайы пәндерді оқыту тұжырымдамаларының дидактикалық принциптері:

- Оқытуды түсінуге қиын етіп жүргізу;
- Теориялық білімнің жетекші рөлі. Теорияны құрғақ жаттамай, ондағы мәнді байланыстырады, заңдылықтарды ашу;
- Оқушының ізденуі. Мұғалімнің өзінің түсіндіруі – дамудың қауіпті жауы;
- Оқу процесін оқушылардың сезуі. Оқушы өзін оқу іс-әрекетінің субъектісімен деп сезінеді. Материал қайткенде есінде жақсы оқалады, жаңа не нәрсе білдім, менің дүние туралы түсінігім қалай өзгерді, мен өзім қалай өзгердім деген сұрақтарға жауап береді;

• Барлық оқушыларды дамыту үшін жүйелі түрде жұмыс істеу. Қабілетке қарай бөлуге жол берілмейді. Бала басқа балалармен ынтамақта дамиды.

Бұл принциптер Б.Тұрғынбаеваның зерттеуінде толығырақ түсіндірілген.

Л.В.Занков өз экспериментінде оқушылардың психологиясын зерттеу әдістерін кең қолданды.

Дамуда оқыту жетекші рөл атқаратынын, ол балаға жанама түрде әсер ететін, баланың ішкі жан сарайының ерекшелігі оқытудың оған өтуіне жол беретінін, оқыту тиімділігінің көрсеткіші, мақсаты жалпы баланы дамыту екенін іс жүзінде дәлелдейді.

Занков жүйесінің басты міндеті-баланың жалпы психикасын дамыту еді. Оған ақыл, ой, ерік-жігер сезім енді. Осыларды дамыту білім, іскерлік дағдыларды түсініп, есте сақтаудың сенімді негізгі деп саналды. Оның түсінігінде бала өзінің қызығатын нәрсесі, талап-тілегі бар, мектепке тек білім алу үшін ғана емес, бақытты өмір сүру үшін келетін тұлға. Олай болса, мақсат-баланың барлық адамдық қасиеттерін дамыту. Ең маңыздысы, бала бойындағы жағымды сезімдерді жоғалтып алмау. Сондықтан дамыта оқытуды қолданған мұғалім оқушыдан бағдарламадан тыс оқыған кітабынан түсінгенін сұрайды. Себебі Л.В.Занков түсінігінде бала өзінің білетінін басқаларға жеткізіп үйренеді.

Л.В.Занков жүйесіндегі бастауыштағы білім мазмұны бай. Ғылым, әдебиет, өнер туындыларынан білім беріледі. Оқу жоспарында география, жаратылыстану бар. Орыс тілі, оқу кітабы, математика, еңбек, эстетикалық бағыттағы пәндерінің мазмұны толықтырылған. Оқушыларды дамытатын дұрыс жазуға дағдылану, санау, оқу, бейнелеу өнері, өнер шығармаларымен жұмыс, қолмен жұмыс істеуге үйрену. Л.В.Занков жүйесінде экскурсия кезінде алынатын білімнің үлес салмағы көп.

Бала сабақта өзінің өмірден көрген-білгенін айтып, оны жолдастарымен бірге талқылап отырады. Қарам-өайшы білімдер ойды дамытады. Мұғалімнің жұмыс стилі сыныптағы нақты жағдайға байланысты өзгереді. Мұғалімнің сұрағы мен тапсырмалары біржақты жауаппен шектелмей, оқушының өз көзқарасын айтуға, өз бағасын беруге итермелейді.

Занков жүйесінде оқытуды ұйымдастырудың жетекші нысаны-сабақ. Тек сабақтың дәстүрлі құрылымы өзгереді. Сабақ оқушылардың түсінігіне қиын буюлып келеді Осыған сәйкес сабақ жаңа материалды оқудан басталу мүмкін. Дәстүрлі оқытуда уақыттың көбінде мұғалім сөйлейді. Дамыта оқытуда мұғалім баланың өз ойын, өз бақлауларын, танымын айтуына жағдай жасайды. Сыныптағы "тәртіп" ұғымы өзгереді. Оқушылар жұмыс барысында шулайды, күледі, бір-бірімен әзілдеседі.

Оқытудың ұйымдастырудың маңызды нысаны-экскурсия. Таным негізі тек кітап, мұғалім сөзі ғана емес, қоршаған орта, материалдық мәдениет.Л.В.Занков түсінігінде даму адамның өзін-өзі көрсетуінсіз, өз пікірін, бағасын білдірусіз мүмкін емес.Оның жүйесімен қорытынды шығарғанда баланыңбайқампаздығына, ойлау барысына, тәжірибелік іс-әрекетіне, сезіміне, ерік-жігеріне, қажеттіліктеріне жақсы мен жаманға көзқарасына, олардың қаншалықты деңгейде дамығандығына баса назар аударылады.

Сонымен сабақ үлгерімі жалпы дамумен ұштастырылады. Оқушы бағдарламаны өте жақсы меңгермесе де, оқуға деген ынтасы пайда болып, сынып ұжымымен байланысы жақсарса, дүние туралы түсінігі, онымен қатынасы өзгерсе, онда оқыту өте тиімді (пайдалы) жүрген деп бағаланады.

Дәстүрлі оқытуда баға басты рөл атқарады. Л.В.Занков сыныптарында балаларға баға қойылмайды. Баға жазба жұмыстарының қорытындылары бойынша шығарылады. Нәтижесінде балалар кім "озат", кім "үлгермеуші" екенін білмейді. Л.В.Занковтың дидактикалық жүйесінде шынайы жағымды эмоциялар көп, мұғалім мен оқушылар арасында татулық бар.

Баланы жалпы дамытатын жаңа мәселелерді (сұрақтарды) талдау, жолдасының көзқарасымен келісу немесе оған күдіктене қарау, өз пікірі дұрыс болмаса бас тарту. Ақыл-ой іс-әрекетінің алуан түрін орындайтын кезінде бала қиындықты жеңіп, табысына қуанады, қанағаттанады. Баға қойылмауы сыныпта жақсы жағдай туғызады. Сонымен Л.В.Занков жүйесі бойынша оқыту баланың дамуын анағұрлым тездететінін көрсетті, балалар-сыншыл.

Бастауыштан орта сыныптарға өткенде қиындық болады. Дамыта оқыту рефлексияға қабілеттілік сияқты бағалы сапаны қалыптастырады. Рефлексия – өзінің психикалық жағдай туралы

ойлануы, өзінің толғаныстыратын талдай білуге бейімділік. Бала өзінің ммінез-кұлқын, жүріс-тұрысын реттеп отырады.Л.В.Занков оқушыларының ерекшелігі ақыл-ой жұмысына құштарлықтары. Бала өз бетімен білім алуға ұмтылады. Білімді өз бетімен білім алуға ұмтылады. Білімді өз бетімен алу көңілге жақсы сезім ұялатады. Өзін жақсы көру достық, өмірді сүю сияқты қасиеттердің негізі.

Енді дамыта оқытуды дәстүрлі оқытумен салыстырайық:

Дәстүрлі оқыту жүйесі

1. Мақсат: білім беру, іскерлікке үйрету, дағдыландыру. Оқушыны қоғамда жұмыс істеуге әзірлеу. Оқыту жеке тұлғаны тікелей, стихмялы түрде дамытады.

1. Баланың өзінің жеке басын дамыту үшін өзінің сөзі мен ісіне талдау жасауы, өз жұмысын жоспарлауы, өз бетімен білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеуге үйренуі, жақсы болуға ұмтылуы: " Оқушы мектепке барып мұғалімнің айтқанын екі етпейтін, үй тапсырмаларын мұқият орындайтын ғана адам емес, ол өзін-өзі жетілдіретін тұлға " (Д.Б. Эльконин).

2. Дәстүрлі оқыту баланың соңынан ілініп келе жатады.

2. Оқытуда мұғалім баланың білетіндеріне сүйенеді. Баланың білімі, мәдениеттілігі, ойы, сезімі, бір нәрсені анық түсінуі оған өз бетімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Олар кейде ересектердің көмегенсіз де тапсырмаларды орындай алады. Ал олар үшін қиын тапсырмаларды ересектердің бағыт берумен өздері орындай алады. Бүгін жұмыс істеп үйренген оқушыға ертең өмірде ондай болады.

3. Бала-оқыту объектісі. Барлық жұмысты істейтін мұғалім, ал бала-тыңдаушы.

3. Бала-оқу субъектісі, мұғалімнің бағыт берумен өзін оқытатын жеке тұлға.

4. Мұғалім сабақ түсіндіруші, оқушы түсінгенін қатайлап айтып беруші.

4. Бала сабақ үстінде тек бір тақырып бойынша көптеген жұмыстар істейді.

5. Мұғалім оқу ақпараттарын хабарлаушы, оларды қайта айтып беруге жаттықтырушы. Мұғалімнің ең басты жұмысы білімді оқушының есінде сақтату, іскерлікке үйрету, дағдыландыру.

5. Жұмысты істеуге оқушылардың өздерін үйрету. Қарапайым зертеулер арқылы оқушының теориялық білімінің қалыптасуы.

6. Мұғалім оқытушы, оқушы үлгі бойынша есептер шығарады, жаттығулар жазады.

6. Оқушы мен мұғалім бірге жұмыс істейді. Мұғалім оқытпайды, қайта тақырыпты түсіну үшін оқушыларды жұмыс істетеді.

7. Сонымен дәстүрлі оқытудың міндеті белгілі бір білімдерді түсіндіріп, есте сақтау. Оқушылардың іскерлікке үйрету, дағдыландыру негізінен сөз, жаттығу, практикалық әдістері арқылы жүреді. Мұнда ұғым - абстрактілі, тек сөзбен тұжырымдалған.

7. Дамыта оқытуда білім, ұғым қатар жүреді. Дамыта оқыту мазмұнның негізгі бөлігі ұғымдармен жұмыс істеу. Ұғымның мәні заттармен жұмыс істеу арқылы ашылады.

Мысалы: Шама ұғымдағы негізгі іс-әрекет өлшеу жұмыстары. Математика курсында сандарды оқып үйренбестен бұрын түрлі өлшемдер арқылы шамалар өлшенеді.

8. Негізгі әдістер түсіндіру, көрсету

8. Дамыта оқытуда балалардың жұмысын ұйымдастыратын әдістер қолданылады.

9. Дәстүрлі мектепте көбіне сабақ, тәрбиелік шара өтеді. Әуелі материал даңдалады, содан кейін оқушы онымен жұмыс істеу керек.

9. Дамыта оқытуда оқушылардың алдына оқу міндеттері қойылады. Пән мазмұнында оқушы істейтін жұмыстар көптеп құрастырылады. Оқыту мақсаты оқушыны өзгерту, дәлірек айтсақ жұмыс істей алатын жеке тұлға.

10. Дәстүрлі оқытуда сабақ, жаттығу мақсаттары жоғарыдан қойылады. Мақсатты ересектер қояды. Оқушының пікірімен санасу жағы аз.

10. Дамыта оқытуда мұғалім өзінің балалар алдына қойған міндеттерін олардың қабылдауына күш салады. Үлгі- объектінің ішкі құрылымын белгілеу құралы. Ол оқушыға жұмыс тәсілдерін таңдауға, оқу міндеттерін жаңа варианттармен орындауға көмектеседі.

11. Дәстүрлі оқытуда жаппай, жеке, топтық жұмыс түрлері қолданылады. Бұл әдістеме негізінен технологияландырылған, себебі оқушы алгоритм бойынша жұмыс істейді

11. Дамыта оқытуда ұжыммен де, жеке оқушымен де жұмыс істеледі. Оқу міндеттерін шешу кезінде балалар түрлі жұмыс тәсілдерін қолданса да оларды орындай алмайтын кездері болады.

Шебер мұғалім ең болмаса бір оқушының міндетті дұрыс шешуіне жағдай жасайды. Диалог оқу міндетін орындауға әкеледі. Ситуация шешу кезіндегі оқушының өз жауабын талдауы, түрлі жорамалдау айтуы оның дамуына себепші болады. Жұмыстың негізгі түрі сұрақ-жауап (диалог). Диалог кезінде оқушылар өз білгендерін ортаға салады, пікірлерін айтады. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан түбірлі айырмашылығы да осында. Ол технологияландырылмаған. Егер бала әңгіменің не туралы болып отырғанын түсінбесе, онда оған ойлануға мүмкіндік беріледі. Бірақ оның ойын тиянақтайтын алгоритм берілмейді.

12. Сабақта оқушылардың іс-әрекеті аз.

12. Ұғымдар жүйесін түсіну, есте сақтау үшін оқушылар түрлі іс-әрекет жасайды. Мысалы, дамыта оқыту талаптары тұрғысынан жазылған бастауыштың математика оқулығындағы "тік төртбұрыш қасиеті" деген жаңа ұғым тік төртбұрыштың қызыл түсті қабырғасын, көк түсті қабырғасын өлшеу, оларды салыстыру, қорытынды жасау арқылы меңгеріледі.

13. оқушы өзінің іс-әрекетін жете бақыламайды. Оқушыны көбіне мұғалім бағалайды.

13. Оқушыны өзін бақылауға үйретеді.

14. Дәстүрлі оқыту оқушының жасын, психологиясын көп елемегендіктен, оның іс-әрекетін ұйымдастыруға да жете мән бермейді. Бұл адам табиғатына қайшы келетін құбылыс.

14. Дамыта оқыту оқушының жас ерекшеліктерін, негізгі атқаратын жұмыстарын есепке алады.

15. Дәстүрлі оқытуда өктем педагогика қолданылады, ол бала дамуын тежейді.

15. Сабақта мұғалім мен оқушы ынтымақтаса шығармашылықпен жұмыс істейді. Балалар ынтымақтаса жұмыс істеп жатады. Оқушы өзін-өзі жақсы сезінеді.

16. баланың өзінің жеткен табысына қуанту жағы аз.

16. Оқушылар өздерінің істеген жұмыстарына риза, жан аямай еңбек етеді, өздерін-өздері басқарады. Әр бала өзін жақсы жағынан көрсетеді.

Сонымен, дамыта оқыту, түсіндіру-сипаттау арқылы оқыту түрінің орнына келе жатқан, жаңа, оқушыларды жұмыстандыратын оқыту тәсілі.

Ол жеке тұлғаның барлық сапаларын дамытады.

Адамзат ХХІ-ғасыр есігін - әлемдік жаһандану дәуірінде, ақпараттық – коммуникативтік технологиялардың өте жоғарғы деңгейде қарқын алып дамудың жағдайында – ашты.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өткен жылғы – «Әлемдік бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру»- стратегиясының маңызы ерекше болса, биылғы- «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдаған жолдауында оқыту үрдісінде ақпараттық – коммуникативтік технологияларды – білім беру сапасын жақсартуда қолданыс аясын кеңейтуге баса назар аударды. Бұл білім саласына көптеген жаңалықтар тасқынын әкелуде. Сонымен қатар әлемдік ақпараттық даму жүйесіне еркін енуге жол ашуда.

Ақпараттық – коммуникативті технологияларды білім беру саласында үйлесімді пайдалану оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне негізделініп, өзіне қажетті мазмұн мен мәліметті ақпарат көзінен тандап, талғап білуіне үйретеді.

№29 тақырып.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

1. Қашықтан оқыту технологиясы

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Есекешова М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. 2018.
- 2 Бекмағамбетова Р.Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. 2017.
- 3 Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.

Қашықтан оқыту технологиясы –оқу үрдісі кезінде оқып үйренушілер мен оқытушылар арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін

ақпараттық технология. Қашықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын, күндізгі және сырттай білім алу ретінде білімді қабылдау түрі болып табылады.

Қашықтан оқыту кезіндегі білім беру үрдісінің негізін жеке кесте бойынша өзіне ыңғайлы жерде оқуға мүмкіндігі болатын, оқытудың арнайы құралдары жиынтығы өзінде бола отырып, электронды және қарапайым пошта, телефон арқылы оқытушылармен келісілген байланыс жасауына, сонымен қатар, күндізгі бөлімде де мүмкіндігі болатын, оқып үйренушінің мақсатқа бағытталған және бақыланатын қарқынды өзіндік жұмысы құрайды. Қашықтан оқыту білім жүйесі жоқшылыққа, географиялық немесе уақытша оқшаулануға қатысты себептермен, әлеуметтік қорғаны жоқ және дене бітімі жетілмеуіне байланысты білім мекемелеріне бару мүмкіндігі жоқ немесе өндірістік және жеке жұмыстары болу себебінен, ешкімнің оқуға мүмкіндігін шектеуге болмайды деген гуманистік қағидаларға жауап береді.

Қашықтан білім беру – жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелер негізінде күндізгі, күндізгі-сырттай, кешкі және сырттай оқытудың элементтері үйлестірілген ерекше, жетілген түрі.

Қазіргі замандағы телекоммуникациялық және электронды басылымдар дәстүрлі оқыту түрінің барлық құндылықтарын сақтай отырып, кемшіліктерін жеңіп шығуға мүмкіндік береді.

Қашықтан оқытудың ерекшеліктері классикалықпен қатар салыстыру бойынша мынандай жетістіктерге ие:

- Жеке адамның үздіксіз әлеуметтену мүмкіндігі;
- Икемділік (оқытудың уақыты, орны, көлемі және қимылы бойынша);
- Жеке оқу жоспарын қолдану мүмкіндігі;
- Оқу ақпаратына қол жеткізу, оны жедел жаңарту;
- Экономикалық (оқу алаңы, транспорты, техникалық құралдардың шығынын қысқарту есебінен);
- Жаңа технологияларды қолдану;

- Оқып үйренушілердің әлеуметтік құқығының теңдігі (олардың тұратын жерлері мен денсаулық жағдайына қарамастан);

- Барлық елдегі ақпараттық – оқыту ресурстарының шығысы мен кірісі;

- Материалдарды көбейту мәселелерінің жоқтығы, оларды тарату ыңғайлылығы;

- Оқып үйренушілердің өз-өзіне бақылау жасауын қамтамасыз ету.

Ақпараттық технологиялармен оқытудың айрықша тиімділігі, қашықтықтан оқыту үрдісін автоматтандыру үшін, барлық қажетті компоненттерді шоғырландырушы қашықтан оқытудың арнайы ақпараттық жүйесі бағдарламаларын қолдану болып табылады.

Кез келген қашықтан оқыту жүйесіне қажетті, аса маңызды сипаттары:

- *Құрылымының ашықтығы.* Жүйе ашық жүйе үрдісіне сәйкес құрылуы тиіс.

- *Сәйкестілігі.* Ақпараттық ресурстарды сақтау форматы сәйкес келуі тиіс. Халықаралық стандартты қолдану керек.

- *Кеңейгіштігі.* Жүйенің құрылымы модульді болуы керек және жүйенің функционалды компоненттерін өсіруге мүмкіндік беру.

- *Жан-жақтылығы.* Жүйе көп функциялы және қолданыста жан-жақты болуы керек.

- *Сенімділігі.* Ақпараттар ресурстарын сақтау сенімді болуы керек. Мүмкін болатын қауіптер әсерінен ақпараттар жоғалмауы тиіс.

- *Үлестірімділігі.* Жүйе әр түрлі желі конфигурациясы жұмысына бағытталуы керек (әртүрлі жедел жүйелерді басқаруға негізделген Интранет, Интернет) және үлестірілген ақпараттық ресурстарды сақтауды қолдауы керек.

- *Масштабталуы.* Әр түрлі конфигурация жұмысы үшін жүйенің құрылымы масштаб жүйесін өзгерте алуы тиіс.

- *Қолданушының ортақ интерфейсі.* Қолданушының интерфейсі қарапайым, түсінікті болуы тиіс.

- *Өңдеудің қарапайымдылығы.* Өңдеу жылдам және тиімді болуы тиіс.

- *Тасымалдануы.* Жүйе әртүрлі аппараттық – бағдарламалы тұғырнамада жұмыс істеуі қажет.

- Жүзеге асыруды орындау тәуелсіздігі. Жүйені ақпараттық толықтыру оны нақты жүзеге асырудан тәуелді болмауы тиіс.

- *Қауіпсіздігі*. Ақпараттық ресурстарды сақтау қауіпсіз болуы тиіс.

- *Басқару қарапайымдылығы*. Интерфейс басшысы жеткізерліктей, қарапайым және ыңғайлы болуы тиіс.

- *Көпмәнділігі*. Жүйе бірнеше қолданушылардың сұранысын қатар өңдеу керек.

- *Жұмыстың тиімділігі*. Жүйенің құрылымы оның аталуын (аты-жөнін) әдеттегі аппараттық-бағдарламалы тұғырнамасында есінде тұту керек.

Жүйенің кеңінен дамуы үздіксіз оқыту мен ақпараттық ортада жеке тұлғаны әлеуметтендіру табысын қажетті мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді.

Қашықтан оқыту жүйесін құру қағидалары:

1. Оқытудың адамгершілік қағидасы.

Оның ішкі мазмұны оқытуға үндейтін және әлеуметтік жинақталған тәжірибені оқып үйренушілердің меңгеруі үшін жоғары қолайлы шарттарды туғызып, білім беру үрдісіндегі бүтіндей адамға бағытталады.

2. ҚО жүйесінде білім беру үрдісін жобалау кезінде педагогикалық көзқарастың басымдылығының қағидасы

Бұл аталған қағиданың мәнісі, ҚОЖ -ін жүзеге асыруға болатын көріністердің дидактикалық үлгілерін құрайтын теориялық тұжырымдамаларды талдаудан бастау қажет екендігінен тұрады.

2. Педагогикалық мақсатқа лайықты жаңа

ақпараттық технологияларды қолдану қағидалары. Ол жобалаудың әрбір қадамының тиімділігіне және ҚОЖ жасауға педагогикалық баға беруді талап етеді. Сондықтан да, ең бірінші жоспарға техниканы енгізуді емес, білім беруге қызмет ететін және оқу курстарының сәйкес мазмұнды толықтыруларын қою қажет.

3. Білім беру мазмұнын таңдау қағидалары.

4. ҚО жүйесінің білім мазмұны ҚР –ның Мемлекеттік білім беру стандартымен сәйкес келуі тиіс.

5. ҚОЖ-де таралатын ақпараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидалары.

Ұйымдастырушылық және техникалық тәсілдердің қажеттілігі жағдайында керекті мәліметтерді қауіпсіз және құпиялы сақтауды, қолдану мен беруді қарастыру, оның қауіпсіздігін сақтау, беру мен қолдану кезінде қамтамасыз ету қажет.

5. Білім беру деңгейінің бастапқы қағидасы.

ҚОЖ-де тиімді оқыту білім, білік, дағдыларының нақты жиынтығын талап етеді. Мысалы, оқуға, кандидаттың нәтижелі оқуы үшін, өзіндік оқу еңбегінің ғылыми негіздерімен таныс болуы керек, компьютермен және т.б. жұмыс жасай алатын нақты дағдыларына ие болуы тиіс.

6. Оқыту технологиясының сәйкестендіру қағидалары.

Оқыту технологиясы Қашықтан оқыту үлгілерімен сәйкес болуы қажет. Сонымен, дәстүрлі пәндік үлгіде оқытуда ұйымдастыру түрін оқыту ретінде дәрістер, семинар және практикалық сабақтарда, боямалы немесе іскерлік ойындар, зертханалық сабақтар, өзіндік жұмыстар, өндірістік тәжірибелер, курстық және дипломдық жұмыстар, білімдерінің меңгерілуін бақылау қолданылады. болу керек, ҚО жүйесі қалыптасу барысында, қажет жағдайда оған қосуға болатын жаңа үлгілері пайда болуы мүмкін. Оқытудың ұйымдастырушы түрі қатарындағы осы үлгілерінде компьютерлік конференциялар, телеконференциялар, ақпараттық сеанстар, телеконсультациялар, жобалау жұмыстары және т.б. қолданылатын болады.

7. Оқытудың ұтымды қағидалары.

ҚО жүйесі жобасы қажетті әлеуметтік және экономикалық тиімділік шарты бойынша, егер Бұл білім алушының оқып жүрген оқу орнында сәйкес қызмет көрсетулер болмаған жағдайда, қажетті бағыттағы өзінің білім беру бағдарламасын түзетуге немесе толықтыруға ықпал ететін ақпараттық жүйелерді және қашықтан оқыту үшін берілген білім базалары мен банктерін құруда жасалады.

8. Білім берудің ҚО қолданылатын түрлеріне қайшы емес қағидалары.

Егер жасалған және енгізілген ақпараттық технологиялар жоғары білім берудің дәстүрлі жүйесінде бөтен емес элемент болып, яғни оған біріктірілетін табиғи бейнеде болса, ҚО жобасы қажетті әлеуметтік және экономикалық тиімділігін бере алады.

9. Білім берудің алдына шығу қағидалары.

Бұл оқытудың қағидасы өткен ұрпақтан қалып жинақталған ғылыми және мәдени мұраларын кейінгі буындарға жеткізу ғана емес, сонымен қатар, қазіргі ұрпақтың өзгеріп отыратын заманға тез бейімделіп, оның сана – сезімі мен дүниетанымын қалыптастыруға көмек жасау болады.

Қашықтан оқыту жүйесінің типтері:

Қашықтан оқыту типтерін бірнеше көзқарас төңірегінде көрсету мүмкін. ҚО тағайындау бағдарында білім берудің толық масштабтағы және сайланатын жүйесі деп бөлуге болады. Білім берудің толық масштабтағы жүйесінде белгілі бір бағыттағы бакалаврларды немесе нақты мамандықтың инженерлерін дайындау бойынша оқу жоспарының толық орындалуын қамтамасыз етеді. Демек, мұндай жүйеде барлық жоспарланған пәндерді оқып үйрену үшін, құралдардың жеткілікті түрде (оқулықтар мен оқу құралдары, зертханалық практикумдер, курстық және дипломдық жобаларды орындау үшін құралдар) бар болуы қажет.

Білім берудің сайланатын жүйесі деп аталған шартты жүйесі өнеркәсіп қызметкерлерінің біліктілігін жоғарлату үшін, қосымша (екінші) жоғарғы білім алу үшін, білім берудің қызмет көрсетулерін пайдаланатындарға жеке сауалдарын қанағаттандыру үшін бағытталады. ҚО жүйесінің әрбір типтерінен оқу үрдісін жабдықтау және ұйымдастырудағы ерекшеліктері қатарына қарамастан, орындалатын функциялар мен ұқсас тағайындау-ларының құрылымды компоненттерін көрсету керек.

ҚО жүйесінің құрылымы:

ҚО жүйесінің құрылымына келесі элементтер кіреді:

- Оқыту мақсаты. Маманның үлгісімен және мемлекеттік тапсырыспен сәйкес қалыптасатын, білім және білік жүйесін оқып үйренушілердің меңгеруі.

- Оқыту мазмұны. Әлеуметтік сұраныстың педагогикалық үлгісі. Оқыту үрдісі, әдістері мен ұйымдастыру түрлерінің жүзеге асырылуы оның мазмұнымен анықталады.

- Оқыту объектісі. ҚО білім беру қызметін пайдаланушылар білім алатын берілген түрінің объектісі болып табылады (студенттер, тыңдаушылар, оқушылар және т.б.). ҚО тыңдаушылары білім алудың дәстүрлі түрі студенттерінен өзгешелігі, ерекше қайсарлық, білімге деген құштарлық, ұйымдастырушылық көрсетіп, өз бетімен

жұмыс істей білу, компьютермен жұмыс істей білу және телекоммуникациялық байланыс құралдарымен дағдысы болу керек.

- Оқыту субъектісі. ҚО субъектісі оқытушылар болып табылады. Оқытушы- ҚО білім беру үрдісінің жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін басты буын. ҚО оқытушысы іс-әрекетіне тән бірқатар ерекшелік тьютор терминін енгізу қажеттілігін туғызды. Ол-кеңес беруші-оқытушы, информатика және телекоммуникация іргетасы негізін білетін болу керек, оның білімділігі алдыңғы озық сипатта болу керек.

- Оқыту әдістері. ҚО түрі: ақпараттық – ереже жиынтығы, репродуктивті(дауыс күшейткішін реттеу), мәселелі мазмұндау, теориялық зерттеудегі логикалық тәсілдер мен ережелер жиынтығы мен зерттейтін 5 жалпы дидактикалық оқыту әдістерінен тұрады. Олар оқытушы мен білім алушылардың өзара іс-әрекеті педагогикалық актілерінің барлық жиынтығын қамтиды.

- Оқыту құралдары. ҚО білім беру үрдісінде оқытудың дәстүрлісі қалай қолданылса, компьютерлік техниканы және телекоммуникацияны, сонымен бірге білім беру технологиясы облысындағы соңғы жетістіктерін қолдануға негізделген инновациялық оқыту құралдары да солай қолданылады.

- Ғылыми – білім материалдық базасы. Оқу бағдарламасына сәйкес оқу үшін қажетті материалдық және техникалық құралдар жиынтығы. Олар оқу және оқу-көмекші бөлмелері; зертханалық қондырғылар, техникалық оқыту құралдары, оқулықтар, оқу құралдары және басқа да оқу - әдістемелік материалдардан тұрады.

- Идентификациялық бақылау жүргізу жүйесі. ҚО кіретін бақылаудың ерекшелігі абитуриенттің кәсіптік сапалары мен қабілеттерінің даму деңгейін бағалау, тиімді құралдар мен оқыту әдістерін таңдайтындай, онымен сәйкес әлеуметтік психологиялық бейнесін құру болып табылады.

№30 тақырып. ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ҮЛГІЛЕРІ

1. Қашықтан оқыту үлгілері

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқу құралы / - Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.

2 Баширова Ж.Р. [ж.б.]. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.

3 Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.

4 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.)(оқулықтар, оқу құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

Қашықтан оқыту үлгілері:

Педагогикалық практикада танымал оқыту түрлері қалыптасқан. Олардың ішіндегі ең кең тарағандары: дәрістер, семинарлар, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, емтихандар және т.б. - *ҚО дәрістері*, дәстүрлі дәрісханалықтан айырмашылығы, оқытушымен бетпе-бет қатынасуды болғызбайды. Дегенмен, бірнеше артықшылық жақтары да бар. Дәрістерді жазу үшін аудио және бейне-кассеталар, CD-ROM дискілерді және т.б. қолданады. Жаңа ақпараттық технологияларды (гипермәтін, мультимедиа, ГИС-технологиясын және т.б.) қолдану дәрістерді көрнекі және мазмұнды түрде береді. Мұндай дәрістерді кез келген уақытта, кез келген қашықтықта оқуға болады.

- *ҚО семинарлары* оқу сабақтарының белсенді түрі болып табылады. ҚО семинарлары бейнеконференциялардың көмегімен жүргізіледі. Олар пікірталасқа оның дамуының кез келген жерінде кіруіне мүмкіндік береді және бұдан бұрынғы айтылған сөздерді оқып, бірнеше қадам артқа қайта оралады. Оқытушы материалдың меңгерілуін пікірталасқа қатысушының белсенділік дәрежесі бойынша бағалай алады. Студенттердің арасында өзара іс-әрекет ету саны артады, ал оқытушы тең құқылы әріптес ретінде көрінеді.

- *ҚО кеңестері* пәнді өз бетімен оқып үйренуде білім алушыларға жетекшілік жұмысын жасау және оларға көмек көрсету түрлерінің бірі болып табылады. Телефон және электронды пошта, сонымен бірге телеконференциялар қолданылады.

- *ҚО зертханалық жұмыстар* материалды тәжірибелік меңгерілуі үшін беріледі. Дәстүрлі білім беру жүйесінде зертханалық жұмыстар мынаны талап етеді: арнаулы жабдықтарды, макеттер, имитаторлар(бірдемені мүмкіндігінше дәл қайталайтын аспап), тренажерлар, химиялық реактивтер және т.б. ҚО жүйесінің келешекте мультимедиялық технологиялар, ГИС-технологиялар, имитациялық үлгілеулер және т.б. қолдану есебінен зертханалық практикумдарды жүргізу міндеттерін қысқартуға маңызды мүмкіндігі болады. Білім алушыларға қарапайым жағдайда көрсетуге өте күрделі немесе мүлде мүмкін емес құбылыстарды виртуаллды шындық көрсететін мүмкіндігі бар.

- *ҚО бақылау* – бұл білім алушының оқу материалын теориялық және практикалық меңгеруі нәтижелерін тексеру. ҚО өзін дәлелдете білді және тестік бақылаудың лайықтылығын құптайды. Тест ережесі, пән бойынша кеңейтілген сұрақтар тізімін қамтиды, олардың әрбіреуіне бірнеше жауаптар нұсқасы ұсынылады. Студент осы нұсқалардан дұрыс жауапты таңдауы керек.

Оқу электрондық басылымдар:

Оқу белгілерінің электрондық басылымы қағаз басылымының барлық ерекшеліктеріне ие бола отырып, елеулі айырмашылықтары мен артықшылықтары да бар. Дербес жағдайда: компьютер жадында немесе дискетада сақтау ықшамдылығы, гипермәтіндік мүмкіндіктер, бейімділігі, таралымы, өзгертулер мен толықтыруларды жылдам енгізудің мүмкіндігі, электронды пошта бойынша жіберудің ыңғайлылығы. Бұл - пән бойынша дидактикалық, әдістемелік және ақпараттық-анықтама материалдарын өзіне енгізген, сонымен бірге, білімді бақылау және өз бетімен алу үшін оны комплексті қолдануға әсері болатын бағдарламамен қамтамасыз етілген автоматтандырылған оқыту жүйесі.

Компьютерлік оқыту жүйесі:

Компьютерлік оқыту жүйесі-ҚО білім беру үрдісінде кең түрде қолданылатын оқу белгілерінің бағдарламалық құралдары және мынандай жағдайлар туғызады:

- оқыту үрдісін саралау және даралау;
- білім алушы қателерінің диагностикасымен және кері байланысын тексеру;
- өзін-өзі бақылау және оқу-танымдық іс-әрекетіне өзіндік түзетулерді қамтамасыз ету;
- компьютердегі көп еңбек сiңiрудi керек қылатын есептеулер есебiнен оқыту мерзiмiн қысқарту;
- көзбен шолу оқу ақпаратына демонстрация жасау;
- құбылыстар мен процестерді үлгілеу және боямалау;
- эксперимент пен тәжірибелерді, зертханалық жұмыстарды виртуалды шындық жағдайында жүргізу;
- қолайлы шешімдерді қабылдауда іскерлік таныту;
- ойын жағдайларын қолданып, оқу үрдісіне қызығушылығын арттыру;
- танымдық мәдениетін және т.б. жеткізе білу.

Аудио-бейне оқу материалдары және т.б.

Аудио-бейне оқу материалдары магниттік тасымалдауыштарда жазылады, білім алушыға магнитофонның, бейне магнитофондар немесе CD-ROM лазерлі жинақ-дисктердің көмегімен берілуі керек. Компьютерлік желілер - байланыс каналдарымен қосылған әр алуан түрлі ақпараттар мен компьютерлер жиынтығын қамтитын оқыту құралдары. ҚО кең қолданылатын интегралды құрал ғаламдық желі INTERNET болып табылады.

ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР

№1 Практикалық сабақтың тақырыбы: ЖОО арнайы пәндерді оқыту әдістемесі курсының мақсаты мен міндеттері

Сабақтың мақсаты: ЖОО арнайы пәндерді оқыту әдістемесі курсының мақсаты мен міндеттерін меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қоюда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама-қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті оқытушылардың әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзіреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Құзіреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Оқытушының құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Оқытушының басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, құзыреттілікті нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің сапалық критеріі ретінде қарау, зерттеу, бүгінгі күн талабы.

Орыс педагогы К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақта-

рында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен Н.Ә.Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін -білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі-педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзіреті. Жаңа формация мұғалімі-табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды.

Пәннің мақсаты- магистранттарды болашақ педагогикалық қызметке дайындаудың арнайы әдістемелік негізін қалау, Республикадағы жаңаша әлеуметтік және экономикалық жағдайларда еңбекке дайындауға қажетті білім, іскерлік және дағдысын қалыптастыру.

Пәннің міндеттері:

-кәсіпке оқыту мазмұнының әр кезеңіндегі білім беру мазмұны жөнінде магистранттарға нақты түсінік беру;

-жан-жақты дамыған, шығармашылық қабілеті жоғары, кәсіби бейімділігі бар тұлғаны тәрбиелеу және жетілдіруге жағдай жасау;

-болашақ кәсіби қызметінде өзін-өзі айқындау мен өз мүмкіндігін жүзеге асыруға дайындау;

-магистранттарды педагогикалық еңбекті тиімді ұйымдастыруға, оқушы жастарға білім берудің тиімді әдістері мен формаларын, оқу құралдарын таңдауға, әдістемелік, анықтамалық және арнайы әдебиеттермен жұмыс жасауға үйрету.

Тапсырмалар:

«ЖОО арнайы пәндерді оқыту әдістемесі курсының мақсаты мен міндеттерін меңгерту жолдары» абяндама жазу7

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Бекмағамбетова Р.Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. 2017.

2 Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқу құралы / - Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.

3 Баширова Ж.Р. [ж.б.]. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.

4 Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.

5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

№2 Практикалық сабақтың тақырыбы: Арнайы пәндерді оқыту әдісі педагогика ғылымының бір саласы ретінде

Сабақтың мақсаты: Арнайы пәндерді оқыту әдісі педагогика ғылымының бір саласы екендігіен толық мағлұмат беру

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Әдіс-тәсілдер пән ретінде оқу барысының заңдылықтары мен ерекшеліктерін қарастырады. Педагогика ғылымында әдіс-тәсілдерді жалпы және жеке деп екіге бөледі.

Оқытудың жалпы заңдылықтары – дидактикамен қарастырады, ал оқытудың жеке заңдылықтары әрбір пәнді жекелей қарастырады. Әдіс-тәсілдердің өзіндік міндеттері мен зерттеу тәсілдері бар. Оқыту процесінің бір-бірімен байланысты үш түрі бар: оқытудың мазмұны, оқытушылық-мұғалімнің міндеті, ал оқу-оқушылардың міндеті болып табылады. Әдіс-тәсілдердің міндеті осы оқыту процесінің бір-бірімен байланыстылығын зерттей отырып, нәтижесінде ойлап табылған мәселелер арқылы оқытуды жаңартып отыру. Сөйтіп, әдіс-тәсілдердің объектісі оқыту процесі болып табылады. Әдіс-тәсілдер оқытудың мән-мақсатын айқындай отырып, әрбір оқушыны жан-жақты дамытуды көздейді. Оқыту үрдісі әрқашан белгілі бір мақсатқа бағытталған. Оның мақсаты оқушыларды біліммен

қаруландырып қана қоймай, өзінің позициясын толығымен ұстанып қорғайтын, қоғамда өзіндік орнын таба білетін тұлғаны тәрбиелеу. Оқыту әдіс-тәсілдері жақсы нәтижелер беретін оқыту процесін ұстанады. Қазіргі еңбекке баулу әдіс-тәсілдері ғылыми әдебиеттерден оқыту пәндеріне мәліметтер таңдап алуда белгілі бір әдіс қалыптасқан. Еңбекке баулу әдіс-тәсілдері еңбек пәні мұғалімін дайындап шығаруда. Өйткені ол ғылыми педагогика, психология және қазіргі техника саласынан негізін алады. Сөйтіп «Арнайы және жалпытехникалық мамандықтарды оқыту әдісі» мамандығын психология, техника негіздері, оқу процесін ұйымдастыруды білмей игеру мүмкін емес. Педагогикалық білімді игеру үшін әр түрлі күнде кездесіп жатқан жағдайларда жақсы нәтижеге қол жеткізуге қол жеткізуге болатындығы туралы әдіс-тәсілдерді білу керек. Мұғалім әрдайым өзінің білім сапасын көтеріп отыруы қажет.

Педагогтың алдында Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген бап бойынша әр республика азаматын даярлап шығаруда оқушыларды жан-жақты дамыту міндеті тұр. Еңбекке баулу міндеті оқушыларды бір-бірімен байланысты оқыту процесі мен тәрбиені қатар ала отырып, оқушыларды мектеп бітірісімен қоғамдық-әлеуметтік ортаға оңай араласып кетуіне септігін тигізу, өзін-өзі көрсете алуы. Ғылыми-техникалық жетістіктер біздің елімізде оқушылардың мектеп қабырғасынан дайындығын қажет етеді.

Тапсырмалар:

Педагогика ғылымының салаларына жеке-жеке талдау жазу

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Бекмағамбетова Р.Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. 2017.
- 2 Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқу құралы / - Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.
- 3 Баширова Ж.Р. [ж.б.].Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.
- 4 Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.
- 5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

№3 Практикалық сабақтың тақырыбы: Арнайы пәндерді оқыту бойынша практикалық іс-әрекет ұйымдастырудың әдістемесі

Сабақтың мақсаты: Білім алу қажеттіктері ерекше балалардың практикалық іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістемесін меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Білім алу қажеттіктері ерекше балалардың практикалық іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістемесі

Білім алу қажеттіліктері ерекше балаларды тәрбиелеудің негізгі қағидалары.


1. Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының жүйесіндегі жаттығу және үйрету.

2. Білім алу қажеттіліктері ерекше балалардың практикалық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың әдістемесі.

3. Тәрбиенің іс-әрекет қағидасы.

Балалар ұжымының типтері

Балалар ұжымының типтерін төмендегідей сызбадан көрсетуге болады.





Тапсырмалар:

1. Білім алу қажеттіліктері ерекше балалардың практикалық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың әдістемесі.
2. Тәрбиенің іс-әрекет қағидасы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 С.Әбенбаев., Г.Ахметова.Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.2014.
- 2 Искакова М.С.Дефектология негіздері. 2014.
- 3 Абаева Ғ.А .Арнайы педагогика және психология негіздері 2014
- 4 А.О.Мұхаметжанова.Тәрбие жұмысының әдістемесі және технологиясы. 2015.
- 5 Дүйсенбаев А.Қ., Балтымова М.Р.Арнайы педагогика. 2016.

№4 Практикалық сабақтың тақырыбы: Білім алушылардың ұжымдық өмірін ұйымдастыру


Сабақтың мақсаты: Білім алушылардың ұжымдық өмірін ұйымдастырудың әдістемесін меңгерту

Сабақтың барысы:


Жаңа сабақ:

Білім алушылардың ұжымдық өмірін ұйымдастыруда әр түрлі бастапқы ұжым формаларын үйлестіре қолдану қажеттілік болып

табылады. Олардың біреулері тұрақты болуы мүмкін, кейбіреулері уақытша ұжым болуы мүмкін.




А.С.Макаренко кез - келген ұжымды біріктіретін, ұйымдас-тыратын ядро – белсенділер деп есептеді. Белсенділер ұжымда аға ұрпақтың тәжірибесінің сабақтастығын қамтамасыз етеді, ондағы стильдің сақталуын, дәстүрлердің сақталуына жағдай жасайды.



Ұжым мен тұлға арасындағы өзара байланыс – тәрбиенің негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл ерекшеліктерді білу

ұжымды басқаруды жеңілдетеді. Төмендегі сызбада тұлға мен ұжым арасындағы қарым-қатынас түрлері сипатталған:



Бірінші жағдайда тұлға өзінің қалауы бойынша ұжым талаптарына бағынады, кейде ол сырттай бағыну түрінде көрініс табуы мүмкін, кейінірек тұлға өзінің дербестігін және тәуелсіздігін сақтайды. Егер тұлға ұжымға кіргісі келсе, ол сол ұжымдағы құндылықтар, нормалар, дәстүрлерді сақтауы және қабылдауы тиіс.

Екінші жағдайда ұжым мен тұлға бейбітшілікте өмір сүруге тырысады және олардың арасында ынтымақтастық және өзара көмек орнайды. Тығыз өзара әрекеттестік үйлесімді өмір сүрудің негізгі жағдайы болып табылады.

Үшінші жағдайда тұлға ұжымды бағындырады, бұл мектеп тәжірибесінде сирек кездесетін жағдай. Олардың мінез-құлқының негізгі мотивтері басқа адамдарды басқару және өзгелердің арасынан ерекше көрініп тұруға және өзін-өзі жоғарлатуға деген тырысушылық.

Тұлғанның ұжымға кіруі күрделі процесс. Ұжым мен тұлға арасындағы қарым-қатынас тек тұлғаның жеке қасиеттері мен сапаларына байланысты бола бермейді, кейде ұжымның қасиеттері мен сапалары бұл процеске көбірек әсер етеді.

Белгілі бір дәстүрлері қалыптасқан, өзінің басқарушы органы бар, дамудың жоғары деңгейіне жеткен ұжымда тұлғаның ұжымға еркін кіруіне жағдайлар жасалған болып есептеледі.

Тапсырмалар:

1. Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының жүйесіндегі жаттығу және үйрету.

2. Білім алу қажеттіліктері ерекше балалардың практикалық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың әдістемесі.

3. Тәрбиенің іс-әрекет қағидасы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 С.Әбенбаев., Г.Ахметова.Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.2014.

2 Исакова М.С.Дефектология негіздері. 2014.

3 Абаева Ғ.А .Арнайы педагогика және психология негіздері 2014

4 А.О.Мұхаметжанова.Тәрбие жұмысының әдістемесі және технологиясы. 2015.

5 Дүйсенбаев А.Қ., Балтымова М.Р.Арнайы педагогика. 2016.

№5 Практикалық сабақтың тақырыбы: Оқытудың белсенді әдістерінің қолданылуы

Сабақтың мақсаты: Оқытудың белсенді әдістерінің қолданылуын меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Бұл әдісті семинар сабақтарында қолданған орынды. «Шағын топтар» әдісін қолданып өткізген сабақ үзіндісін келтіріп көрейік:

1) Студенттер 3-5 адамнан шағын топтарға бөлінеді (студенттер тілегі бойынша немесе олардың дайындық деңгейі, «күшті-әлсіз» студент позициясынан оқытушы өзі топтарға бөлуіне болады).

2) Әр топтың басшысы тағайындалады.

3) Әр топ өздерінің рөлдерін бөліп алады: «Баяндамашылар» тобы, «Оппонент-сыншы» тобы, «Қорғаушы» тобы. «Баяндамашылар» тобы дәрісхана алдында негізгі ережелер, қағидалар мен концепцияларды нақтылы мысалдармен, көрнекіліктермен баяндап береді. «Оппонент-сыншы» тобы «Баяндамашы» тобына сұрақтар қояды, баяндамаларын, оның мазмұнын, дәлелдемелерін сынға алады. «Қорғаушы» тобы жаңа фактілер келтіріп, ойларды толықтырады, мысалдар келтіреді.

4) Жұмыстың тиімді болуына «Баяндамашы» тобының өз баяндамаларымен аудиторияны алдын-ала таныстырулары да ықпал

етеді. Топтың әрбір мүшесі кем дегенде бір тапсырманы орындаулары керек: иллюстрация дайындау, мысалдарды таңдап алу, баяндама жасау, қосымша әдебиетті іріктеу және т.б.

Миға шабуыл. Шығармашылық белсенділікті және жаңа идеяларды тез жасау іскерлігін дамытудың әдісі. Қолданылу уақыты: проблеманың шешімін табу үшін; жаңа тақырыпты ұсыну және студенттердің іс-әрекетін өзектілеу, берілген проблемаға топтың зейінін шоғырландыру үшін. Әдістің басты міндеті–танымдық іс-әрекетті белсендендіру және студенттерді өнімді оқыту процесіне қатыстыру.

Технологиясы: сипаты бойынша әртүрлі сұрақтарды пайдалана отырып берілген сұрақ немесе зерттелетін проблема бойынша көп идеялар жинақтау. Идеялар сыналмайды және комментарий берілмейді.

Миға шабуылды ұйымдастыру ережелері:

1. Миға шабуыл уақытында топтың барлық студенттері қатысады.

2. Ұсынылған идеяларларға пікір берілмейді және сынға алынбайды.

3. Идеяны нақтылау және дамыту мақсатында сұрақ қоюға болады.

4. Миға шабуыл барысында аралық бағалар қойылмайды.

5. Проблеманы талқылау деңгейінде ұсынылатын барлық идеялар қабылданады.

6. Ойлар нақты және қысқа болуы керек.

«Іскерлік ойындар» әдісі-бастапқыда білім саласында емес, басқарудың практикалық сферасында пайда болған.

Қазіргі таңда түрлі практикалық салада қолданылуда: зерттеу жұмыстарында, жобалау жұмыстары барысында, өндірістік жағдайларда, ұжымдық шешім қабылдауда, сондай-ақ, әскери істерде қолданылады. Қазіргі іскерлік ойындар ерте замандарда әскери ойындар әдісі ретінде соғыс тәсілдерін меңгеру үшін қолданылған. Яғни, командирлерді соғыстағы басқару әдістеріне, әскерлерді кескілескен майдан даласында өзін қорғауға үйретеді. Жоғарғы оқу орындарында іскерлік ойындар басқару әрекеттерін оқытуда қолданылады. Сондықтан да, бұл әдіс «басқарудың іскери ойындары» деп те аталады. Әлеуметтік–психологиялық тренинг -

қарапайым түсініктегі жаттығу ғана емес, бұл нақты бір дағдыларды игеру ғана емес, тұлғаның адамдармен қарым-қатынас жасаудағы бағыттылығын белсенділігін, құзыреттілігін қалыптастыру, топтың әлеуметтік- психологиялық нысана ретінде даму деңгейін арттыру мақсатын көздейді. Студенттер педагогикадағы оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы, өзіндік бағасының дамуы оның әлеуметтік дамуына, болашақта қажетті дағдыларды жинақтауына, еңбекке бейімделуіне, өз бетінше өмір сүруге дайындықтарының артуына жағдай жасайды.

Тапсырмалар:

1. Әдістің басты міндеті
2. Оқытудың белсенді әдістерінің қазіргі таңда түрлі практикалық салада қолданылуда

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 С.Әбенбаев., Г.Ахметова.Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.2014.
- 2 Исакова М.С.Дефектология негіздері. 2014.
- 3 Абаева Ғ.А .Арнайы педагогика және психология негіздері 2014
- 4 А.О.Мұхаметжанова.Тәрбие жұмысының әдістемесі және технологиясы. 2015.

№6 Практикалық сабақтың тақырыбы: Арнайы пән оқыту барысында студенттердің белсенділігін арттыру (әңгімелесу әдісі арқылы)

Сабақтың мақсаты: Арнайы пән оқыту барысында студенттердің белсенділігін әңгімелесу әдісі арқылы арттыру жолдарын меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Әңгімелесу барысында мұғалім сұрақты бір оқушыға (жеке әңгімелесу) немесе барлық сынып оқушыларына (жаппай) қояды. Әңгімелесудің бір түрі - оқушымен әңгімелесу. Оны сыныппен, оқушылардың жеке топтарымен өткізуге болады, әсіресе жоғары сынып оқушылары өз пікірлерін айтып, сұрақтар қойып, мұғалім

ұсынған тақырыпты талқылайды. Әңгімелесудің нәтижесі көп жағдайда сұрақтардың дұрыс қойылуына байланысты.

Әңгімелесу әдісінің артықшылықтары:

- ес пен тілді дамытуы;
- оқушылардың оқу-танымдық қызметін белсенді етуі;
- оқушылардың білімінің белгілі болуы;
- жақсы диагностикалық құрап;
- үлкен тәрбиелік күші бар.

Әңгімелесу әдісінің кемшілігі:

- уақыттың көп кетуі;
- қауіп элементі бар (оқушы дұрыс жауап бермеуі мүмкін, оны басқа оқушылар естіп, есінде сақтап қалады).

Оқыту әдістерін таңдау әдетте сабаққа оқу материалының мазмұнын таңдаған кезде жүреді. Ол дидактикалық мақсатқа, оқушылардың білім деңгейіне мұғалімнің өзінің дайындық деңгейіне байланысты.

Әңгіме – оқу материалын ауызша баяндау. А. Байтұрсынов "Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне үқсас" дейді. Сөз өнерінің айшықты болуы сөздің дұрыстығына, тілдің анықтығына, дәлдігіне, көркемділігіне, тіл тазалығына байланысты екенін дәлелдеп, алмастыру, кейіптеу, бейнелеу (ұқсату), әсірелеу тәсілдерінің мәнін ашады. Міржақып Дулатов Оқытудың баяндау, әңгіме, түсіндіру әдістеріне ерекше мән беріп, тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа байланысты тақырыптарды әсерлі баяндаудың тәсілдерін көрсетіп берді. Ол "баланы толық жауап беруге әдеттендіру керек", - дейді. Сөйтіп, оқытушы көркемдеп оқытудың жанаша жолдарын ұсынып, мұғалімдерден соны іс-әрекеттерді талап етеді. "Балалар дұрыс оқи алмай, қиналған жерде мұғалім өзі оқып, көрсету лайық", - дейді.

Оқушылар нені қарайды, қандай мақсатпен қарайтынын түсіндіру керек.

Көрсетілген зат оқушылардың отырған оқушылардың барлығына көрінетіндей етіп ұйымдастырылуы керек;

Оқушылар ол затты тек ған көрмей, сезінуі керек;

Заттардың ерекшеліктері оқушыларға әсер ететіндей етіп тырысу керек.

Оқушыларға жұмыс барысын көрсетуде келесі әдістер қолданылуы керек:

Еңбек процесін жұмыс темпінде көрсету;

Оны баяулатып көрсету;

Әр әдістен кейін тоқтатып көрсету;

Жұмыс ритмінде еңбек процесін қорытындылап көрсету;

Оқушыларға үйретілген әдісті меңгергенін тексеру.

Жаттығуларды орындау барысында технология мұғалімі оқушыларды асықтырмай жұмыстарын көріп олардың қорытындысын бағалау керек. Өз бетімен жұмыс істеуді үйренудегі негізгі жолдар:

Әртүрлі техникалық құралдардың қолданылуы;

Инструктаждың қолданылуы;

Оқушылардың сызуларды өз беттерімен сызып талдауы;

Жұмыс режимдерін талдау;

Бақылау – өлшеу құралдарды өз беттерімен қолдана алуы;

Дайын болған жұмыстың сапасын өзі бағалай алуы.

Жазулар сабақтың басында ғана болуы керек. Егер сабақтың көп уақытын жазу алатын болса, онда оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін тежейді. Оқушылар үшін тәжірибе көп болу керек. Тәжірибенің арқасында олардың білімі тереңдей түседі.

Тапсырмалар:

Белгілі бір тақырып бойынша әңгімелесу әдісі бойынша сабақ жоспарын құрастыру

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

2. Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу–тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. 2002

3. Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005

№7,8 Практикалық сабақтың тақырыбы: Дүниені танудың түрлі формалары туралы түсінік

Сабақтың мақсаты:

Дүниені танудың түрлі формалары туралы түсінік қалыптастыру

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттейтін ілім – «таным теориясы» деп аталады. Таным теориясының басқа ғылым теорияларынан түбірлі айырмашылықтары бар. Ол – білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдары, оның ақиқаттық жалпы шарттарының, объективтік қатынастарының қалыптасуы.

Дүниені танудың түрлі формалары болады. Ғылыми теориялық тану дегеніміз – дүниені меңгерудің бір формасы, мұның негізінде логикалық ойлау мен қорытындылауға қабілеттілік жатады. Ғылыми тану толып жатқан жеке жақтардан заңдылық шығаруға сипат табуға бағытталған.

Студенттер бойында кездесетін қабілеттіліктері – білімді өз сапасында белсенді және нәтижелі түрде бейнеленуі. Мұндай бейнелеу әрекеті аса күрделі үрдіс. Ол студенттердің сыртқы дағды мен әдеттерін қалыптастыру нәтижесінде жүзеге асады. Студенттердің танымдық белсенділігін арттыру, таным қабілеттілігінің оянуына түрткі болу – оқытудың негізгі мәселелерінің бірі. Студенттердің танымдық белсенділігі өз кезеңінде қабылдау, есте сақтау, қиялдау үрдістері мен зейіннің тұрақты күйін қажет етеді. Студенттің өзіндік сезімдік танымы негізінде қабылданған білімі мен дағдысы, ептілігі мен шеберлігі әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады.

Оқытудың белсенді әдістерінің дамуына өз үлестерін қосқан теоретик және тәжірибелі оқытушылар: Н.А. Кошкарбеков, А.М. Матюшкин, Т.В. Кудрявцев, М.М. Леви және т.б. Бірақ бұл зерттеулер мектеп материалдары негізінде зерттелгендіктен, ол Кәсіптік және техникалық білім беру жүйесінде оқытудың белсенді әдістерінің дамуын қиындатты, себебі кәсіби және техникалық білім беруде дидактикалық жағынан дәріптелуін қажет етті.

Бұл жұмыста оқытушы оқытудың белсенді әдістерін кәсіби білім беру шарттарына сай дәріптеп, талқылау.

Құқық пәндерін оқыту тәжірибесінде оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы анықтағандай, оқытуда қолданатын белсенді әдістер жан-жал, кейбір шешімін табуы қиын мәселе

есептерді шешкенде , алға қойылған мақсатқа жетуде білім алушылардың қолданатын әдістері болып табылады.

Оқыту барысында белсенді 3 әдіс байқалады: ойлау, іс-әрекет және сөйлеу, ақпарат.

Сабақ барысында оқытудың белсенді әдістерін қолдануына байланысты жоғарыда аталған әдістерін біреуі немесе бірнешеуі қолданысқа енгізілуі мүмкін.

Белсенділік деңгейі аталған 4 әдістердің қолданылуына қарай анықталады. Мысалы: дәріс сабақтарында ойлау қолданылады.(есте сақтау), практикалық сабақтарда-ойлау мен іс-әрекет, ал дискуссия сабағында- ойлау, сөйлеу және кейбір жағдайларда эмоционалды-тұлғалық қабылдау, іскери ойындарда-белсенді әдістердің барлық түрі, экскурсияда- тек қана эмоционалды- тұлғалық қабылдау.

Бұл эксперименталдық сараптама мәліметтері нәтижесінде анықталған келесі ақпарат: дәріс сабақтарында оқытылатын материалдың 20-30% ғана, әдебиеттермен өзіндік жұмыс атқарғанда -50 %, жаттағанда- 70% (қайта-қайта қайталағанда), ал (мысалы іскери ойын) кезінде ақпараттың -90%. Әдістер жеке педагогикалық дәйектеме ретінде және дәстүрлі жүйемен онтайландырып әзірлеуге болады.

Оқу процессінің тану мүмкіншілігіне ие болады: әр білім алушы белгілі бір тапсырма алғанда, топтың алға қойған мақсатына жетуге тану процессінің ролі зор. Мынадай әдістер: іскери ойын, дебат, “INSERT” келесідей міндеттерді шешеді:

- ашық сөйлесу дағдыларын белгілі нысандарға келтіру;
- өз көзқарасын ашық, әрі нақты жеткізе білу;
- күрделі жағдайлардың туындауын, оларды шешу жолдарын сараптай отырып, одан шыға білу.

Оқытудың белсенді әдістерін қолданудың бірқатар ерекшеліктері бар:

- дәстүрлі жүйемен келістіріп қолданған жағдайда оң шешім береді;
- оқу процессінде «белсенді әдістерді» жиі қолдануға болмайды;
- оқытудың белсенді әдістерін практикалық сабақтарда қолданған дұрыс, себебі әсіресе практикалық сабақтарда болашақ

маман алдына қойылған тапсырманың шешімін жан-жақты ойлап табуға тырысады.

– Білім алушылар оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы арнайы және жалпы кәсіби пәндерді оқытқанда, болашақ мамандығымен әлеуметтік-қоғамдық байланыстарын таниды.

Іскери ойын негізінде тұлға аралық, дағдарыс жағдайлары көрсетіледі. Ойын барысында қатысушылар бірі-бірімен диалог құрып, берілген тапсырманы шешуге тырысады. Осындай ойындар студенттердің белсенділігін арттыруға, қызулығын арттыруға, теориялық білімдерін тәжірибеде бекітуге, сонымен қатар логикалық ойлау қабілетін, өз бетімен шешімдер қабылдауына әсер етеді.

Тапсырмалар:

«Дүние танудың түрлі формалары», «Ғылыми теориялық тану», тақырыптарына эссе жазу

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005

2 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

№9,10 Практикалық сабақтың тақырыбы: Арнайы пән барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер (Арнайы пәндерде ойын әдісінің қолданылуы)

Сабақтың мақсаты:

Ойын арқылы оқушылардың білім-білік, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Ойын барысында оқушының ой-өрісі дамиды, сөйлеу қабілеті жетіледі, қарым-қатынас жасауға үйренеді, көңіл-күйі көтеріледі, оқушы жалықпайды, сөздік қоры көбейеді.

Сабақ сапасы жақсарады, пәнге деген қызығушылығы артады, логикалық ойлай білуге ұмтылдырады, тәртіп сақтау қабілеті, есте сақтау қабілеті қалыптасады.

Ойындардың сапалылығы:

Ойын барысында грамматикалық анықтамаларды, тілдік нормаларды игерту мүмкіндіктері мол болады. Сабақта мұғалімнің диктаторлық рөлі жойылып, оқушылар серіктестікке, ынтымақтастыққа, бірігіп жұмыс істеуге деген қызығушылықтары артады. Ойын барысында баланың адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы сыныптағы нашар оқитын оқушыларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады.

Кез-келген ұстаздың басты мақсат-міндеті – оқушыларға сапалы білім беру, жан-жақты жетілдіру, оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Ойын үлгісінің технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгі ғасыр, ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ.

Ойын- дегеніміз не? Ойын дегеніміз – халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі.

Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан-жақты дамуы үшін және тілін дамытып, сөз байлығын дамыту үшін және айналадағы өмір құбылысын ұғыну үшін пайдаланудың маңызы зор.

А. С Макаренко «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу – бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын – балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі.

Ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамдық өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап – ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмытылады, соның арқасында жасау құралы, күш қуаты тілді біртіндеп меңгереді.

Ойын- бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын ойнағанда бөлме теңіз де, ұшақ та темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзінде де сөйлесіп жүреді.. Сондықтан, ойын барысында тілдесім үлгісі қалыптасады.

Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рольді, драматизациялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, дене шынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементерін пайдаланудың маңызы өте зор. Дидактикалық ойындар

баланың ақыл – ойын дамытып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады. Тіпті нашар оқитын балалардың өздері де ойын элементтері араласқан сабаққа зор ынтамен ,жігерімен араласатыны анық.

«Ұлттық қазақ ойындары: «Қыз қуу», «Орамал тастау, «Асықтар», «Бәйге» ойындары. Бала өмірінің кезеңі ойын арқылы жетіледі. Ойындар әр топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Мен өз тәжірибемде ойындарды көп қолданамын. Сабақ барысында да, күннің жартысында да жүргіземін. Мектепте балалар табысты, жақсы оқу үшін баланың тілдік функциялары толық дамыған болуы керек. Баланың тілін жетілдіру үшін оны әңгімеге тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту қажет. Баланың тілін дамытуда ойын түрлерін жүргізу арқылы, ойын шарттарын айта отырып та байытуға балады. Мысалы: «Қуыршаққа қонаққа бару»,«Қуыршақты киіндіреміз» деген секілді ойын түрлерін қолдануға болады. Мен кез келген ойын түрлерін сабағымен тақырыбына сай таңдап аламын. Әсіресе дидактикалық ойындарды тіл дамыту сабақтарында пайдаланудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақты бекіту, баланың шығармашылығын дамыту, тіл байлығын молайту үшін ойындар сабақтың тақырыбына, мазмұнына сай таңдап аламын. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты – бір нәрсе жайында саралап, баланың оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады. Қимыл ойындары – балаға дене тәрбиесін беру құрылды. Балалардың жүгіру, лақтыру, қағып алу қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке қалыптасуына зор ықпал етеді. Қимыл ойынында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым – қатынасын, баланың мінез – құлқын белгілейді.Балалар ойынды игерген соң өздігінен ойнай алады. Ойын балаларға сабақта өте қажет, тіпті бала жай дем алып отырғанын өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар баланың барлық жас кезеңінде өтеді.

Рөлдік ойындар мектепке дейінгі балалар өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та , қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті – рөлді ойындар бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу,

шындықты көрсету болып табылады. Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы сатып алушының әрекеттеріне еліктейді. «Шаштараз», «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселдендіруге болады. Педагог өтілген ойынға талдау жасап, оның балаларға тигізген тәрбиелік ықпалы бағалауға, өз тобындағы сюжетті-рөлді ойындарының одан әрі басшылық ету тәсілдерін ойластыруға тиіс.

Қойылымдық ойындарда рольдер, ойын әрекеттері қандай шығарманың, ертегінің т.б. Сюжеті мен мазмұны шарттас болады. Ол сюжетті-рөлді ойынға ұқсас. Барлық балалар ертегіні жақсы көреді, ертегі айтып берсең бар ынтасымен тындайды. Ертегі балалардың ой-қиялын, сөздік қорын дамытады. Құрылымдық ойындар- балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрі құбылыстарды және соларға байланысты іс-әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрлыс ойыны бір жағынан сюжетті-рөлді ойнауға ұқсас келеді. Балалар ойын үстінде көпірлер, стадиондар, темір жолдар, театрлар, цирктер т.б. ірі құрылыстар салады.

Дидактикалық ойындар кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады, оның арғы тегі ойынды өлең мен қимылмен ұштастыру негізінде көп нерсені үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасына жатыр. Мысалы: «Сиқырлы қалпақтың сырын ашайық»- деген ойынды ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті-қалпақтың астында не бар екенін білу. Дидактикалық ойындар айналамен танысу сабағында, көркем әдебиет, тіл дамыту сабақтарында жиі қолдануға болады. Бала тәрбиесі қиын да, жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның, заманың бағыт- бағдармен, тыныс-тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез-келген бүлдіршін үшін бала тәрбиесі ата-анасына берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғап, жандыратыны сөзсіз.

Сабақта ойын түрлерін пайдалану

Ойын түрлері оқушының ой қабілетін арттырумен бірге сабаққа белсенділігін, қызығушылығын оятып, ізденімпаздық, зерттеушілік, шығармашылық қабілетін дамытады.

Ойынсыз ақыл- ой қалыпты дамымайды. Ойын арқылы баланың рухани байлығы өмірмен ұштасып, айналасындағы дүние туралы түсінік қалыптасады.

Ойындар — тек денені ғана емес, ойды да жаттықтырушы. Халық өзін қоршаған дүниенің қыры мен сырын егжей-тегжейлі білуді баланың санасына ойын арқылы беруді көздеген. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ емес.

Ойындарды бүгінгі педагогикалық ілімдер талаптарына сай іріктеп, ретімен қолданып отырсақ, сабақтың сапасын көтеріп, тиімділігін арттырамыз, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жандандыра түсеміз. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған балаға қазақ тілін оқытудың тиімді әдістеріне көп көңіл бөлген жөн. Қазақ тілі сабағында ойынды ұтымды пайдалансақ оқу процесі жанданып, сабақтың сапасы артады. Баланың сөздік қоры молайып, сөзді еркін, өз мағынасында қолдануға жетіле түседі. Жылдам сөйлеуді үйренеді. Бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз, импульсивті болғанымен, қабылдау есте сақтау мүмкіндіктері жақсы дамыған.

Сондықтан кез-келген сабақты өткізу үшін дидактикалық ойындар қолдана білу керек. Мысалы «Сауат ашу» оқулығында тақырып соңында тапсырмалар берілген. Осы тапсырмаларды ойын арқылы өткізуге болады. «Ұйқасын тап», «Сиқырлы қоржын», «Анаграмма», «Тауып ал», «Логикалық ойындар» т.б. ойындар. Ал математика сабағында баланың логикалық ойлауында дамытатын ойындар «Құрастыру», «Бөлігін тап», «Көршісін тап», «Ойлан тап» «Санамақ» .

Мысалы:

Бір дегенім білеу,
Екі дегенім егеу,
Үш дегенім үскі,
Төрт дегенім төсек,
Бес дегенім бесік,
Алты дегенім асық,
Жеті дегенім желке,
Сегіз дегенім серке,
Тоғыз дегенім торқа ,

Он дегенім оймақ,
Он бір қара жұмбақ.

Тіл дамыту сабағында жұмбақ шешу ойынын жарыс түрінде өткізуге болады. Бұл ойын балаларды өздігінен ойлауға үйретеді, дерексіз ойлаудан нақты ойлауға жетелейді. Сабақ күрделене түскен сайын оқушының ой өрісі де өсе түседі. Осыған сәйкес ойын түрін де өзгертіп отыру керек. Кейбір оқушылардың Р, Л, С, Ш дыбыстарына тілі келіңкіремейді. Бұл мақсатта халық ойыны жаңылтпашты ұтымды пайдалануға болады.

Мысалы:

Жаңылтпаштар тілді дамытуға, сөзді таза сөйлеуге үйретеді.

Тіл дамыту, сауат ашу сабақтарында да ролдік, сюжеттік ойындарды қолдануға болады. Ролдік ойындар мектепке дейінгі балалармен өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та, қысқа да болу мүмкін. Сюжетті – рөлді ойындар бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктену, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушы әрекеттеріне еліктейді., ал «Мектеп» болып ойнағанда мұғаліммен оқытушының әрекетіне еліктейді. «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселдендіруге болады.

Қорыта айтқанда, ойын араласқан сабақ тартымды өтеді, балалардың білуге деген құштарлығын арттырады, түсініктерін тереңдетеді.

Тапсырмалар:

«Таным теориясы» тақырыптарына эссе жазу

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005

2 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

№11 Практикалық сабақтың тақырыбы: Арнайы пән барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер(Арнайы пәндерде ойын әдісінің қолданылуы)

Сабақтың мақсаты:

Ойын арқылы оқушылардың білім-білік, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі

-Сәлеметсіңдер ме, балалар!

-Отырыңдар -Балалар, бүгінгі сабаққа бізге қонақтар келіп отыр, сондықтан сабаққа барлығымыз қатысайық. Бүгінгі біздің тақырыбымыз «*Жылдың төрт мезгілі*» деп аталады. Бүгінгі тақырыпта сендермен жыл бойы өткен білімдерімізді қайталаймыз. Соларға байланысты ойындар, тапсырмалар орындаймыз.Сабаққа жақсы қатысқандарын үшін жұлдызшалар беріліп отырады. Сабақ соңында кім көп жұлдызша жинағанына сай, сабаққа белсенді қатысқан оқушылар анықталады. Сабағымызды бастамас бұрын бір-бірімізге сәттілік тілейік.(бір-бірлерінің қолдарын ұстап, балалар сәттілік тілейді).

-Балалар сендер білесіңдер ме?

-Неше жыл мезгілі бар?

-Кәне, кім маған айтып берем дейді?

-Жарайсыңдар, балалар. Көп біледі екенсіңдер. Ал ендеше әр жыл мезгіліне тоқталып кетелік.

-Қазір бізде қандай мезгіл?

-Дұрыс, көктем.

-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?

-Жақсы, енді көктем мезгілінің математика сабағы бойынша дайындаған тапсырмасын орындайық.

1. Тура, кері санау.

2.Ойын: «Ойлан, тап» есептер шығару

3.Салыстыру

Сергіту сәті:

1,2,3 қарлығаш боп ұш,

4,5,6 қарлығаш боп шалқы,

7,8,9,10 қарлығаш боп қон.

-Жарайсыңдар, балалар. Келесі мезгіліміз?

-Дұрыс, жаз

-Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?

-Күн ыстықта қайда барып шомыламыз?

-Орманға барып, не тереміз?

Ал енді жаз мезгілінің сауат ашу сабағы бойынша тапсырмасын орындайық.

1. Логикалық ойын

2. Анаграмма

Балалар «Не жасырылған?» екенін тауып алу керек. Суретте не бейнеленгенін айту. Қандай дыбыстан басталатынын сөз. Соған сөйлем құрау.

Сергіту сәті: музыка қосылады, балалар би қимылын жасайды.

Жұмбақ жасыру:

Ағаш толы сары шымшық,

Сілкіп көрсең түседі ұшып.

(Жапырақтар)

-Дұрыс, жапырақтар. Сонда келесі мезгіліміз?

-Дұрыс, күз

-Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?

-Күзде нелер піседі?

-Жақсы, енді күз мезгілінің көркем әдебиет сабағынан дайындап қойған тапсырмасын орындайық.

1. Рольдік-сюжеттік ойын (музыкалық), (ертегі кейіпкерлерінің суретін көрсету.) балалар қандай ертегі кейіпкері екенін тауып алу керек. Жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді анықтау, кейіпкерлерге сипаттама беру.

Келесі қандай мезгіл?

-Дұрыс, қыс

-Қыста қандай мереке болады?

Қыс мезгілі туралы көп біледі екенсіңдер?

Ендеше, қыс мезгілінің тапсырмасы. Жапсыру сабағына байланысты.

Түрлі-түсті қағаздардан гүл жасау.

Музыка қосылып тұрады, балалар музыканы тындай отырып, түрлі-түсті қағаздардан гүл жасайды. Жасаған гүлдерін үстелдің

үстінде тұрған құмыраға салады. (Жақсы істеген оқушыларды мақтап, мадақтау).

«Жылдың төрт мезгілі» ойыны: Жылдың төрт мезгілі орманда кездеседі. Амандасып, бір-бірінен хал сұрасқаннан кейін олардың әрқайсысы «Жаз», «Көктем» және «Қыс» сөздерінің ерекшеліктерімен мақтанады. Мысалы, қыс:

-Мен – қыспын. Ең суық, қаһарлы мезгілмін. Үш ай – желтоқсан, қаңтар, ақпан айында күнді суытып, қарды жаудырамын. Өзендерді, көлдерді қатырамын. Сол кезде қандай мереке бар екені айтылады. Жаңа жыл. Оқушылардан «Қыс» туралы қандай тақпақ, өлең, жұмбақ білетіндері сұралады.

Сабақтың тақырыбы: *«Жылдың төрт мезгілі»*

Сабақтың мақсаты: Бағдарлама бойынша балалардың білімдерін тиянақтау, сандарды (тура, кері) санауға, атай білуге үйрету мақсаты көзделді.

Балаларға жыл мезгілдері туралы түсінік беру, түсініктерін қалыптастыру, ертегі әңгімелеу барысында сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздік қорларын байыту.

Оқушылардың бойына үлкенді сыйлап тыңдай, көмек көрсетуге, табиғатты сүйе білуге, оны қорғауға, ұйымшылдыққа, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ Көрнекілігі: суреттер слайд түрінде, түрлі түсті қағаздар мен қарындаштар Сабақтың әдіс-тәсілі: әңгіме, сұрақ-жауап, ойын.

Бекіту: Балалар, бүгінгі сабақтан не үйрендіңдер? Не білдіңдер?

Қорытынды:

Балалар сонымен біз бүгін 4 жыл мезгілін қайталап, соларға байланысты тапсырмалар орындадық. Сабаққа жақсы қатысқан оқушылар мақтап, мадақталды.

Қорыта келгенде, білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үрдісі болса, қазіргі кездегі білім беру – оқушының пікірін бағалау, оқушыны тыңдай білу. Ұстаз бен шәкірттің бірлесе жасаған еңбегінің нәтижесі – сапалы білім болып табылады. Белгілі педагог В.А. Сухомлинский айтқандай: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды!». Ендеше, баланы ойынға қатыстырып үйрету арқылы

ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп сабақ өткізген ұтымды.

Тапсырмалар:

Жылдың әр мезгіліне байланысты сабақ жоспарын жасап келу

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Тілдерді оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану. Алматы 2010ж

2 Бастауыш мектеп, №3, 2003, А.Әбішева «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері»,

3 Қазақ тілі (дидактикалық материалдар) Алматы кітап 2010ж.

4 Бастауыш сыныпта оқыту. Алматы, 2010ж.

№12 Практикалық сабақтың тақырыбы: Оқытудың белсенді әдістері

Сабақтың мақсаты: Оқытудың белсенді әдістерін қолдану ерекшеліктерін меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Оқытудың белсенді әдістері-оқу материалын меңгеру үдерісіндегі студенттердің танымдық іс-әрекетін арттыруға негіз болатын оқыту тәсілдері.

Белсенді оқыту әдістерінің жіктемесі:

-жартылай кәсіби іс-әрекетті модельдейтін және іскерлік, дағдыны қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық сұрақтар, іскерлік ойындар, кәсіптік жағдаятты талдау, тренинг;

-білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық есептер, жағдаяттар, «дөңгелек үстел», эвристикалық әңгіме, «миға шабуыл», оқу пікірталасы, «кейс-стади», өзіндік жұмыс. Аталған әдіс бірыңғай жоғары деңгейде оқу материалын меңгерген, бір-бірімен іс-әрекет стилі өте ұқсас бола тұра өздерінің жеке қасиеттері: дауыс ырғағы, үндестілік, сөйлеу екіпіні, қимыл-қозғалыстары, мимикасы және т.б. арқылы ерекшеленетін пікірлес әріптестер арасында қолдау тапты. Оқытушы өз ассистентімен (бұл оның әріптесі, оқытушы-тәлімгер, жақсыдаярланған студент те болуы мүмкін) бірлесіп дәріс оқиды.

Студенттер аталған әдістің қолданылуымен өткен сабақты жоғары бағалайтынын практика жүзінен көруге болады. Біріншіден, оқу материалы дайын күйінде берілмей, проблемаларды оқытушымен бірлесе шешу арқылы диалог құру нәтижесінде меңгеріледі. Сонымен қатар, көп көлемдегі ақпаратты азайтады, тек нақтылы фактілер келтіріліп, нақтылы теориялық материал беріледі.

Екіншіден, студенттердің аяқастынан дәрістік сабаққа екінші оқытушы араласқан сәтте еріксіз түрде өз назарын бір субъектіден екінші субъектіге аударуы сияқты психологиялық аспектілері өте құнды. Студенттер назары бақылау, салыстыру, оның іс-әрекетін талдауға ауады. Осылайша назарын басқаға аударудың психологиялық механизмі студенттің өз пайдасына жұмыс істей бастайды. Енді педагогиканы оқытуда жиі қолданылатын белсенді оқыту әдістерінің кейбіріне тоқталып өтейік.

«Жұптасқан дәріс» әдісі—бұл өн бойына оқу материалын репродуктивтік, проблемалық, интеграциялық, және диалогтік баяндау элементтерін жинақтаған оқыту тәсілі. Жұптасқан дәріс әдісін қолдану арқылы өткізілетін оқу сабағына даярлықты қарастырайық:

-бір проблемаға ғалымдардың әр түрлі пікірлері қалыптасқан, мазмұнында қарама-қайшылықтары бар тақырыпты таңдап алу;

-дәрісті оқу сценарийін құру (негізгі сұрақтар, көрнекі құралдарды дайындау, оқу материалын уақытқа бөлу және т.б.);

-оқу тобының сабаққа даярлық деңгейін есепке алу.

Оқытушылардың міндеті оқытылып жатқан тақырып төңірегінде пікірталас тудыру, сонымен қатар айтылған пікірлер, ұсыныстар шындыққа сай келмеуі де мүмкін, ал студенттер міндеті шындыққа жетудің тиімді жолдарын табу. Әдістің өз «артықшылығы» мен «кемшілігі» бар, соларды қарастырайық.

Әдістің «артықшылығы»:

-студенттердің танымдық іс-әрекетін арттырады;

-студенттердің эмоционалды және ынталану сезімдерін жетілдіреді;

-оқу материалын интеграциялау жүйелі ойлау мен жүйелі білімнің қалыптасуына себепкер болады.

Әдістің «кемшілігі»:

-алдын ала дайындық үшін уақыт пен арнайы жағдайларды қажет етеді.

«Пікірталас әдісі»—оқытудың сөздік әдістерінің ішінде елеулі орын алады. Оның оқыту процесіндегі ең басты қызметі-танымдық қызығушылықты ынталандыру, оқушыларды қандай да мәселе бойынша түрлі ғылыми көзқарастарды белсенді түрде талдауға қатыстыру, басқа жеке тұлғанық және өзінің көзқарастарының негіздерін түсінуге жағдай жасау. Пікір-сайыс өткізу үшін оқушылардың дайындығы, талданатын мәселе бойынша кем дегенде екі қарама-қарсы көзқарас болу керек. Білімсіз өткен пікір-сайыс жүйесіз мәселеден ауытқып, нәтижесіз өтеді. Оқу пікір-сайыстары оқушылардың өз ойларын анық және дәл тұжырымдау іскерлігінің болуын, дәйекті дәлелдерді құрастыра білуін талап етіп, оларды ойлауға, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеуге, ой жарыстыруға үйретеді. Оқытушы сөз мәнерінің үлгісі болып, оқушылардың ой-пікірлерін тыңдап, оған әдепті түрде түзетулер енгізіп, өз пікірінің ақиқаттығына таласпай, соңғы сөзді айтуға құқығы бар екендігін студенттердің естеріне салуы қажет. Оқу пікірталасы негізгі, ішінара, жоғарғы оқу орындарында гуманитарлық бағыттағы пәндерінде қолданылады. Жақсы өткізілген пікірсайыс студенттерге білім және тәрбие береді, мәселені терең түсінуге, өз пікірін қорғауға, басқалардың пікірімен санасуға үйретеді. Кітаппен және оқулықтармен жұмыс—оқытудың маңызды әдісі.

«Дөңгелек үстел»-әдісі. Бұл форма қазіргі өндірістегі кәсіби қарым-қатынастың ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл әдісте ынтымақтастықпен жұмыстану және өзара көмекке келу жүзеге асырылады. Әрбір білім алушының интеллектуалдық белсенділікке құқығы бар, семинардың жалпы мақсатына бағытталған, ұжымдық шешім қабылдау және қорытындылар жасауға қатысады. Біріккен жұмыста білім алушы белсенді позицияға иеленеді. «Дөңгелек үстел» принципі, әсіресе пікірталас-семинарда толық сипатталады. «Шағын топтар» әдісі— оқу материалының жалпы сұрақтары жекелеген өзіндік сұрақтарға ажыратылатын және білім алушылар топтары арасына бөлініп берілетін, студенттер өздігінен немесе оқытушының көмегімен хабарлама әзірлейтін оқыту тәсілі. Аталған әдісті қолдану топтың ішінде жұмыс істей алу іскерліктерін дамытады,

студенттердің шығармашылық қасиеттерімен қоса бастамашылықтарын, өздігінен жұмыс істей алу қабілеттерін де жетілдіре түседі.

Тапсырмалар:

«Жұптасқан дәріс», «Пікірталас әдісі», «Дөңгелек үстел» әдістеріне тапсырмалар құрастыру

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 С.Әбенбаев., Г.Ахметова.Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.2014.

2 Искакова М.С.Дефектология негіздері. 2014.

3 Абаева Ғ.А .Арнайы педагогика және психология негіздері 2014

4 А.О.Мұхаметжанова.Тәрбие жұмысының әдістемесі және технологиясы. 2015.

№13 Практикалық сабақтың тақырыбы: Арнайы пәнді жүргізу барысында қолданылатын заманауи технологиялар

Сабақтың мақсаты: Арнайы пәнді жүргізу барысында интерактивті оқыту технологиясын қолдану кезеңдерін меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Интерактивті оқыту технологиясында қолданатын оқыту процесінің құрылымында мына кезеңдерді бөліп көрсетуге болады:

1. Бағыттау. Ойынға қатысушылар мен эксперттерді дайындау кезеңі. Оқытушы жұмыс тәртібін ұсынады, студенттермен бірге сабақтың басты мақсаты мен тапсырмаларын жасап, оқу проблемасын құрастырады.

2. Ойын-сабақты өткізуге дайындық. Бұл – ситуация, нұсқаулар, қойылымдар мен басқа да материалдарды оқыту кезеңі. Оқытушы сценарий жасап, ойын тапсырмаларына, ережелеріне, рөлдерге, ойын бөлімдеріне, ұпай санау тәртібіне тоқталады. Студенттер қосымша ақпарат жинап, оқытушымен ақылдасады, ойын барысы мен мазмұны туралы өзара талқылайды.

3. Ойынды өткізу. Бұл кезеңде ойын процессінің өзі жүзеге асады. Ойын басталғаннан кейін ешкімнің оған араласуға және бағытын өзгертуге хақысы жоқ. Тек жүргізуші ғана қатысушының

әрекетін бағыттап отырады, егер ол бастапқы мақсаттан ауытқып бара жатса. Оқытушы ойынды бастағаннан кейін, аса қажет болмаса оған қатынаспауы керек. Бұл жерде оқытушының міндеті – ойын әрекеттерін, нәтижелерін, ұпай санауды бақылау және түсініспеушілік болған жағдайда түсіндіру, студенттердің сұрағына жауап беріп немесе өтініші бойынша оның жұмысына көмектесу.

4. Ойынды талқылау. Оның нәтижесін талдау, талқылау және бағалау кезеңі. Оқытушы талқылау жүргізеді, оның барысында эксперттер сөйлейді, қатысушылар өз пікірлерін айтып, өз позицияларын және шешімдерін қорғайды, қорытынды жасап, таңғалыстарын айтады, т.б. Интерактивті оқыту технологиясын әр студенттің іс-әрекетін сабақтастыруға (өзара әсерлесудің бүтіндей жүйесі пайда болады: оқытушы – студент, студент- топ, топ- топ), оның оқу әрекетін және тұлғалар арасындағы танымдық қатынастарын байланыстыруға мүмкіндік береді.

Интерактив бір көзқарастың немесе бір ғана сөйлесушінің басым болу жағдайын болдырмайды. Сұхбаттасы оқыту барысында студенттер сыни ойлауды, тиісті ақпарат пен белгілі жағдайды талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, балама көзқарастарды салыстыруды, ақылды шешімдер қабылдауды, дискуссияға қатысуды, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін сабақта жекелей, жұптық және топтық жұмыс ұйымдас-тырылады, зерттеу жұмыстары мен рөлдік ойындар қолданылып, құжаттар және түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды, шығармашылық жұмыстар пайдаланылады.

Интерактивтік оқыту формаларына нені жатқызуға болады? Бүгінгі күні әдіскерлер мен шығармашыл-ұстаздар топтық жұмыстың көптеген түрін жасап шығарды. Олардың ішінде кең таралғандары – «Миға шабуыл», «Аквариум», «Үлкен шеңбер» және т.б. Алдыңғы сабақтардағы білімдері немесе өмірден алған тәжірибелері негізінде аздаған хабары бар қандай да бір мәселе толығымен талқыланатын болса ғана, интерактивтік оқыту формасының тиімділігі жоғары болады. Одан басқа, қарастырылатын тақырып жабық немесе тар мағыналы болуы мүмкін. Мысалы, ұрлық үшін жауапкершілік қандай болу керек немесе салық мөлшері қанша болу керек деген сұрақтарды топ алдында талқылаудың мағынасы жоқ. Талқыланатын мәселенің деңгейі тар экономикалық (құқықтық,

саяси, итарихы т.б.) сұрақтардан гөрі кеңінен қоюға мүмкіндік жасайтындай болу керек.

Тапсырмалар:

Белгілі бір тақырыпта сабақ жоспарын жасау

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері»
Асхат Әлімов. Алматы 2013ж.

2 Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-
әдістемелік негіздері. Пед.ғыл. докт.дисс.авторефераты – Қарағанды,
2002. – 27 б.

3 Сарбасова Б.Қ, Шәушекова Б.Қ. Педагогика негізі. -Қарағанды,
2004. 126 б.

4 Сарбасова Б.Қ, Шәушекова Б.Қ. Педагогика негізі. -Қарағанды,
2004. – 126 б.

№14,15 Практикалық сабақтың тақырыбы: Арнайы пәндерді оқытудағы модульдік технологиясы

Сабақтың мақсаты: Арнайы пәндерді оқытудағы модульдік технологиясын меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Модуль дегеніміз –қандайда бір жүйенің,ұйымның нықталатын, біршама дербес бөлігі.

Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады: кіріспеден , сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады.

Кіріспе бөлімінде тәрбиеші балалармен оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң мұғалім осы модулінің барлық уақытында есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде), сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Тақырып мазмұнына (тұтас тақырып немесе тарау бойынша) «өсу» бағытымен – қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр балаға оқу

материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, тілін дамытады. Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды оқып-үйрену үш негізгі кезеңге тұрады:

- кіріспе –қызықтырушылық
- операционалдық-танымдық
- рефлексиялық-бағалау

Психологтар дәлелдегендей, білімді неғұрлым тиянақты меңгеру үшін балалардың мақсаты түсінуі аса маңызды. Ол үшін мақсат оның мағынасы нақты айқын белгіленіп, мақсатқа жету тәсілдері көрсетілуі керек.

Объектілердің нақты қасиеттері жайлы білімді қалыптастыруға түсіндіруді сызба және белгілік үлгілер түрінде көрініс тапқан әрекетін бастаған тиімдірік.

Қандай да бір құбылысты тану барысында адамда оны түсінгендік, меңгергендік сезімі пайда болуы тиіс.

Жадыны және келешекте алынған білімге сүйену мүмкіндігін қорғау үшін, психолог Л.В.Шешневтің пікірінше , біріншіден , алғашқы түсінбеушілік сезімі жадыда сақталмауы тиіс; екіншіден жады меңгерілген ұғымдар мен түсініктерді қорғау қапшығына , берік жабылған «орамаға» салып сақтауы және ұсынуы тиіс. Мұндай орамы «қызметін» белгі белгілік жүйе атқарады.

Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс балаларды 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы негізінен олардың өзара әрекет етуінен құрылған. Балалардың танымдық қызметі әрбір баланың әр сабақта үш күрделі деңгейде берілген оқу материалын тыңдау, көру және айту мүмкіндігі болатындай етіп құрылған.

Оқытудың ойын түрінде ұйыдастыру және әр түрлі белсенді формаларды қолдану - оқытудың міндетті шарты болып табылады. Сөйлесу бөлімінде алғашында оқу материалын қайта жаңғырту және қарапайым білік пен дағды қалыптастыру мақсатында кейінен – алынған білімді талдау, жинақтау және бағалау мақсатында оқытудың белсенді формалары қолданады. Оқу модулінің сөйлесу бөлімі тарауды тұтас оқып үйренудің екінші - операциялық-танымдық кезеңін іске асыру болып табылады.

Бұл бөлімді қарастыру үшін біз Л.Фридманның төмендегідей ережелеріне негізделген тұжырымдамасына сүйенейік:

1. Бала жеке, топтық, ұжымдық жұмыс барысындағы түрлі қызмет жүйесі ретінде қаралады. Олар баланың қисынды ойлауын, қабілеттерін көзге елестету қабілетін, жадын, шығармашылық және тағы да басқа дамытуға, яғни білім берудің мақсаттары болып табылатын тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

2. Оқытуды басқарудың психологиялық сенімді түрі-ең алдымен баланың қажеттіліктерін, қызығушылығын және қызмет мақсаттарындамытуға жағдай жасау.

3. Басқару икемді болуы тиіс. Балалардың іштей өсуі жүргенде ғана білім дәрежесінің артылуына мүмкіндік болады.

4. Балалар нақты оқу қызметінің мақсаттарын анықтауға тікелей қатысуы керек, яғни басқару тұлғалыққабағытталған болуы тиіс.

5. Оқу процесін басқару балалардың ішкі қуатына және мүмкіндіктеріне негізделіп жүруі тиіс.

Оқу модулінің сөйлесу білімін даярлағанда тәрбиеші оқу материалының негізгі мазмұнын бөліп, құрастырады.

Мұнда балалар оқу материалына қайта оралып, пысықтап, бекітуі үшін оның әр сабақта жеке бөліктермен берілетіні есепке алу керек, бұл бөліктерде қызқаша сыйымды түрде тұтас тараудың мазмұны беріледі.

Пысықтауды қажет ететін материалды тәрбиеші үш күрделілік деңгейінде дайындайды. Үш деңгейдің қайсысын тандайтынын әр оқушының өзі шешеді. Бұның бір маңызы- күрделі, ізденушілік, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды кез келген күрделілік деңгейіндегі бағдарламалық материал тапсырмаларын орындаған балаға, яғни іс жүзінде бәріне де беруге болады.

Бұл бөлімнің сабақтарын жоспарлағанда тәрбиеші балалардың өзара сөйлесуін қамтамасыз етуге баса көңіл аударады.

Тәрбиешінің сөйлесу бөлімін дайындаудағы бес әрекет-қадамнан тұратын даярлық құрылмы қалыптасады.

1. Модульдің сөйлесу бөліміндегі материалдың негізгі мазмұнын белгілеу.

2. Оқу материалын біртұтас, жинақы, «өсу» бағытымен беру.

3. Тақырып бойынша жеңілдететін деңгейдегі және білім стандартының

талаптарын қамтамасыз ететін деңгейдегі тапсырмалар дайындау.

4. Осы бөліктің сабақтарында өзара сөйлесуді қамтамасыз ету.

5. Балалардың пәнге қызығушылығын және креативтігін дамытуға арналған шығармашылық сипаттағы материал дайындау.

Педагогикалық технология негізінде оқу циклін қайта жаңғырту идеясы алынған.

Оның мазмұнына:

1. Оқытудың жалпы мақсатын қою;
2. Жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу;
3. Балалардың білім деңгейін алдын ала бағалау;
4. Оқу әрекетінің жиынтығы;
5. Нәтижені бағалау;

Осының арқасында оқу процесі «модульдік» сипат алып, құрылымы ортақ, бірақ мазмұны әр түрлі жеке блоктардан жасалады. Қайта жаңғыртатын оқу циклі ретінде оқумодулі үш құрылымдық бөлімнен тұрады: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды:

- Кіріспе бөлім(модульге, тақырыпқа енгізу)
- Сөйлесу бөлімі(оқушылардың танымдық қызметін өзара сөйлесу негізінде ұйымдастыру)
- Қорытынды бөлім(бақылау)

Оқу модулін құрудың тағы бір ерекшелігі- тәрбиешінің даярлық жүйесі. Тәрбиеші бір оқу модуліне бөлінетін сағат санын анықтап алғаннан соң, оның мақсатын, мазмұның және нәтижелерін, сондай-ақ осы модуль сабақтарын ұйымдастырудың формасын ойластырып, оқу модулін құрайды.

Бұл технология

-баланың тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға:

-танымдық процестерін дамытуға

- жағымды қызығушылық қалыптастыруға;

-белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін дамытуға:

-тұлғаны қиындықтарға даяр болу және білу, қарым-қатынас, ойын, танымдық, қауіпсіздік,сыйласу, шығармашылық, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруа ықпал етеді.

Кіріспе бөлімінде биоақпараттық технологияның «Снежинка» - әдісі бойынша өткіздім оның негізгі ерекшелігі.

Сұхбат бөлімінің 2-ші сабағында педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Қараевтің деңгейлеп саралап оқыту технологиясын пайдаландым. Ол оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін 4 түрге бөледі.

1. Репродуктивтік деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім негізіндегі тапсырмалар беріледі. Мұнда тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқулықта бар мәселелерге байланысты құрылады.

2. Алгоритмдік деңгей. Мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, тапсырманы орындайды.

3. Эвристикалық деңгей. Оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді

пайдалана отырып, жауап береді. Бұл тапсырмаларды орындауда оқушының ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.

4. Шығармашылық деңгей. Оқушы таза өзіндік дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Технологиялық картаның негізгі ерекшелігі:

Биоақпараттық технологиялық процесс үшін пәндердің логикалық және құрылымдылық тиімділігін анықтауда технологиялық картаның маңызы зор. Бұл орайда, сынып оқушылары үш-үштікке бөлініп отырады. Әр үштік өз дәрежесіне қарай қызмет атқарады.

"Рухтандырушы" – ол есеп шығару кезінде басты идеяларды айтушы.

"Практик" – есептің берілуі мен шығару жолдарын бақылайды.

"Сыншы" – шығарылған есептің қате, дұрыстығын қадағалайды.

Сөз соңында бүгінгі күн талабына сай нақты, терең білім беруде жаңа технологиялар бірден-бір ұстаз сүйенер тұтқа дегім келеді.

Модульдік оқыту технологиясы – баланың белсенді оқу қызметін ұйымдастырады, бала өз әрекетін жоспарлай, талдай, өз бақылай білуге үйренеді.

Арнайы пәндерді оқытудағы модульдік технологиясы – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Ал «модуль» дегеніміз – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгілеген деңгейіне (жоспарланған алдағы нәтиже) жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Басқаша айтқанда, адамның өзіндік дамуының шамасы. Жалпы «модуль» сөзі «оқытудың мазмұны мен технологиясын» білдіреді. «Модуль мазмұны» өзіндік мағына беретін оқу материалының көлемі ретінде ұсынылады.

Модуль – оқу мазмұны мен технологияны біріктіріп тұрған мақсатты функционалды байланыстырушы. Арнайы пәндерде модульдік оқыту технологиясының тиімділігі:

- 1) қысқаша сызбалар арқылы түсіндірілуі;
- 2) оқушылардың әрбір сабақта іс-әрекетін бағалау үшін диалогтық қарым-қатынас негізінде танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру;
- 3) барлық тақырыптар бойынша тест, сынақ жүргізу.

Қорыта айтқанда, модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу моделі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген оқытушының нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады

Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істеу алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Арнайы пәндерде модульдік оқыту технологиясы жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология.

Тапсырмалар:

Бір тақырыпта «Деңгейлеп саралап оқыту» бойынша тапсырмалар құрастыру

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Сарбасова Қ.А. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. – Алматы, 2006.

2 Мұғалімдерге Арналған Нұсқаулық; (II деңгей)

3 «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері»
Асхат Әлімов. Алматы 2013ж.

4 Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-
әдістемелік негіздері. Пед.ғыл. докт.дисс.авторефераты – Қарағанды,
2002. – 27 б.

5 Сарбасова Б.Қ, Шәушекова Б.Қ. Педагогика негізі. -Қарағанды,
2004.

№16 Практикалық сабақтың тақырыбы: Арнайы пәндерде проблемалық оқыту технологиясын қолдану ерекшеліктері

Сабақтың мақсаты: Арнайы пәндерде проблемалық оқыту
технологиясын қолдану ерекшеліктерін меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Проблемалық оқыту - мәні проблемалық ситуация туғызу
мен оқушылардың оқу проблемасын дербес шешулері бойынша іс-
әрекеттерін басқару болып табылатын оқыту түрі. Проблема деп
шешілуі оқушылардан білім алу үшін белгілі әрекеттерді талап
егетін есептердің, тапсырмаларын, теориялық немесе тәжірибелік
мәселелердің әртүрлілігін түсінуге болады

Проблемалап оқыту әдісін жүргізу дидактиканың заңдылық-
тарына байланысты мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1.Проблемалық ахуалдар туғызу жолын алдын ала дайындау.

2.Проблемалық сұрақтарды грамматикалық және стилистикалық
жағынан дұрыс құру.

3.Проблемалық мәселелерді шешу амалдарын күні бұрын дәл
белгілеу.

4.Проблемалық сұрақтардың теориялық анықтамасын заңды
түрде дәлелдеу.

Дәстүрлі оқыту әдісі бойынша мұғалім сабақ тақырыбын
хабарлайды, мазмұнын түсіндіреді, есептер шығартады, талдау
жүргізеді, қорытынды жасайды. Ал, оқушылар мұғалімнің әңгімесін
тыңдайды, тапсырмаларды орындайды, керекті әдебиеттермен
танысады. Мұнда игеруге тиісті оқу мазмұны күні бұрын
дайындалған күнінде оқушылардың қабылдауын талап етеді.

Мұндай оқыту жүйесі репродуктивтік немесе дайын білім беру әдісі деп аталады.

Проблемалап оқыту әдісінің екі түрлі айырмашылығы бар. Біріншісі, оқыту мақсатына байланысты, мұнда оқу материалының мазмұны зерттеледі, ол белгілі бір дәрежеде қорытылады. Нәтижесі практикада сыналып, оқу программаларына, оқулықтарға және қосымша оқу құралдарына жазылады. Екіншісі, педагогикалық процесті ұйымдастыру принципі тұрғысынан қарастырылады. Бұл кезде әдебиеттерде дайындалып көрсетілген білім мазмұнының көшірмесін қайталап өз қалпында түсіну талап етілмейді.

Проблемалық ахуал - оқушылардың игерген білімі мен іскерлікті қалыптастырудағы қажетті ұғымдар мен фактілердің арасындағы сәйкессіздік. Информатика пәнінде оның негізгі көзі берілген есептің математикалық моделін жасау, алгоритмін құру болып табылады. Бұл кезде оқушылардың өзіндік шығармашылық әрекеті орындалады.

Проблемалап оқыту теориясының аумағында әлі де зерттеулерді қажет ететін көптеген мәселелер бар. Бұл маңызды мәселелердің бірі - оқыту процесінде оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мәселесі. Оқу-тәрбиесінде мынандай өзекті проблемалар бар: оқушылардың өз бетінше ойланып, әрекет етулері жеткіліксіз. Бұл проблемаларды шешу үшін, білім үрдісінде инновациялық технологияларды оқып үйреніп, өз іс-әрекетімде енгізу қажет деп ойлаймын.

Проблемалық оқыту-ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және тағы басқа) ескере отырып жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Сондықтан да көбінесе мектеп оқушыларының ойлау қабілеттерін дамытады және сенімдерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Проблемалық оқыту әдісі негізінен екі функциясымен анықтай алады:

1. Ақылой ізденісінің бағытын анықтау, яғни оқушылардың проблемаларды шешудің амалдарын іздестіруі.

2. Оқушының жаңа білімді меңгерудегі танымдық қабілетін дамыту, оқу әрекеті белсенділігін қалыптастыру.

Заманауи білімдендірудің мақсаты мамандарды шығармашылыққа дайындау екені даусыз. Шығармашылық дегеніміз жаңалықты (жаңа нысана, жаңа білім, жаңа проблема, жаңа әдіс) ашу. Осыған орай, проблемалық оқытудың өзі де шығармашыл процесс: бейқалыпты ғылыми-оқу мәселені бейқалыпты әдістермен шешу. Соңғы кезде кең тараған оқу түрінің мәні: мұғалім жаңа білімді дайын түрде баяндамай, оқушылардың алдына проблемалық сұрақтарды қойып, оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін іздеуге бейімдейді.

Аталмыш оқыту жаңадан ғана пайда болған жоқ. Кезінде бұған өз үлес қосқан педагог-ғалымдар: Сократ, Руссо, Дистерверг, Ушинский. Мысалы, Дистервергтің дәлелдеуінше, «жаман ұстаз ақиқатты айта салады, жақсы ұстаз оны іздеп табуды үйретеді».

Мұғалім проблемалық оқытудың барысында оқушы ойына, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар жасай отыра, жауап табу әдістерін үйретеді. Әдетте, оқытудың бұл түрі жаңа оқу материалын түсіндіру кезеңінде қолданылады. Сонымен, проблемалық оқытудың ерекшелігі: оқушыға дайын білім берілмей, одан проблемаларды ізденіс арқылы шешу талап етіледі.

Проблемалық оқытудың күшті жақтары:

- Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады;
- Оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады;
- Оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді;
- Берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді.

Проблемалық оқытудың кемшіліктері:

- Оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруға әлсіз ықпал ету;
- Мақсатқа жету үшін көп уақыт жұмсау.

Қазіргі мектептерде түсіндірмелі және проблемалық оқыту түрлері бірге қатар қолданылады. Білім беру – оқытудың тәрбие мен дамытудың үздіксіз үдерісі. Белгілі балалар психологы Д.Б.Эльконин дәлелдегендей, 3-10 жас аралығындағы балалар біріккен мәдени – білім беру саласында ортақ өмірмен дами отырып, ортақ тәрбиеленіп, ортақ оқып үйреніп өмір сүру керек. Яғни бұдан шығатын қорытынды – бұл сабақтастықтың яғни бастауыш сатыда мазалайтын сұрақтар проблемалары біреу ғана. Ол баланың тілін ой-

өрісін, қиялы мен шығармашылығын дамыту болып, жаңа заман талабына сай жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде оқытып тәрбиелеу. Көрнекті психолог Л.С.Выготскийдің негізі бойынша «Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шығармашылығы деген екен.

Оқу-тәрбиесінде мынадай өзекті яғни актуальды жерлерінде проблемалар бар: Оқушылардың өз бетінше ойланып, әрекет етулері жеткіліксіз. Бір оқу міндетін басқа түрлі жолдармен өзгертіп, шеше білу қабілеттері, сонымен қатар алынған білім-білік дағдыларын қазіргі өмір мен ғылым, техника жаңалықтарымен байланыстырып, салыстырып, зерттеп өз болжамдарын жасау қабілеттері әлі де төмен деңгейде. Ал мұның себебі қайда жатыр және бұл проблемаларды шешу үшін, білім үрдісінде инновациялық технологияларды оқып үйреніп өз іс-әрекетінде енгізу қажет деп ойлаймын. Білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәрбиеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар.

Проблемалық оқыту теориясын В.Т. Кудрявцев, И.Я.Лернер, М.И.Махмутов, А.М.Матюшкин, М.Н.Скаткин білікті маман жеке тұлғасының қалыптасу тұжырымдамасын Л.А.Волович, Г.И.Ибрагимов, Г.В.Мухаметзянова өз еңбектерінде жан-жақты зерттеген. Проблемалық оқыту теориясының негізін қалаушылар оқудағы ойлану қызметі тек қана жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, сол мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін де үйрену деп есептейді. А.М.Матюшкиннің анықтамасы бойынша, «оқытудағы ойланудың негізгі қызметі тек қана жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беретіндігінде. Адам өміріндегі барлық білім жүйесі мен іс-әрекеті оның ойлау қабілетінің нәтижесі. Адамның білімі оның ойлануының көрінісі, яғни негізгі танымдық құралы».

Жоғары білім беретін мектептің міндеттеріне сүйене отырып, оқытудың дәстүрлі типін проблемалық оқытумен салыстырудан шығарылған қорытындылар негізінде проблемалық оқытудың негізгі міндеттерін тұжырымдауға болады. Оларды шартты түрде жалпы және арнайы қызметтерге бөлеміз. Проблемалық оқытудың жалпы міндеттері:

- оқушылардың білім жүйелері мен ақыл-ой және практикалық қызмет

тәсілдерін меңгеру;

- танымдық дербестігі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың өз бетінше ойлау қабілеттерін дамыту.

Бұған қоса проблемалық оқытудың арнайы міндеттері төмендегідей болып бөлінеді:

- білімді шығармашылық меңгеру дағдыларына тәрбиелеу (логикалық әдістерді немесе шығармашылық қызметтің жекелеген тәсілдерін қолдану);

- алған білімді шығармашылықпен қолдану дағдыларына (жаңа ситуацияларда) және оқу проблемаларын шешу шеберлігіне тәрбиелеу;

- шығармашылық қызмет тәжірибесін қалыптастыру және жинақтау (ғылыми зерттеу, практикалық проблемаларды шешу және шындық болмысты көркем бейнелеу әдістеріне ие болу);

Проблемалық оқыту технологиясы негізінде оқушылардың білімді меңгерудің ғылыми дәрежесін арттыру екі әдіс арқылы қамтамасыз етіледі:

Бірінші әдіс - оқытушының түсіндіруін күшейту. Әңгіме дәстүрлі оқыту жағдайындағы оқыту материалын сипаттай түсіндіруден проблемалық оқыту

жағдайындағы дәлелді түсіндіруге көшу туралы болып отыр. Оқытушының негізгі міндеті - түсіндіру жаңа сапаға ие болады, бұл сапа мыналармен сипатталады, оқытушы:

а) өзі жасаған проблемалық ситуация арасында жаңа ұғымның мәнін түсіндіреді;

ә) түсіндіре отырып, сол ғылым тарихында белгілі бір проблеманы шешуге алып келген ғылыми зерттеудің жолдарын, логикасын көрсетеді.

Меңгерудің ғылыми дәрежесін арттырудың *екінші әдісі* - сабақ беру мен оқудың жаңа қатынасын белгілеу, атап айтқанда, оқытушының түсіндірушілік міндетін орынды түрде шектеп, оқу проблемаларын шешу жолымен студенттердің ұғымдарды өздігінен ашу және түсіндіру жөніндегі іс-әрекетін кеңейту. Бұл анағұрлым маңызды тәсіл болып табылады. Өйткені проблемалық оқыту процесінде жаңа ұғымдардың мәнін студенттердің өздері продуктивтік шығармашылық қызмет барысында (оқытушының көмегімен және басшылығымен) ашады, оның үстіне қызмет зерттеу

әрекеттерінің шеберліктері мен дағдыларын қалыптастырады, ал, білімді бір ғана «зердемен емес, өз ойының күш салуымен» алады.

Проблемалық оқыту – ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың негізгі тәсілі, ол адамның танымдық және практикалық қызметін реттеп отыратын белгілі бір жеке бастық субъективтік тұрғы ретінде ұғынылады, дүниетаным теориялық білімнің, практикалық тәжірибенің, идеялық-эмоциялық бағалардың жоғары синтезі ретінде анықталады.

Тапсырмалар:

Проблемалық оқыту технологиясын арнайы пәндерде қолдану әдістеме жазу

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» Асхат Әлімов. Алматы 2013ж.

2 Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед.ғыл. докт.дисс.авторефераты – Қарағанды, 2002. – 27 б.

3 Сарбасова Б.Қ, Шәушекова Б.Қ. Педагогика негізі. -Қарағанды, 2004.

№17 Практикалық сабақтың тақырыбы: Проблемалық оқытудың педагогикалық негізі

Сабақтың мақсаты: Проблемалық оқытудың педагогикалық негізін меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Проблемалық ситуацияның рөлі мен мәнін айқындау оқу процесін оқушының белсенді ойлау қызметінің психологиялық-педагогикалық заңдылықтарын дәйектілікпен есепке алу негізінде қайта құру идеясына алып келді. Жаңа педагогикалық фактілерді теориялық ой елегінен өткізу барысында проблемалық оқытудың негізгі идеясы анықталады: білімдердің елеулі бөлігі оқушыларға даяр күйінде берілмейді, оларды оқушылар проблемалық ситуация жағдайларындағы дербес танымдық іс-әрекет процесінде алады.

Проблемалық оқытудың ең негізгі мақсаты-қазіргі заманғы ғылым жетістіктеріне сүйене отырып, продуктивтік және творчестволық оқу процесінің логикалық жолдарын баяндау. Міндеттер: мұғалімнің проблемалық оқыту процесінің ұйымдастыруының негізгі тәсілдері мен формаларын көрсету, оқытудың ғылымилық дәрежесін жоғарылатып, оқушылардың неғұрлым тиімді жалпы дамуына жағдай тудыру.

1. Проблемалық оқытудың педагогикалық негізі.

Қазіргі педагогикалық оқыту процесінде балаларды жалпы дамыту мәселелері зерттелуде.

Жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке бастың аса маңызды көрсеткіші - жоғары дәрежедегі ойлау қабілетінің болуы. Егер оқыту творчестволық қабілеттерді дамытуға алып келетін болса, онда мұны сөздің қазіргі мағынасында дамыта оқыту деп санауға болады, ал егер олай болмаса, онда басқа емес, тек оқыту процесін активтендіру туралы,оның тиімділігі туралы айтуға болады.

Дамыта, яғни жалпы және арнайы дамуға алып келетін оқыту деп мынадай оқытуды айтады: бұл оқыту жағдайында мұғалім, ойлауды дамыту заңдылықтарына сүйене отырып, арнайы педагогикалық құралдар арқылы оқушыларының ғылым негіздерін оқып үйрену процесінде ойлау қабілеттері мен танымдық қажеттерін қалыптастыру жөнінде нысаналы жұмыс жүргізеді. Осындай оқыту, біздің ойымызша, проблемалық немесе проблемалық-дамытушы оқыту болып табылады.

Проблемалық оқытуды, ол оқыту процесін күшейтетін болғандықтан, активтендіруімен теңестіреді. «Оқытуды активтендіру», «мектеп оқушысының белсенділігі», «оқушының танымдық белсенділігі», «проблемалық оқыту» терминдері көбінесе сараланбай қолданылады. Оқытуды активтендіру принципін оқушыларын ақыл-ой жұмысын күшейту жолында күрескендердің бәрі-ақ ұсынып келді. Алайда бұл ұғымдардың мазмұнын анықтауда да, белсенді оқудың мәнін түсінуде де пікір бірлігі болмады.

Егер ойлау психологиясының қорытындыларын ескеретін болсақ, «оқытуды активтендіру» мен «проблемалық оқыту» ұғымдарының айырмашылық мәні жақсы түсініледі. Психологтар «белсенді ойлау», «өздігінен ойлау», «творчестволық ойлау»

ұғымдарын айқын ажыратады. Ойлау әрқашан белсенді және әртүрлі дәрежеде болады. Сондықтан оқудың кез келген үрдісі белсенді.

Проблемалық оқыту оқушыларды ақыл-ой әрекеттеріне бұлайша жаттықтыруға әкеп саймайды. Проблемалық оқыту жолымен активтендірудің мақсаты-оқушылардың ұғымдарды меңгеру дәрежесі көтеріп, кездейсоқ, стихиялы түрде қалыптасқан тәртіптегі жекелеген ойлау операцияларына емес, қайта стереотипті емес міндеттерді шешуге арналған ақыл-ой әрекеттерінің жүйесіне үйрету. Бұл белсенділік мынадан көрінеді: оқушы фактілік материалды талдап, салыстыра, синтездей жалпырастыра, нақтылай отырып, одан өзі жаңа информация алады. Басқа сөзбен айтқанда, бұл-бұрын менгерген білімінің көмегі арқылы білімдерін кеңейту, тереңдету және бұрынғы білімдерін жаңаша қолдану болып табылады. Бұрынғы білімдерін жаңаша қолдануға кітап та, мұғалім де үйрете алмайды мұны тиісті ситуацияға тап болған оқушы іздейді әрі табады. Оқушылардың ақыл-ой әрекеттерінің жүйесіне біртіндеп ие болуы шеберліктердің, дағдылардың, сондай-ақ әрекеттер жасау тәжірибесінің жинақталуына, ақыл-ой қызметінің сапасының өзгеруіне, әдетте ғылыми, сыни, диалектикалық деп аталатын ойлаудың ерекше типінің қалыптасуына алып келеді.

Тапсырмалар:

«Оқытуды активтендіру», «мектеп оқушысының белсенділігі», «оқушының танымдық белсенділігі», «проблемалық оқыту» терминдеріне түсініктеме, мысалдарымен жазу

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» Асхат Әлімов. Алматы 2013ж.

2 Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед.ғыл. докт.дисс.авторефераты – Қарағанды, 2002. – 27 б.

3 Сарбасова Б.Қ, Шәушекова Б.Қ. Педагогика негізі. -Қарағанды, 2004.

№18 Практикалық сабақтың тақырыбы: Арнайы пәндерді оқытуда проблемалық оқыту технологиясын сабақта қолдану.

Сабақтың мақсаты: Арнайы пәндерді оқытуда проблемалық оқыту технологиясын сабақта қолдануды меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Проблемалық оқытудың мақсаты-ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзі де, процесінде меңгеру, оқушының танымдық дербестігін қалыптастырып, оның творчестволық қабілеттерін дамыту.

Проблемалық оқыту процесін ұйымдастырудың негізінде оқушының оқу-танымдық ізденіс әрекетінің (білімдерді проблемалық меңгерумен байланысты) принципі, яғни олардың ғылым қорытындыларын, әрекет тәсілдерін ашу, жаңа нәрселерді немесе білімдерді практикада қолданудың тәсілдерін ойлап табу принципі жатыр.

Проблемалық оқытуда мұғалімнің түсіндіруі мен оқушылардың репродуктивтік қызметті талап ететін міндеттер мен тапсырмаларды орындауы жоққа шығарылмайды. Бірақ ізденіс қызметінің принципі әсіресе жаратылыстық-математика пәндерінде басым түсіп жатады.

Проблемалық оқыту жағдайындағы мұғалімнің қызметі мынадан тұрады: ол қажетті жағдайда неғұрлым күрделі ұғымдардың мазмұнын түсіндіре отырып, ұдайы проблемалық ситуациялар жасайды, оқушыларға фактілерді хабарлап, олардың оқу-танымдық қызметін фактілерді талдау негізінде оқушылар өздіктерінен қорытындылар мен жинақтауларды жасайтындай, ұғымдарды, ережелерді, теоремаларды, заңдарды тұжырымдайтындай немесе белгілі жаңа ситуацияға өздігінен қолданатындай (ойлап табады, жоспарлайды, әдемілеп жасайды), ал немесе, ақырында, шындық болмысты көркем бейнелейтіндей (өлеңдер, шығармалар жазады, сурт салады, ойнайды) етіп ұйымдастырады.

Соның нәтижесінде оқушыларда ақыл-ой операциялары мен әрекет дағдылары, білімдерді тасымалдау дағдылары қалыптасады, зейін, ерік, творчестволық қиял, ойлап тапқыштық дамиды, жаңа білімдер мен гипотезалар ұсыну және оларды негіздеп дәлелдеу жолымен әрекеттің жаңа тәсілдерін табу қабілеті қалыптасады.

Проблемалық оқыту оқытудың біртұтас типі ретінде озат педагогикалық тәжірибені жинақтау мен оны теориялық дәлелдеудің негізінде пайда болды. Ол өз бойына алгоритмдерді, программаланған тапсырмаларды, ақыл-ой қызметінің тәсілдерін кезеңге бөліп қалыптастыруды және т.б. қолдану мүмкіндігін қамтиды.

Проблемалық оқыту мұғалімге оқу материалы мен оқыту әдістерін түрлендіріп отыруға мүмкіндік береді. Оқу проблемаларының әр түрлі типтерінің болуы оқушының ізденіс, ішінара ізденіс, конструкциялы-өнертабыс, көркем оқу-танымдық іс-әрекеті мен репродуктивтік және практикалық сипаттағы өздігінен орындайтын практикалық жұмыстарын немесе мұғалімнің оқу материалын баяндап беруін қамтамасыз етеді.

Проблемалық ситуация мен оқу проблемасы проблемалық оқытудың негізгі ұғымдары болып табылады, проблемалық оқыту сабақ беру мен оқу қызметінің механикалық қосылуы ретінде емес, қайта осы екі іс-әрекеттің диалектикалық өзара әсер етісуі мен өзара байланысы ретінде қарастырылады. Олардың әрқайсысының өзінің дербес функциялық құрылымы болады.

Көрнекті психолог Г.С.Костюк бала дамуының қозғаушы күші қайшылық болып табылады деген қорытынды шығарды және олардың әрқайсысының өзінің дербес функциялық құрылымы болады. Оған ілесе дидакт М.А.Данилов оқу процесінің қозғаушы күші, бір жағынан, бүкіл оқыту барысы алға қоятын таным міндеттері және екінші жағынан, оқушының білім, шеберлік, дағдысы мен оның ақыл-ой дамуы дәрежесінің арасындағы қайшылық болып табылады деп анықтады. Бұл қорытынды оқытуды активтендіру теориясының дамуындағы аса маңызды кезең болып табылды және психологтар мен дидакттердің эксперименттік зерттеулерінің нәтижелерімен ұштастырылып, қазіргі дидактиканың негізіне алынды.

Проблемалық оқытуға барлық оқушылардың шамасы жете ме? Іс жүзінде барлығының дерлік шамасы жетеді. Алайда оқушылардың жас және даралық еркешеліктеріне, олардың проблемалық оқытудың методтарына үйретілу дәрежесіне байланысты проблемалық деңгейі мен танымдық дербестік дәрежесінің айырмасы болады.

Проблемалық оқытудың теориялық мәселелерін М.И.Махмутов, Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин, И.Я.Лернер, Д.В.Вильнеев, Ю.Н.Бабанский және т.б. кең зерттеген еді.

Қазіргі ғылым мен техниканың шарықтап алға басқан кезеңінде проблемалы оқытуды игеріп, оқу-тәрбие жұмыстарында қолданбаса болмайды. Проблемалық оқытуды игеруге бағытталған біз ұйымдастырған ізденіс жұмыстары проблемалық оқыту сабағының дәстүрлі аралас сабаққа қарағанда біршама артықшылықтары барлығына көз жеткізді.

Ізденіс жұмыстары колледж оқытушыларын қатыстыра отырып жүргізілген болатын. Колледжде әр сабақтың ұзақтығы 90 минут болатынын ескерсек, мұнда проблемалы оқытуды енгізуде мектептерге қарағанда мүмкіндігі мол. Өйткені проблемалы оқыту сабағын өткізуде уақыт тапшылығы болмағаны жақсы.

Проблемалы сабақ барысында жіберілген қателіктерді анықтап, талдау жасауға ерекше көңіл бөлінуге тиіс және бұндай жұмысты оқушылармен бірлесіп жұмыс жасаудың барлық кезеңінде жүргізіп отырған жөн.

Ізденіс жұмыстарын өткізу кезеңінде оқушылардың жіберген қателіктерін талдаудың мынадай бағыты белгіленді:

- оқушылар жіберген қателіктерді анықтап алу;
- қателіктер кеткендігіне оқушылардың көздерін жеткізу (дәлелдеу);
- қателіктердің жіберілу себептерін оқушылар күшімен анықтау;
- оқушылар қателіктердің жіберілу себептерін өз күшімен анықтай алмаған жағдайда оларға көмек көрсету;
- оқушылармен бірлесе отырып қателіктерді түзету.

Ізденіс жұмыстары мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- проблемалы оқыту сабақтары дәстүрлі аралас сабақтармен салыстырғанда, біріншіден, көп дайындықты қажет етеді, екіншіден, сабақтың жүрісі көп уақытқа созылады (кезеңдер саны екі еседей көп және оқушылардың ойланып – толғануын қажет етеді);

- белгілі бір пәнді бөлінген сағатына сай игеру үшін пән программасында көрсетілген тақырыптарды негізгі және қосалқы материалдарға бөліп алу қажет;

- қосалқы материалдарға бөлінген сағаттарды азайту арқылы негізгі материалдарға арналған сағаттарды көбейтуді ойластыру қажет;

- негізгі материалдарды оқытуды проблемалы сабақтарды ұйымдастыру арқылы өткізуге тырысып, қалғандарын дәстүрлі аралас сабақтармен өткізу пән тақырыптарын үйлесімді игерудің ең тиімді жолы екендігі анықталды.

Оқушылардың әр түрлі оқу есептерін шығару, қойылған мәселелерді шешу кезінде өз білімдерін қолдана білуіне, маңыздысын іріктей білуіне, терең ойлай білуіне жасалынған талдау, проблемалық оқытудың арқасында оқушылардың жоғары дәрежеде өз бетімен жұмыс істеу қасиеті қалыптасатынын көрсетеді. Оқушылар талдаудың, іріктеудің, жіктеудің логикалық операцияларын ойдағыдай игере отырып, өз білімдерін жан- жақты қолдана білуге үйренеді. Сонымен қатар, оқушыларда ойлап-талғаудың биік деңгейі мен ақпараттарды өз күшімен игеру қасиеттері пайда болады.

Оқу тәрбие үрдісінде проблемалық оқытуды мұғалім жаңа материалды түсіндірген кезде мұғалім сұрақты шебер қою арқылы қарама-қайшы ситуациялар жасайды, бұл ситуациялар оқушыларда қайшылықты шешетін жауап табуды қажетсіну сезімін күшейтеді.

Мұғалімдер білімдерді меңгеру дәрежесін анықтау үшін оқушыларға ұдайы сұрақтар беріп отырады. Бұл жағдайда тіпті күрделі де маңызды сұрақтардың өзі де, әдетте, проблема қойғандық болып табылмайды: олар белгілі білімдерден тұратын жауаптар алу мақсатымен беріледі. Әрине, мұндай сұрақтар оқушылардың белсенді ойлау қызметіне түрткі болмайды; ес мидың қоймасында бар дайын информацияны іздегенде қиналмай жұмыс істейді. Информациялық сұрақтар дегеніміз осы.

Оқушыларда интеллектуалдық қиындық тудыратын сұрақтар проблемалық сұрақтар болып табылады, өйткені оларға берілетін жауаптар оқушының бұрынғы білімдерінде де, мұғалім ұсынатын информацияда да жоқ. Сұрақтардың бұл өзгешелігін педагогтар бұрын да кездестіріп отырған және оларды «қиындығы бар сұрақтар» деп атаған.

Проблемалық сұрақта әлі ашылмаған (оқушылар тарапынан) проблема, белгісіз дүниелер, жаңа білімдер болады, оларға қол жеткізу үшін қандай да бір интеллектуалдық әрекет, белгілі нысанадағы ойлау процесі қажет.

Сұрақ тек төмендегі жағдайларда ғана проблемалық сұраққа айналады:

- оның бұрын меңгерілген ұғымдармен де, сондай-ақ белгілі оқу ситуациясында меңгерілуге тиісті ұғымдармен де логикалық байланысы болуы қажет;

- онда танымдық қиыншылық және белгілі мен белгісіздің көзге түсетін шекаралары болуы керек;

- жаңаны бұрыннан белгілі мен салыстыру таң қалу сезімін, өзінде бар білім, шеберлік және дағды қорымен қанағаттанбаушылық тудыруы тиіс. Мәселенің бұл жағы ерекше маңызды, өйткені ол танымдық қиындықты қызығушылықпен және қабылдаудың эмоциялылығымен байланыстырады.

Практика көрсетіп отырғандай, проблемалық ситуациядан шығудың төрт жолы болуы мүмкін:

а) проблеманы мұғалімнің өзі қойып, өзі шешеді;

ә) мұғалім проблеманың тұжырымдауға, болжамдар ұсынуға, гипотезаны дәлелдеу мен шешімді тексеруге оқушыларды қатыстыра отырып, проблеманы өзі қойып, өзі шешеді.

б) оқушылар проблеманы өздіктерінен қойып, бірақ оны мұғалімнің қатысуымен (ішінара немесе толық) және көмегімен шешеді;

в) оқушылар проблеманы өздіктерінен қойып, оны мұғалімнің көмегінсіз (бірақ, әдетте, оның басшылығымен) шешеді.

Әлемдік тәжірибеде бірнеше түрлі өзара балама мектептер баршылық, әрбіреуінің ұтымдылығы әр түрлі. Мысалы, дәстүрлі мектеп түлектерінің білімділік деңгейі жүйелілік, теориялық, ғылыми тұрғыдан қарастырғанда жоғары, бірақ сол білімдерін қолдануға іскерлік қасиет-қабілеттерінің шеңбері тар болып келеді. Ал қызығу мен қажеттілікке негізделген еркін тәрбие мектептерінде білім беру үдерісі оқушылардың еріктері мен танымдылық дамуын шектейді, мұнда психиканың механикалық есте сақтау қызметі жөнді дамымайды деген астарлы пікір бар. Сондықтан, болашағы мол болып көрінетін дәстүрлі оқыту мен балама оқыту әдістемелерінің үйлестірілген түрі керек. Мұнда тасада қалдырмайтын мәселе - қайсысынан қандай элементтер, қандай негізде таңдалынып, қандай қатынаста құрастырылатындығы.

Проблемалық оқыту «проблема», «проблемалық сұрақ», «проблемалық тапсырма», «проблемалық жағдай» («ситуация») деген ұғымдарды қамтиды.

Проблема дегеніміз-субъектінің өзінде бар іздену құралдарымен (білім, икемділік, іздену тәжірибесі және т.б.) шешуге болатын жағдай. Кез келген сұрақ, тапсырма проблемалы бола бермейді. Олардың проблемалық болуының негізгі шарты - оларға жауап іздеуде оқушыға даяр жауап не үлгі болмайды және ол өзінің білетіні мен білмейтінінің арасындағы қайшылықты басқаша айтқанда, берілген проблеманы шешуге керекті білімнің немесе тәсілдің онда жетіспей тұрғанын сезінеді.

Тапсырмалар:

Проблемалық оқыту оқытудың біртұтас типі ретінде озат педагогикалық тәжірибені жинақтау

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» Асхат Әлімов. Алматы 2013ж.

2 Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед.ғыл. докт.дисс.авторефераты – Қарағанды, 2002. – 27 б.

3 Сарбасова Б.Қ, Шәушекова Б.Қ. Педагогика негізі. -Қарағанды, 2004.

№19 Практикалық сабақтың тақырыбы: Арнайы пәндерді оқыту жүйесіне қатысты жұмыстардың нәтижелерін есепке алу және бағалау

Сабақтың мақсаты: Арнайы пәндерді оқыту жүйесіне қатысты жұмыстардың нәтижелерін есепке алу және бағалауды меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Білім алу қажеттіліктері ерекше балалардың практикалық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың әдістемесі.

1.Арнайы мектепте практикалық жұмысты ұйымдастырудың мақсаты және міндеттері.

2. Білім алу қажеттіліктері ерекше оқушылардың практикалық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың формалары мен әдістері.

Педагогика ұжымды құру және жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудағы оның мүмкіндіктерін зерттейді, яғни ұжымды тұлғаға мақсатты түрде ұжым арқылы әсер ету құралы ретінде қарастырады.

Ұжым проблемасын педагогика ғалымының қайраткерлері және халық ағарту ісінің озат өкілдері: А.В.Луначарский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, П.П.Блонский, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлиинский аса зор көңіл аударып зерттеді.

А.В.Луначарский жаңа адамды қалыптастырудың негізгі жағдайы ұжым болады деді. Оның айтуынша, адамды тәрбиелеу, демек, ол, адам біздің заманымызда ұжымшыл, қоғамдық мүддені жеке басының мүддесінен жоғары санайтын болуы тиіс. Тұлға ұжым негізінде ғана дамиды.

Н.К.Крупская тұлғаның дамуы мен қалыптасу ортасы ұжым деп атады. Ол балалар ұжымын құру жолдарын және оның теориялық негіздерін ашып көрсетті. Мектептегі қоғамдық ұйымдарға, олардағы балалардың қарым-қатынастарына үлкен мән берді. Балаларды ұжымда өмір сүре және жұмыс істей алатындай етіп тәрбиелеудің қажет екенін ескертті.

С.Т.Шацкий коммуна-мектептер негізінде мектеп ұжымын құру мүмкіндігін дәлелдеді және тәрбиеленушілерді тиімді ұйымдастыру формасы ретінде бастапқы мектеп ұжымының әрекеттілігін растады, ол ұжым - әрбір баланың жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына үлкен перспективалар ұсынады деп көрсетті.

А.С.Макаренко алғашқылардың бірі болып тәрбиелеуші ұжым тұжырымдамасын негіздеді. Оның балалар ұжымын құрудың негізіне алынған педагогикалық принциптері ұжымның әрбір мүшесінің міндеттері мен құқықтар жүйесін нақты көрсетіп, олардың әлеуметтік позицияларына нақтылады.

В.А.Сухомлинский мектептің міндеті - ұжымда оқушы тұлғасының шығармашылық өзін - өзі дамытуын қамтамасыз ету. Ол оқыту мен тәрбиеленушілердің идеялылық өмірінің біртұтастығын қамтамасыз ететін біртұтас педагогикалық процесті сәтті құруды жүзеге асырды, ол оқушылар ұжымын педагогикалық ұжыммен белсенді өзара әсер етуін қамтамасыз етті.

А.В.Луначарский тұлғаның адамдық ерекшеліктерінің қалыптасуы тек ұжымның негізінде ғана толық дамиды деп анықтады. Ұжым негізінде жеке тұлғалық ерекшеліктерді дамытуды жекелік пен қоғамдық бағыттылықтың бірлігін қамтамсыз еткенде іске асыруға болатындығын ашып көрсетті.

Қазіргі заманғы тәрбилеуші ұжымның тұжырымдамасына (Т.А.Куракин, Л.И.Новикова, А.В.Мудрик) тоқталсақ, оны қоғамның өзіндік моделі ретінде қарастырады. Балалр ұжымы қоғам алдында тұрған тәрбие міндеттерін іске асыру құралы болып табылады, ал бала үшін ол өмір сүру ортасы мен аға ұрпақтың жинақтаған әлеуметтік тәжірибесін меңгеру ортасы ретінде қарастырылады.

Ұжымбұл көзделген мақсатқа жетудегі ұйымшылдық пен мақсаттылық, іс-әрекетімен сипатталатын адамдар тобы.

Тұлға жан-жақты даму мүмкіншілігін ұжымнан алатын болғандықтан ұжымда тұлғаның бас бостандығы болуы басты шарт болып табылады.

Ұжым - бір мақсатқа бағытталған мекемелерде жұмыс істейтін адамдардың немесе білім беру орындарында оқитын студенттердің, оқушылардың және т.б. тобы.

Әр бір ұжым – бұл топ, бірақ әрбір топ ұжым бола алмайды. Ұжым контактылы және негізгі болып екіге бөлінеді.

- Контактлы ұжым - бұл ұжым белгілері бар бастаушы топ.
- Негізгі ұжым – бұл контактылы ұжымдардың бірлестігі.

Мысалы, контактылы ұжым - *бұл студенттер тобы*, негізгі ұжым - *факультет т.б.*

Қоғамда ұжымдарды ортақ іс-әрекеттерінің түрлеріне қарай ажыратады.

Кәсіпшіл ұжымдар(*өндіріс, шығармашылық, әскери, оқу орындары*);

Қоғамдық ұйымдар (*партиялар, бірлестіктер, кәсіподақтар*);
Ерікті қоғамдар, өз әрекетімен ерекшеленетін ұжымдар
(*көркемөнерпаздар, коллекционерлер*).

Балалар ұжымы – бұл әлеуметтік маңызды ортақ мақсаттары бар және оларды іске асыруға бағытталған бірлескен іс-әрекет біріктіретін балалар тобы.

Балалар ұжымы – тұлғаны мақсатбағдарлы әлеуметтендіру және тәрбиелеу факторлары. Оның тұлғаға ықпалы ұжымның мақсаты мен міндеттеріен ұжым мүшелері саналы ұғынғанына байланысты және оларды өзінің жеке міндеттері деп қабылдауына байланысты. Жеке және әлеуметтік мақсаттардың біртұтастығы ұжымдық қоғамдық маңызды іс-әрекетте көрінеді және ұжымда байқалады.

Ұжымшылдық – ұжыммен ынтымақтастық, өзін оның бір мүшесі деп сезіну сезімі, топ және қоғам үшін пайдалы әрекеттерге дайын болуы. Қалыптастыру жолдары: оқуда, еңбекте, қоғамдық жұмыстарда

ынтымақтастық пен өзара көмекті ұйымдастыру, мәдени – жаппай және спорттық шараларға бірлесе қатысу; оқушыларға перспективаны анықтату және оларды бірлесе орындалуын қамтамасыз ету, балардың қоғамдық ұйымдарының жұмысын белсендіру.

Ұжым дамуының қозғаушы күші – перспектива болып табылады. Перспективалар жақын, орта, алыс перспективалар деп бөлінеді:

Жақын перспектива – күнделікті туындайтын тұлғаны әр түрлі іс-әрекетке ынталандыратын мақсаттар.

Орта перспектива – орта аралық мерзімге (апта, ай) арналған ұжымдық іс-әрекеттің проектісі.

Алыс перспектива – ұзақ уақыт талап ететін, маңызды және мәнді нәтижеге бағытталған мақсаттар.

Тапсырмалар:

1. Арнайы мектепте практикалық жұмысты ұйымдастырудың мақсаты және міндеттері.

2. Білім алу қажеттіліктері ерекше оқушылардың практикалық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың формалары мен әдістері.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Омарбекова Ш.О. Білім беру жүйесінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. 2015.

2 Баширова Ж.Р. [ж.б.]. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.

№20 Практикалық сабақтың тақырыбы: Арнайы пәндерді оқыту жүйесіне қатысты оқытудың дидактикалық принциптері.

Сабақтың мақсаты: Арнайы пәндерді оқыту жүйесіне қатысты оқытудың дидактикалық принциптерін меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Оқыту принциптерін оқытудың мазмұнын, әдістерін, ұйымдастыру формаларын анықтайтын басқару жүйесін ретінде қатыстыруға болады. Негізінен бұл дидактикалық мінез-құлық нормалары. Бұл нормаларды сақтау арқылы мұғалім оқушыларды әлем туралы жүцелік білімнің негіздерімен таныстырады, олардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін, көзқарастарын қалыптастырады. Егер оқыту мақсаты – неге оқыту керектігін анықтай болса, ал оқыту принциптері оны қалай іске асыру керектігін анықтайды. Еңбекке баулу пәнінде қолданылатын оқыту процесі ұйымдастыру нормаларын атап көрсетуге болады:

- көрнекілік принципі;
- жүйелік және бірізділік принципі;
- оқыту процесіндегі оқушылардың саналық және белсенділік беріктілік принципі;
- оқушылар білімнің беріктілік принципі
- теория мен тәжірибенің, оқудың өмірмен байланыстылық принципі;
- ғылымилық принциптері.
- оқушылар білімнің жылдамдылық принциптері.

Осы барлық басқау жүйелері бір- бірімен тығыз байланысты.

Принциптердің топтастылуы:

Көрнекілік принципі. Ян Амос Коменский өзінің «Ұлы дидактикасында» көрнекілік оқытудың «алтын ережесін» қалыптастырған. Осыған сәйкес заттардың өзін, бейнесін өзіндік қабылдау арқылы байқап, тануға болады, яғни дәлірек айтсаң: көруге болатынды – көрсету, есіте алатынды- естірту, иісті, дәмді – сезім мүшелерімен сездірту, түйсікті туғызу.

Бастауыш сынып оқушылары (7-12жас) нақты-бейнелі ойлаумен сипатталады. Оқушылар оқу процесінде материалды сөзбен түсіндіргенде емес, ал көрнекіліктерді қолданып түсіндіргенде жақсы меңгереді. Жоғары сынып оқушыларын оқыту барысында керсінше

сөздік – логикалық ойлау басым болып келеді. Бұл жағдайлар технология пәнін жүргізу барысында көрнекілік принциптерімен байланысты екі маңызды дидактикалық принципті сақтауда ескерілуі қажет:

1. Іс- әрекетті тікелей зерттеу, яғни бақылауға, өлшеуге жіне іс-ірекеттің басқы тәжірибелік түрлеріне негізделген зерттеу. Бқлар оқушыларға сабақ барысында зерттелетін тақырыпты түсіну өте қажет.

2. Оқушы нақты заттар, құбылыс және процестерді зерттеу арқылы дұрыс, жүйелі білімді меңгеру үшін, оның танымдық іс-әрекетін дұрыс басқара білу керек, яғни оны сәйкес нұсқаулар жүйесімен қамтамасыз етіп, оқушының назарын оқытылатын пәнге аудару керек.

3. Психологиялық жағынан көрнекілікті заттық, бейнелік сөздік деп бөлуге болады. Заттық көрнекілік технологияда өндірістік объектілерді (көліктерді, көлік бөлшектерін, шикі заттарды және т.с.с), жұмыс тәсілдерін қабылдауды болжайды. Бейнелік көрнекілік оқу және көрнекі құралдар арқылы жүзеге асады: үлгілер және макеттер, оқу кестелері, технологиялық қарталар, диапозитивтер, диафильмдер, теледидар және видео фильмдер. Сөздік көрнекілікке оқушылардан нақты көріністі тудыратын педагогтың ашық, бейнелі айқын сөзі жатады.

Тапсырмалар:

Көрнекілік принципіне басымдылық бере отырып, сабақ жоспарын құрастыру

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Омарбекова Ш.О. Білім беру жүйесінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. 2015.

2 Баширова Ж.Р. [ж.б.]. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.

3 Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.

4 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

№21 Практикалық сабақтың тақырыбы: Арнайы пәндерді оқытуда жүйелілік және бірізділік принципіннің жүзеге асырылуы

Сабақтың мақсаты: Арнайы пәндерді оқытуда жүйелілік және бірізділік принципіннің жүзеге асырылуын меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Жүйелік және бірізділік принципі. Іс-әрекеттің жетістігі, қойылған мақсатқа жетудегі жұмыстағы жүйелілікке байланысты. Әсіресе, бұл еңбекке баулу барысында өте маңызды. Жүйелілік принциптің негізі мынада: оқытуда оқу материалының логикасын қатан сақтағанда, оқушылар білім, білік, дағдыларды үзіліссіз меңгереді. Онда мынадай талап қойылады: жаңа материалды түсіндірместен бұрын, өткен материалға қысқаша шолу жасап, оның қаншалықты меңгерілгендігін тексеру қажет. Бұл дидактикалық ережелер сынып сабақтарын тыс сабақтарды да қамтиды. Еңбек пәнінің мұғалімі сабаққа әзірлену барысында келесідей дидактикалық ережелерді назарға алады:

1. Нақты бөлімді зерттеу барысында материалды сабақтар бойынша тарауларға бөлу қажет, және бұл «бөліктер» бірдей болуы керек.

2. Оқушылардың жаңа материалмен танысуындағы жетістіктерінің басты шарты олардың меңгерген білімдеңгейлерін анықтау және осы білімнің жүйелі түрде қолданылуын анықтау.

3. Әрбір сабақта оның мазмұнды орталығын анықтау маңызды болып келеді, соған сәйкес тәжірибелік зерттеу жүйесін, білім, дағдыны көрсетуге болады.

4. Технологияның алғашқы сабағынан бастап оқушыларды өзіндік жұмыс істеуге үйрету керек, өз білімдерін өздері толықтыратындай етіп, жағдайлар жасау керек.

Жүйелілік және бірізділік принципін дұрыс жүзеге асырумен байланысты технология мұғалімінің тағы да міндетін көрсетуге болады. Бұл принцип мұғалімнің өзінен де сабақтарға деген жүйелік дайындықты, әрбір сабақтың тақырыбын мұқият талдауды, оқыту нәтижесін объективті бақылауды, бағалауды талап етеді.

Я.А.Коменский, материалдың сәйкестігін көрнекілік секілді, табысты оқу процесінің маңызды шарты ретінде есептеу, келесі дидактикалық ережелерді көрсетеді.

1. Оқыту процесінде оқушыға не жақсы және осыған дейін таныс емес болып келген мәселеге көшу керек.

2. Оқыту процесінде жеңілден күрделіге көшіп оқыту керек.

3. Оқыту процесінде таныстан бейтанысқа көшіп оқыту керек.

4. Оқыту процесінде оқыту жылдамдығының ерешеліктерін жеке оқушының ілгері тарту мақсатын ескеру керек.

Оқыту процесіндегі оқушылардың саналылық және белсенділік принципі. Еңбекке баулу процесінде оқушылардың саналылық және белсенділік принципі төмендегідей бірнеше дидактикалық ережелерде атап көрсетеді.

1. Оқушылардың жекелей қызығушылықтарын, білім алу деген ынтасын дамытып, белсенді қоғам мүшесі екенін ұмытпау

2. Оқушылар алдына жағдаяттар қойып, талдай білу дағдысын, іскерлігін талап ету.

3. Оқушыларды ұжымдық жұмыс формаларына қатыстыру үшін жағдайлар жасау.

Оқушылар білімінің беріктілік принципі.

Ақпараттың ағынның дамуы, ақпараттың мазмұнның дамуы шартында «Технология» мәселесіне қатысты болашақ еңбек іс-әрекетіне дайындауда білімінің беріктілігіне деген беталыс өзгеруі мүмкін. Еңбек мұғалімінің қажетті ақпаратты тауып, ізденуге деген мақсатқа бағытталған іс-әрекеті өте маңызды. Егер оқушы алғашқы сабақтан бастап-ақ сөздік кестеге қарап отырса, ол әдетке, нормаға айналып, кейін балада құнды кәсіби дағды қалыптасатын болады.

Теория мен тәжірибенің, оқытудың өмірмен байланыстылығы принципі.

Мектеп бағдарламасына «Технология» білім бөлімінің енуі, осы принципке жаңа бағыт берді. Өйткені еңбекке баулу пәнінде сабақты теориялық және тәжірибелік деп бөлу болмайды. Теориялық материалды оқудан тәжірибелік іс-әрекетке көшуді қамтамасыз ету үшін теориялық мәліметтерді жеке сабақтарға бөледі. Осылайша, жаңа технологиялық бағыттар (биотехнология, нанотехнология, инженерлік генетика және т.б.) қалыптасады. Мектеп бұл бағыт бойынша артта қалады. Бірақ ол өзінің түлектерін шынайы өмірге

дайындап, қоғамда өз орнын табуға деген қасиетті қалыптастырып, уақытқа сәйкес келуі керек.

Ғылымилық принцип. «Технология» пәні көптеген технологиялық бағыттардың бірігуін, сәйкестігін қарастырады. Бірақ олардың барлығы мемлекеттік стандартта бекітілген, нақты технологиялық көрінісі бар өндірістік процестермен байланысты. Техникалық өлшеулер, электрлік-радио технологиялар, бағдарламалық тілдер, экономикалық терминдер-осының барлығы ғылыми бағытты қалыптасып, стандарт бойынша Халықаралық ұйымының талабына, мемлекеттік нормативке сәйкес келеді. Жоғары дәрежелі кәсіби маман ғана күрделі технологиялық жағдайды мысалмен түсіндіре отырып, оқушыға жеткізе алады. Мұндай кезде күнделікті тұрмыстық терминді қолданудан аулақ болу керек. Міне, осы себептен технология пәні мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті мен кәсіпкерлігінің ерекшелігі политехникалық дайындықты талап етеді.

Оқушылар білімінің жылдамдылық принципі.

Оперативті білім қазіргі адамның білім алуында өте маңызды рөл атқарады. Мұнда оқушыларды өзінің бойындағы білімді қолдана білу іскерлігіне оқыту бойынша мақсатқа бағытталған іс-әрекет қажет. Бұған көбінесе жобалық іс-әрекетте қол жеткізуге болады. Оқушылар алған білімдерін саналы түрде қолдана іс-әрекетті көп жұмсауды талап етеді.

Тапсырмалар:

1. Білімнің жүйелілік және бірізділік принципін мазмұнын ашып беріңіз?

2. Сабақ жоспарын құрастыру

2. Технология сабағына қатысты ма?

3. Оқыту процесіндегі саналылық және бірізділік принципін мен оқушылар білімінің жылдамдық принципін ұқсастықтары неде, салыстырыңыз?

4. Технология мұғалімі ғылымилық принципті қалай жүзеге асфырады?

5. Бұл кезде қандай қиындықтар туындауы мүмкін?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – А., 1991

2 Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу–тәрбие үрдісіне енгізу жолдары.2002

3 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005

4 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006.

№22 Практикалық сабақтың тақырыбы: Дамыта оқыту технологиясының сабақта қолданылуы

Сабақтың мақсаты: Дамыта оқыту технологиясының сабақта қолданылуын меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Пәні: педагогика

Тақырыбы: Дамытып оқыту технологиясы

Мақсаты: 1.Оқыту технологиясы туралы түсініктерін пысықтау, жаңа материалды меңгерту, дамытып оқыту технологиясымен таныстыру;

2. Ойға шабуыл, ассоциация стратегиялары арқылы сыни тұрғыдан ойларын дамыту;

3.Ізденімпаздыққа тәрбиелеу, таңдаған мамандықтарына деген қызығушылықтарын кеңейту.

Түрі: аралас

Әдістері: СТО стратегиялары, КСО

Көрнекілік: кесте

Сабақ барысы

1.Ұйымдастыру.Оқушыларды түгендеу.

2. «Миға шабуыл», кезекші оқушы жүргізеді..

-Технология қай тілден енген сөз?

-Мағынасы қандай?

-Технология дегеніміз не?

-Оқыту технологиясы дегеніміз не?

-Әлеуметтік технология мен өндірістік технологияның қандай ұқсастықтары мен айырмашылығы бар?

-қандай оқыту технологияларын білесіңдер? Т.б.

3. Ашық-тест. Өзін-өзі тексеру.

4. Үй тапсырмасын тексеру.

Жоспар бойынша ауызша сұрау

5. Жаңа материалмен жұмыс. (қосымшада)

Жоспар:

1. Дамыта оқыту технологиясы туралы түсінік.

2. Л.В.Занков жүйесі.

3. Дамыта оқыту мен дәстүрлі оқытуды салыстыру.

4. Топпен жұмыс

1-топ. Бесжол өлең стратегиясы

2-топ. Эссе жазу

3-топ. Тест құрастыру

4-топ. Сөзжұмбақ құру.

5. Топ жұмыстарын көру, тыңдау

6. Бекіту. Сұрақ-жауап әдісі арқылы «Телекөпір» ойыны.

-Дамыта оқыту дегеніміз не? Т.б.

7. Үйге тапсырма: мәтінді дайындау, Венн диаграммасын құру.

8. Бағалау.

№23 Практикалық сабақтың тақырыбы: Дамыта оқыту технологиясының сабақта қолданылуы

Сабақтың мақсаты: Дамыта оқыту технологиясының сабақта қолданылуын меңгерту

Сабақтың барысы:

Тақырып: Үй жануарлары

1. Оқыту нақтыдан абстрактіге қарай жүреді.

А) үй тапсырмасы

Ә) сабақтағы жұмыс

Нақты: үйреншікті жағдайда жануарлардың өмірін бақылау.

Абстрактілік-әр түрлі жануарлардың ұқсастықтарын және айырмашылықтарын табу үй жануарлары туралы түсінік қалыптастыру.

А) Оқушыларға үй жануарларын, олардың қылықтарын, не жейтінін, оларды күту жұмыстарын бақылау тапсырылады.

Оқушылардан шағын әңгіме жазу, бақылау материалдарына сүйеніп тақпақ шығару сұралады.

Ә) Мұғалім оқушылар жинаған ақпараттарды жинақтайды және талқы барысында олардың үй жануарлары туралы дұрыс түсінігін қалыптастырады.

II. Жеке факті, оқиға төңірегіне шоғырланатын негізгі идеяны меңгеру.

Негізгі идея-жануарлар өмірімен танысу, жаңа лексиканы меңгеру.

A) Оқушыларға жануарлардың тізімі беріледі, оқушылар одан барлық үй жануарларын бөліп, өз таңдауын негіздейді. Жолбарыс, мысық, сиыр, қоян, ит, ат, кірпі, тасбюақа, арыстан.

Ә) Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың қайда мекендейтіні туралы әңгімелеу.

3. Жалпы дидактикалық іскерлікті, атап айтсақ негізгіні бөлу, оқулықпен жұмыс, оқығанын өз сөзімен айту, мәселелі жағдаяттарды шешу іскерліктерді қалыптастыратын материал.

Сынып шағын топтарға бөлінеді, әрқайсысы үй жануарлары шағын мәтін алады.

Міндеттер:

1. Мәтінге тапсырма беру
2. Мәтінді айтып беру, құрастыру.
3. Суретке қарап мәтіннің жалғасын ойлап табу.
- 4.Өзін өзі тексеруге арналған материалдар.

Үй тапсырмасы, оқушы тексереді.

1. Лексикалық білімін
2. Логикалық ойлау іскерлігін.

Кроссворд

5-6.Өздік жұмыс (өз бетімен, шығармашылық, абстрактілі ойлауды дамыту).

Тапсырма: суреттер (7)

1. Суреттерді ретімен орналастыру
2. Суретке қарап әңгіме, шағын шығарма жазу.
3. Суреттерді ретімен қойғанын дәлелдеу

7.Пәнаралық байланыс.

Биология-Білім «Сүтқоректілер» тақырыбында қоданылады.

География-түрлі елдерде қандай үй жануарлары бар?

Орыс тілі немесе қазақ тілі-сөздердің дұрыс айтылуы

Математика-жануарлар өмірі туралы есеп.

Білімді оқу пәнінен тыс жерде қолдану өмірімен байланыс (сыныптан тыс жұмыс)

1. Үй жануарларын күту
2. Ит (мысық) көрмесіне бару.
3. Тапсырма: Әр түрлі тектерді есте-сақтау, сыртқы тұрқына сипаттама беру. Мектепте жануарларды күтуді ұйымдастыру (қаңғыбас, ауру жануарды күту)



Тапсырмалар:

Белгілі бір тақырыптағы мәтін бойынша талдама жасау

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері.–А., 1991
- 2 Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу–тәрбие үрдісіне енгізу жолдары.2002
- 3 Валиева М. Білім беру технологияларының нәтижеге бағдарланған білім берудегі ерекшеліктері.–А., 2005
- 4 Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006

№24 Практикалық сабақтың тақырыбы: Коммуникативті-ақпараттық технология

Сабақтың мақсаты: Коммуникативті-ақпараттық технологиясын меңгерту

Сабақтың барысы:

Пәні: педагогика

Тақырыбы: Коммуникативті-ақпараттық технологиясы

Мақсаты: 1. Оқыту технологиясы туралы түсініктерін пысықтау, жаңа материалды меңгерту, коммуникативті-ақпараттық технология туралы түсінік беру;

2. Ойға шабуыл, ассоциация стратегиялары арқылы сыни тұрғыдан ойларын дамыту;

3. Ізденімпаздыққа тәрбиелеу, таңдаған мамандықтарына деген қызығушылықтарын кеңейту.

Түрі: аралас

Әдістері: СТО стратегиялары, КСО

Көрнекілік: кесте

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру. Оқушыларды түгендеу.

2. «Миға шабуыл», кезекші оқушы жүргізеді..

-Технология қай тілден енген сөз?

-Мағынасы қандай?

-Технология дегеніміз не?

-Оқыту технологиясы дегеніміз не?

-Әлеуметтік технология мен өндірістік технологияның қандай ұқсастықтары мен айырмашылығы бар?

-қандай оқыту технологияларын білесіңдер?

-Дамыта оқыту технологиясы туралы түсінік.

-Л.В.Занков жүйесі.

-Дамыта оқыту мен дәстүрлі оқытуды салыстыру.

3. Ашық-тест. Өзін-өзі тексеру.

4. Үй тапсырмасын тексеру.

Жоспар бойынша ауызша сұрау

5. Жаңа материалмен жұмыс. (қосымшада)

Жоспар:

1. Ақпараттық-коммуникативтік технология туралы түсінік

2. Электрондық оқулықтар
3. Интернет технологиясы
4. Қашықтықтан оқыту технологиясы
5. Оқу үрдісіне қолданылатын ақпараттық технология-лардың негізгі түрлері.
- 6.Интерактивті тақта технологиясы
- 6.Топпен жұмыс
 - 1-топ. Бесжол өлең стратегиясы
 - 2-топ. Эссе жазу
 - 3-топ.Тест құрастыру
 - 4-топ. Сөзжұмбақ құру.
7. Топ жұмыстарын көру, тыңдау
8. Бекіту.Сұрақ-жауап әдісі арқылы «Телекөпір» ойыны.
-Дамыта оқыту дегеніміз не? Т.б.
- 9.Үйге тапсырма: мәтінді дайындау, Венн диаграммасын құру.
- 10.Бағалау.
Оқушының пәнге деген қызығушылығының артуы
Мұғалімнің пед технологияны игеруі
Сабақ уақытын тиімді қолдану
Оқушының өз бетінше ізденіп шығармашылықпен жұмыс істеуінің артуы
Білімнің тереңдігі
Жылдамда, тез керекті мағлұматтарды алуы
Білім, білік, дағды деңгейінің қалыптасуы
Қағазды үнемдеп экологиялық тазалықты сақтауы
Тексеру түрлерімен бағалануы
Дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі
Практикалық дағдыларды игеруі

№25 Практикалық сабақтың тақырыбы: CASE-STUDY ӘДІСІ (КЕЙС-СТАДИ)

Сабақтың мақсаты: CASE-терді құрудың келесі негізгі сатыларымен таныстыру

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Кейс әдісі нақты жағдайлар тұрғысынан академиялық теорияларды көрсетуге мүмкіндік береді. Ол студенттерді пәнді оқуға, білімді терең меңгеруге, ақпаратты өңдеуге және талдауға, әр түрлі жағдайларды саралауға мүмкіндік береді.

CASE-терді құрудың келесі негізгі сатылары белгіленген: мақсаттарды анықтау, әр түрлі жағдайларға критерилерді тағайындау, қажет ақпарат көздерін белгілеу, CASE – тегі алғашқы материалдарды дайындау, сараптама жасау, оны қолдану бойынша әдістемелік материалдар дайындау. Оқу процесіндегі кейстермен жұмыс жасау технологиясы келесі сатылардан тұрады:

1) кейс материалдарын зерттеушілердің жеке өзіндік жұмысы (мәселені сәйкестендіру, негізгі баламаларды тұжырымдау, ұсынылған әрекетті немесе шешімді ұсыну);

2) негізгі мәселені енгізуге және оны шешуге байланысты шағын топтармен жұмыс.

3) жалпы дискуссиядағы (оқу тобы шегінде) шағын топтардың тұсаукесерлері және тәжірибе нәтижелері.

CASE STUDY әдісі келесі дағдыларды дамытады:

1. *Аналитикалық дағдылар.* Оларға келесілерді жатқызуға болады: деректердің мәліметтерден айыру шеберлігі, маңызды және маңызды емес ақпараттарды айыра білу, талдау, елестету және оларға қол жеткізу, жіберіп алған ақпараттарды тауып, оларды қалпына келтіру шеберлігі және т.б. Нақты және логикалық ойлау қабілеті. Бұл әсіресе, ақпарат сапасы төмен болған жағдайда өте маңызды.

2. *Тәжірибелік дағдылар.* Кейсте көрсетілген нақты жағдайларымен салыстырғанда мәселенің күрделілігі төмен деңгейі экономикалық теорияларда, әдістер мен принциптерде қолданылатын тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді.

3. *Шығармашылық дағдылар.* Ережеге сай жалғыз CASE-пен мәселе шешілмейді. Мұнда, логикалық жолмен шешілмейтін, альтернативті шешу генерациясының шығармашылық дағдылары өте маңызды.

4. *Коммуникативті дағдылар.* Олардың ішінен төмендегілерді атап айтуға болады: дискуссияны жүргізу шеберлігі, қоршаған адамдардың көзін жеткізу. Көрнекі материалды және басқа медиа

заттарды қолдану – топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, оппоненттердің көзін жеткізу, қысқа да нұсқа есеп дайындау.

5. *Әлеуметтік дағдылар.* Талқылау барысында CASE-те нақты әлеуметтік дағдылар қалыптасады: адамдардың өзін - өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама – қарсы көзқарасты дәлелдеу, яғни, өзін өзі ұстау және т.б.

6. *Өзіндік саралау.* Пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді. Туындаған моральдық және этикалық мәселелер оларды шешудің әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруды талап етеді.

Кейс әдісін қолдану тек оқытумен ғана шектелмейді, бұл әдіс зерттеу әдісі ретінде де белсенді қолданылады. Сонымен қатар, оқудағы оқу, білім және ізденіс мазмұнын біріктіру арқылы оқытушының кәсіптік құзыреттілігін жоғарылатудың нақты тәсілдерінің бірі. Бұл әдістің тиімділігі, ол басқа оқу әдістерімен оңай байланысуы мүмкін.

Тапсырмалар:

Белгілі бір тақырыптағы сабаққа жоспар құрастыру

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Өстеміров К Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары.-А.: 2007.

2 Мұхамбетжанова С.Т., Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.

3 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. М.: Народное образование, 1998.

4 Дәулетбекова Ж. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Алматы: Мектеп, 1997.

№26 Практикалық сабақтың тақырыбы: Кейс-стади әдісінің категориялық аппараты

Сабақтың мақсаты: Кейс-стади әдісінің категориялық аппаратын таныстыру

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Әдістің категориялық аппаратын құру оны қолдану тиімділігін бірталай арттыруға көмектеседі, сонымен қатар оқу процесіндегі технолизациялау әдісі үшін, жаңа мүмкіндіктер ашады. Кейс-әдісте қолданылатын негізгі ұғымдар «жағдай» және «анализ», сонымен қоса олардан туатын – «жағдайды талдау» ұғымдары болып табылады.

Кестеде кейс - әдісін қолдану кезіндегі әр түрлі анализ түрлері көрсетілген.

Аналитикалық қызметтің көптүрлілігі

Оларға сипаттама

Негізгі түрлері

Проблемалық анализ

Проблемаларды атап көрсету, проблемалық өріс қалыптастыру, олардың квалификациясы

1. Жағдайдың проблемалық мазмұнын талдау.

2. Жағдайдың проблемалық шарттарын талдау.

3. Жағдайдың проблемалық нәтижесін талдау.

Жүйелі анализ

Құрылымымен және функцияларымен сипатталатын кейбір жүйелер сияқты объектіні жүйелік жол жағынан қарастыру.

1. Дескриптивті анализ, яғни бар құрылымдар негізінде, функция қалыптасады.

2. Конструктивті анализ яғни, берілген функциялар негізінде құрылым құрылады.

Праксеологиялық анализ

Қызметтік процесстерді оптимизациялау көзқарысына байланысты қарастыру.

1. Қызметті оптимизациялау жолдарын талдау.

2. Қызметті алгоритмизациялау және үлгілеу.

Прогностикалық анализ

Жағдайдың болашақ дамуына қатысты болжауды қалыптастыру.

1. Жүйенің болашақ күйі берілсе және болашаққа жетудің мүмкіндіктері анықталған болса нормативті прогностикалық талдау.

2. Трендтік модельдер құру арқылы болашақтың жағдайы анықталатын ізденісті прогностикалық талдау.

Оқытуды ұйымдастыру әдістері жүйесіндегі кейс әдісі:

Кейс әдісінің маңызды ерекшелігі, оның басқа әр түрлі оқыту әдістерімен тиімді үйлесуі болып табылады. Кестеде кейспен жұмысты ұйымдастыруда әр түрлі әдістермен үйлесу мүмкіндіктері берілген.

Кейс-әдісімен үйлескен әдіс

Оның кейс - әдістегі ролінің сипаты

Үлгілеу

Жағдайдың үлгісін құру

Жүйелі талдау

Жүйелік ұсыныс және жағдайды талдау

Ойша тәжірибе

Жағдай туралы білімді ойша түрлендіру арқылы алу тәсілі.

Сипаттау әдістері

Жағдайдың сипатын құру

Проблемалық әдіс

Жағдайдың негізінде жатқан түйінді мәселені ұсыну.

Жіктеу әдісі

Жағдайды құрастыратын қасиеттер, тараптардың реттелген тізімін құру.

Ойын әдістері

Жағдай кейіпкерлерінің жүріс-тұрысының нұсқаларын ұсыну.

«Миға шабуыл»

Жағдайға қатысты ойларды генерациялау.

Пікірталас

Түйінді мәселе және оны шешу жолдары жайлы көзқарастармен алмасу.

Кестеден көрініп тұрғандай, білім беру үрдісін ұйымдастырудың әр түрлі әдістері кейс - әдіспен сәтті үйлесуі мүмкін.

Кейстердің бастаулары:

Кейс оқытушы қызметінің бейнелік нәтижесі болып табылады. Интеллектуалды азық ретінде оның өзінің бастаулары бар. Кейстердің бастауы - өмір деген тезис біреуге күмән келтіруі мүмкін емес. Қоғамдық өмір өзінің әртүрлілігімен кейстің сюжетінің, түйінді мәселесінің және деректік базасының бастауы болады.

Білім келесі бастау болып табылады. Ол кейс - әдіске үйлескен басқа оқыту мен тәрбие әдістерінің мақсаттары мен міндеттерін

анықтайды.

Ғылым – бұл бейнелік кешен ретіндегі кейстің үшінші бастауы. Ол аналитикалық іс-әрекетпен және жүйелік жақындасумен, сонымен қатар, кейске және оны талдау үрдісіне үйлестірілген көптеген басқа ғылыми әдістермен, екі негізгі әдістемелерді ұсынады.

Кейстің негізгі детерминация бастауларының ара қатынасы әр түрлі болуы мүмкін. Кейстерді құраудың шынайы тәжірибесінде әдетте бастаулардың біреуі басым болуы байқалады. Осылай қарастыру негізгі бастауларының әсер ету дәрежесіне қарай кейстерді топтауға негіз болуы мүмкін. Бұл жерде даусыз шынайы өмір жағдайларын бейнелейтін, тәжірибелік кейстерді, негізгі міндеті оқыту болып табылатын оқыту кейстерін, зерттеулік іс-әрекетті іске асыруға бағытталған ғылыми-зерттеулік кейстерді ерекшелеуге болады.

Кейстің құрылымы:

Кейстердің көптүрлілігіне қарамастан олардың барлығының типтік құрылымы болады.

Ережеге сәйкес кейс келесілерден тұрады:

- Жағдайлар – кездейсоқ жағдай, түйінді мәселе, шынайы өмірден оқиға.

- Жағдайдың контексті - хронологиялық, тарихи, орын контексті. әрекеттердің немесе жағдайға қатысушылардың ерекшеліктері.

-Автор ұсынған жағдайға түсініктеме беру.

- Кейспен жұмыс істеуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар. Қосымшалар.

Кейсті құрастыру сатысы:

Білім мақсаттары жүйесінде кейстің орнын анықтау. Кейс тақырыбына тікелей қатысы бар институционалды жүйені іздеу.

-Жағдай моделін құру немесе таңдау.

-Сипаттауды құру.

- Қосымша ақпараттарды жинау.

- Ақырғы мәтінді даярлау.

- Кейстің тұсаукесері, талқылауды ұйымдастыру.

Тапсырмалар:

Кейспен жұмыс істеуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар құрастыру

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. – Алматы, 2003.

2 Өстеміров К Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары.-А.: 2007.

3 Мұхамбетжанова С.Т., Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.

№27 Практикалық сабақтың тақырыбы: Кейспен жұмыс істеуді ұйымдастыру

Сабақтың мақсаты:

Сабақтың барысы: Кейспен жұмыс істеуді ұйымдастыру тәсілдерін меңгерту

Жаңа сабақ:

Кейспен жұмыс істеуді ұйымдастыру:

Нұсқалары өте көп, бұл оқытушының шығармашылығы үшін мүмкіндік. Біз жұмыс ұйымдастыруға болатын, максималды жалпыланған сабақ үлгісін ұсынамыз.

Сабақты ұйымдастыру сатылары:

Бірлескен іс-әрекетке жұмылу сатысы:

Бұл сатының негізгі міндеті: бірлескен іс-әрекетке дәлелдеме құру, талқылауға қатысушылардың бастамаларының айқындалуы.

Бұл сатыда келесі жұмыс нұсқалары болуы мүмкін:

- Кейс-стади мәтіні студенттерге өз бетімен зерделеу және сұрақтарға жауап дайындау үшін сабақ басталғанға дейін таратылып берілуі мүмкін.

- Сабақ басында тыңдаушылардың кейс-стади материалдарын білуі және талқылауға қызығушылығы анықталады.

- Кейс-стади негізінде жатқан басты мәселе анықталады, және ол курстың сәйкес бөлімімен үйлестіріледі.

Біріккен іс-әрекетті ұйымдастыру сатысы:

Бұл сатының негізгі міндеті:

-мәселелені шешуге арналған іс-әрекетті ұйымдастыру. Іс-әрекет кішігірім топтарға біріктірілуі және жеке болуы мүмкін.

Тыңдаушылар оқытушы берген қандай да бір анықталған уақыт көлемінде сұраққа ұжымдық жауап дайындау үшін уақытша кішігірім топтарға бөлінеді. Әрбір кішігірім топтарда (басқа топтардан тәуелсіз) жауаптарды салыстырулар, оларды өңдеу, тұсаукесер үшін рәсімделетін жеке бір көзқарасты өндіру жұмыстары жүреді. Әрбір топта шешімді жеткізетін «спикер» таңдалады немесе тағайындалады. Егер кейс сауатты құрылған болса, онда топтардың шешімдері сәйкес келмеуі керек. Спикерлер топтардың шешімін таныстырады және сұрақтарға жауап береді. Оқытушы жалпы дискуссияны ұйымдастырады және бағыттайды.

*Талдау және біріккен іс-әрекеттің рефлексиясы сатысы:
Бұл сатының негізгі міндеті:*

- кейспен жұмыстың нәтижелерімен білімдік және оқытулық нәтижелерін айқындау. Сонымен қатар, бұл сатыда сабақтың ұйымдастырылуының тиімділігі талданады, біріккен іс-әрекетті ұйымдастырудың түйінді мәселелері анықталады, ары қарай жұмыс жасау үшін міндеттер қойылады. Оқытушы әрекеттері келесідей болуы мүмкін: оқытушы кейс-стадиді талқылау үрдісін және барлық топтардың жұмысын талдай отырып пікірталасты аяқтайды, оқиғаның шынайы дамуына қысқаша түсініктеме береді, қорытынды шығарады.

Тапсырмалар:

Кейс әдісімен сабақты ұйымдастыруға баяндама жазу

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. – Алматы, 2003.

2 Өстеміров К Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары.-А.: 2007.

3 Мұхамбетжанова С.Т., Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.

№28 Практикалық сабақтың тақырыбы: Жоғары білім беру мазмұны

Сабақтың мақсаты: Жоғары білім беру мазмұнын меңгерту

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Жоғары білім беру мазмұны – іс-әрекеттің мазмұнды моделінен туындайтын өзара байланысты элементтер жүйесі. Болашақ маманның үздіксіз кәсіби-тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді және үздіксіз білім беру мазмұнының элементі болып табылады.

Қазіргі жоғары білім беру мазмұны жалпы (толық емес) жоғары білім беру деңгейін, базалық жоғары білім беру деңгейін, толық жоғары білім беру деңгейін қамтитын көп компонентті жүйе ретінде көрінеді.

Олардың өзара бірлігі жобаланатын, алайда әлі жүзеге асырылмаған, оқыту процесінде іске асырылатын, белгілі бір норма ретінде әрекет ететін көп деңгейлі жоғары білім беру жүйесінің мазмұнын құрайды.

Сонымен қатар мазмұн жүйесі төмендегі құрылым түрінде беріледі:

- мазмұн педагогикалық әрекеттің әлеуметтік тәжірибе түріндегі жалпылама көрінісі;

- мазмұн өз тарапынан кәсіби білім берудің арнайы қызметін атқаратын ғылыми білім мен іскерлік жиынтығы;

- мазмұн жақын пәндер бойынша оқыту курсына енетін білім және әрекет

 - тәсілдері жүйесінің пәндер модулі;

 - мазмұн кең көлемде жеке дидактикалық қызмет атқаратын оқу пәні;

- жобаланған мазмұн оқытушы мен студенттің бірлескен әрекеті, яғни оқыту процесіндегі педагогикалық шындық;

- жобаланған мазмұнды әрбір студент меңгереді, яғни студент тұлғасы құрылымының бір бөлімі.

Сонымен көп компонентті болып табылатын жоғары білім беру мазмұнын мазмұн элементтері, білім беру, оқыту мен білім беру мазмұнының деңгейлері және құрастыру негіздері құрайды.

Мұнда, негізінен, тек білім беру мазмұнының құрылымы ғана емес, құрылымның ерекше түрі болып табылатын оқыту процесі де сөз болып отырғандығын атап өткен жөн.

И.И. Логвинов өз зерттеулерінде көрсеткендей, оқытудың кез келген сатысына оқу материалының көпөлшемді біртұтас дидактикалық тізбегі сәйкес келеді. Былайша айтқанда, педагогика тұрғысынан қарағанда біртұтас оқу пәндері құрылымының бірнеше

түрінің жасалуы мүмкін болмақ. Олардың мазмұнының таралып дамуы мен дидактикалық тізбектері жүйелі түрде бір-бірімен байланыста болуы тиіс.

Білім беру мазмұнын жобалаудың ең күрделі мәселелерінің бірі кейінгі жылдары Қазақстанның білім беру саласында өркендеп отырған стандарттау талабы бойынша оларды таңдау мәселесі болып отыр.

Стандарттау нақты немесе потенциалды міндеттерді шешу үшін жалпы және бірнеше рет қолдану мақсатында ережелер құру жолымен білім беру саласында реттіліктің тиімді дәрежесіне қол жеткізуге бағытталған іс-әрекет ретінде айқындалады.

Білім беру стандарты дегеніміз білім беру жағдайлары, процестері мен нәтижелерінің сапасына, сондай-ақ бақылау процедураларына, технологиялары мен құралдарына, оларды сақтау мен осы талаптарға қол жеткізуді бағалауға қойылатын талаптар жүйесі түрінде берілген білім беру саласындағы білікті субъект қабылдаған әлеуметтік маңызды эталондар (идеалдар).

Білім беру стандарттарының негізгі қызметтері:

- білім беру жүйесінің реттеушілік және басқарушылық дәрежесін көтеру;

- білім беру сапасын көтеру;

- білім берудің белгілі бір эквиваленттік дәрежесін қамтамасыз ету (аттестаттау, сертификаттау, нострификация – басқа мемлекет берген білім туралы құжаттарды мойындау процедуралары тұрғысынан);

- білім беру процесіне қатысушыларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету;

- республика деңгейінде стандарттар талаптары мен оларға қол жеткізу туралы білім беру мекемелерін, оқу топтарын, жеке білім алушыны ақпараттандыру.

Білім беру стандарттары мамандарды дайындаудың нақты бағыты бойынша оқу жоспарларын жобалау негізі болып табылады.

Дәстүрлі оқу жоспары оқу орнында меңгерілетін оқу пәндерінің құрамын, оларды оқып үйренудің тәртібін (ретін) және әрбір пәнді меңгеруге бөлінген оқу сағаттарының санын анықтайтын құжат болып саналады.

Қазіргі көп деңгейлі жоғары білім берудің құрастырмалы мазмұнында төрт бөлімді өтуге болады: әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық бөлім (білім беру саласы «Әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық білім»); ғылыми жаратылыстану бөлімі (білім беру саласы «Жалпығылыми білім»); жалпы кәсіптік бөлім (білім беру саласы «Кәсіби білім»); арнайы бөлім (білім беру саласы «Арнайы білім»).

Мазмұн құрылымында дербес екі бөлімді – жалпы кәсіби және арнайы бөлімді бөліп көрсету қажет екендігін атап өту керек. Жалпы кәсіби бөлім осы бағыт бойынша ғылыми дүниетанымды қалыптастыруды қамтамасыз ететін, оқудың түрлі мәселелік жағдайларының кіріктірілуін жүзеге асыратын маманды даярлаудың арнайы, терең білімінің іргетасы болып табылады.

Арнайы пәндер студентке өзінің кәсіби даярлық шеңберін таңдауда бағыт алуына мүмкіндік береді.

Сонымен, жоғары білім беру мазмұнының ғылыми негіздерін жасау ғылыми талаптар жүйесін есепке ала отырып жасалуы тиіс.

Тапсырмалар:

«Арнайы пәндер студентке өзінің кәсіби даярлық шеңберін таңдаудағы маңызы» тақырыбына баяндама жазу

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқуқұралы / - Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.

2 Омарбекова Ш.О. Білім беру жүйесінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. 2015.

3 Баширова Ж.Р. [ж.б.]. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.

4 Өстеміров К Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары.-А.: 2007.

5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg. (оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар).

№29 Практикалық сабақтың тақырыбы: Білім мазмұнының компоненттеріне сипаттама.

Сабақтың мақсаты: Білім мазмұнының компоненттерінен толық түсінік беру

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Қазіргі демократиялық қоғамда еркін, шығармашылықпен ойлай білетін адамды қалыптастыру міндетіне сәйкес қазіргі білім беру мазмұнында тұжырымдаманың кеңінен танымал үш түрі бар. Сол білім мазмұнының тұжырымдамасының бірінде ғылымдардың негізіне педагогикалық бейімделуіне мектепте оқыта отырып жеке тұлғаның шығармашылыққа деген қабілеттілігі еркін тандауды іске асыра білуге, адамдарға деген әділ қарым-қатынас сияқты жеке тұлғаның қасиеттері.

Қазіргі демократиялық қоғамда адамның өз еркімен толық өмір сүруіне емес бұл әдіс оқушыларды ғылыммен және өндіріспен араластыруға бағытталған. Бұл жерде адам өндірістік фактор ретінде қарастырылады.

Білім беру мазмұнының келесі тұжырымдамасында оқушылар меңгеретін білім, дағды, іскерлік бірлікте қарастырылады.

Оқыту барысында оқушылар міндетті түрде білім мазмұнының астары ретінде ғылыми білімдер жүйесін тәжірибелік іс-әрекет дағдыны, сонымен бірге дүниетанымдық және адамгершілік, эстетикалық идеяларды түсінуі қажет (И.Ф.Харламов). Бұл анықтама адамзаттық мәдениеттің барлық құрамын талдауға негізделмеген және білім мен дағдының негізі сипатын аша алмайды. Негізгі біліммен ғылымды меңгеру адамға қалыптасқан қоғам құрылысының ішкі жағдайына сәйкес, қызмет жасауға мүмкіндік береді. Адамнан білуді және не істеу керек екенін талап ету жеткілікті.

Бұл жағдайда білім беру мазмұнының талаптарына сәйкес; жеткіншек ұрпаққа ана тілінде (математика, физика т.б.) оқу пәндеріндегі білімді және дағдыны жеткілікті жеткізілуі қажет.

Қазіргі даму жағдайында Қазақстандағы жалпы білім беру мектептерінде мұның барлығы жеткіліксіз.

Қоғам өмірінің кейбір салаларына байланысты мәселелерін шешу, оқушылардан білім мазмұнын меңгеру, ерік-жігері, қаншалықты дамығандығын өз ісіне жауапкершілігін, Отанға, қоғамға өзінің тағдырына көзқарасы, қоршаған ортаны қорғау, қатыгездікке, өтірікке төзбеу, техникалық және қоғамдық прогрестің дамуына дұрыс көзқарасты талап етеді. Тәрбиеленушілердің осы қасиеттерін дамыту, құндылық мәні бар сұраныстарды қалыптастыру

қоғамдық өмірдегі маңызды фактордың бірі өздігінен білімін көтеруді қажет етеді. Білім беру мазмұнының тұжырымдамасындағы мақсат-гумандық ойлауға, әлеуметтік тәжірибенің барлық құрылымдық бөліктерінде педагогикалық бейімделуіне сәйкес келеді. Одан басқа білім мен тәжірибені іске асыру барысында бұл тұжырымдама шығармашылық іс-әрекеттік және құндылық эмоционалдық қатынас тәжірибесін енгізеді.

Тапсырмалар:

«Білім мазмұнының компоненттері» тақырыбына баяндама жазу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқу құралы / - Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.

2 Омарбекова Ш.О. Білім беру жүйесінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. 2015.

3 Баширова Ж.Р. [ж.б.]. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.

4 Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.

5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

№30 Практикалық сабақтың тақырыбы: Білім беру мазмұнының өзіндік түрлері:

Сабақтың мақсаты: Білім беру мазмұнының өзіндік түрлерімен түсіндіру

Сабақтың барысы:

Жаңа сабақ:

Әлеуметтік тәжірибелер бойынша білім беру мазмұнының өзіндік түрлері:

1. Табиғат, қоғам, техника туралы білім, ойлау және оны іске асыру . Осы білімдерді меңгере отырып оқушы дүниенің шынайы бейнесін қалыптастыру, танымдық және тәжірибелік іс-әрекетінде дұрыс әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз етеді.

2. Белгілі іс-әрекет тәсілдерінің ішінде тұлғаның дағды, іскерлік ілімді игеруі бұл тәжірибені кеңейте түсері анық. Жалпы

практикалық-интеллектуальдық дағды; іскерлік осы тәжірибенің мазмұнын құрады. Өсіп келе жатқан жастар істерді меңгеру нәтижесінде халықтардың әлеуметтік мәдениетін сақтауға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

3. Шығармашылық ізденушілік әрекет қоғамда пайда болған жаңа проблемаларды шешуде іске асады. Бұрыннан белгілі іс-әрекеттерді қалыптастырудың жаңа әдістері алған білімін-іскерлігін қазіргі жағдайда іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін өздігінен іске асыруды талап етеді. Бұл тәжірибе жас ұрпақтың қабілетінің дамуын және ары қарай мәдениетінің дамуына да өз әсерін тигізеді.

4. Әрбір адамның қалыптасуының көрсеткіші ретінде белсенділігі және өзіндік дамуы кішкентай бала кезінен шығармашылықпен жұмыс істеу барысында қалыптасады, бірақ білім беру мазмұнында оны бағдарламаға енгізу қажет.

Объектіге адамның іс-әрекетіне оның айналадағы қоршаған дүниеге деген басқа адамдардың талаптарына, тұлғаның белгілі бір объектіге байланысты сезімдік қабылдауына сәйкес құндылық қатынас тәжірибесі.

Қоршаған дүниеге қатынас нормасы өзі-өзіне көзқарасы, сенімі оған жағымды көзқарасты білдіреді. Бұл адам мінезіндегі қатынас жеке іс-әрекетте көрінеді.

Оқушыға бұл тәжірибелерді игеру әлеуметтік тәжірибеде оның жеке басының тәжірибесінен жеке оқушылардың бірлескен іс-әрекетінен көрінеді. Барлық білім мазмұнының аталған компоненттері бірімен-бірі тығыз шартты байланысты. Білімсіз іскерлік мүмкін емес. Шығармашылық іс-әрекет білім мен іскерлікті тәжірибесінен көрінеді. Қарым-қатынас білімділік іс-әрекет тәжірибесінен көрінеді. Әлеуметтік тәжірибеде оқу мазмұнын игеруде адам қоғамда өздігімен істей білетін және оны өзгерте де алатын дәрежеде болу. Сондықтан да мектептегі алған білімін өмірде қолдануы, жалпы білім мазмұны бір жағынан оқу-танымдық іс-әрекет жағдайында, екінші жағынан іс-әрекетті игерудің құралы болып табылады.

Адамды оқытуда тұлғаның қажеттіліктерін өтеу оқу мазмұны болып табылады. Мектептегі білім беру мазмұнын қалыптастырудың негізгі көзі мәдениет пен әлеуметтік тәжірибе болып табылады. Мектепте білім беру мазмұнын қалыптастырудың жолы әлеуметтік тәжірибені ұйымдастыру, өнер-мәдениетпен, таныстыру.

Адам іс-әрекетінің түрлері қоғамдық сана формалары, қоғамдық қатынас тәжірибелері, рухани құндылығы, материалдық жағдайы оқу барысында танымдық, коммуникативтік, бағдарлы-құндылық, көркемдік іс-әрекет.

Білім мазмұны оқу материалдарын жинақтау, нақты тарихи, психологиялық-педагогикалық өндеуден өтеді.

Білім ол мектеп бітірушінің өмірге белсенді араласуын, құндылықтар мен қажеттіліктер тұрғысынан және тұлғаның санасымен және психологиялық қасиеттерінің даму міндетін шешуге сүйенеді. Білім беру мазмұнын қалыптастыру барысында баланың жеке басының дамуы, қызығушылығы, дарыны ескеріледі. Оқушылардың қызығушылығын арттыратын (міндетті пәндерден басқа) өз қалауы бойынша оқу пәндерінің жалпы білім беру мазмұнының мақсатын белгілеу. Мектептегі білім беру мазмұнына әсер ететін фактор ретінде қоғамдағы жалпы білім беретін мектептің алдындағы мақсаты, өзінің тарихи даму жолындағы оқу процесінің, оқушылардың орта және барынша мүмкіндіктері және жеке тұлғаның білім алуындағы талап тілегі. Сондықтан оқу процесінің өзінде қоғамның жеке бастың талап тілегі мен қызығушылығына сәйкес өндірістің, ғылым мен техниканың дамуы уақыт өзгеруіне байланысты білімнің мазмұнында өзгереді.

Сондай-ақ азаматтың өзі де таңдауға құқылы. Сондықтан педагогикада мынадай: халықтың білім алуға мұқтажы білім беруде көрсететін қызметі, қосымша білім беру, дифференциялауды оқыту сияқты ұғымдар кездеседі. Біліммен қамтамасыз ету, мемлекеттік стандартқа сай міндетті түрде бағдарламаға сәйкес деңгейде білім беру мемлекеттің құзырына кіреді. Мемлекеттің қызметі — біліммен қамтамасыз ету, мемлекеттік стандартқа сәйкес білім беру оқу бағдарламасындағы білімнің ең аз көлемін міндетті түрде меңгерту. Оқу пәндеріндегі оқу материалының мазмұнын толықтығын, аяқталуын және өлшемін анықтайтын жалпы принциптер мектепте білім беру мазмұнын таңдаудың негізі болып табылады.

Тапсырмалар:

«Білім беру мазмұнының өзіндік түрлері» тақырыбына баяндама жазу

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар [Мәтін]: оқу құралы / - Қарағанды: АқНұр, 2018.- 208б.

2 Омарбекова Ш.О. Білім беру жүйесінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. 2015.

3 Баширова Ж.Р. [ж.б.]. Жоғары мектеп педагогикасы [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 190б.

4 Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері [Мәтін]: оқу құралы / - Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 236б.

5 Электрондық түрде (формат: doc., pdf. jpg.) (оқулықтар, оқу-құралдар, оқу-әдістемелік құралдар)

Жоғары оқу орындарында арнайы пәндерді оқыту әдістемесі пәнінен магистранттардың оқытушы жетекшілігімен және өзіндік жұмыстарының тақырыптары

- 1 ЖОО арнайы пәндерді оқыту әдістемесі курсының мақсаты мен міндеттері
- 2 Арнайы пәндерді оқыту бойынша практикалық іс-әрекет ұйымдастырудың әдістемесі
- 3 Оқу процесіндегі қызығушылықтың мәні мен ерекшелігі
- 4 Оқыту әдістерінің түрлері
- 5 Оқытудың белсенді әдістерінің қолданылуы
- 7 Арнайы пән оқыту барысында студенттердің белсенділігін арттыру
- 8 Дүниені танудың түрлі формалары туралы түсінік
- 9 Дүние танудың түрлі формалары
- 10 Ғылыми теориялық тану
- 11 Арнайы пәнді оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер
- 12 Аталған авторлардың пікірлері бойынша оқыту әдісі
- 13 Эвристикалық әдіс
- 14 Сөздік әдісі
- 15 Әңгімелесу әдісі
- 16 Көрнекілік принципі
- 17 Жүйелік және бірізділік принципі
- 18 Оқыту процесіндегі оқушылардың саналылық және белсенділік принципі
- 19 Оқушылар білімінің беріктілік принципі
- 20 Теория мен тәжірибенің, оқытудың өмірмен байланыстылығы принципі
- 21 Ғылымилық принцип
- 22 Оқушылар білімінің жылдамдылық принципі.
- 23 Модульдік оқыту технологиясының мазмұны
- 24 Модульдік оқыту технологиясының құрылымы
- 25 Модульдік оқыту технологиясының тиімділігін анықтайтын сабақ үлгісін құрастыру
- 26 Модульдік оқыту технологиясының білім сапасына әсері
- 27 Модульдік оқыту технологиясы арқылы сабақты жоспарлаудың маңыздылығы

- 28 Арнайы пәндерді оқытудағы технологиялар
- 29 Проблемалы оқыту технологиясы
- 30 Ойынтехнологиясы
- 31 Арнайы пәндерде ойын әдісінің қолданылуы.
- 32 Арнайы пәнді жүргізу барысында қолданылатын заманауи технологиялар
- 33 Арнайы пәндерде интерактивтік оқыту технологиясы
- 34 Кредиттік оқыту технологиясы
- 35 Кредиттік оқыту жүйесін іске асырудың жеке жұмысын ұйымдастыру
- 36 Кредиттік оқыту технологиясының кемшіліктері мен ерекшеліктері
- 37 Оқу жұмысының өлшеу көлемінің бірлігін бірыңғайлау
- 38 Дамыта оқыту технологиясы
- 39 Дамыта оқыту технологиясының мақсаты
- 40 Дамыта оқыту технологиясының маңызы
- 41 Арнайы пәндерді оқыту жүйесіне қатысты жұмыстардың нәтижелерін есепке алу және бағалау
- 42 Дамыта оқытуды ұйымдастыру
- 43 Дамыта оқыту жүйесіндегі сабақтардың типологиясы
- 44 Арнайы пәндерді оқыту жүйесіне қатысты оқытудың дидактикалық принциптері
- 45 Дамыта оқыту жүйесі бойынша сабақтарды даярлау және өткізу этаптары
- 46 Педагогикалық процесінің компоненттері
- 47 Қашықтан оқыту технологиясы
- 48 Қашықтан оқыту үлгілері
- 49 Жоғары білім беру мазмұны
- 50 Білім мазмұнының компоненттеріне сипаттама.
- 51 Білім беру мазмұнының өзіндік түрлері
- 52 Кейс-стади әдісінің категориялық аппараты.

ЖОО арнайы пәндерді оқыту әдістемесі пәнінен бақылау сұрақтары

1. ЖОО арнайы пәндерді оқыту әдістемесі курсының мақсаты мен міндеттері

2. Модульдік оқыту технологиясының құрылымын анықтау

3. *Проблемалы оқыту технологиясы.*

5. Арнайы пәндерді оқыту әдісі педагогика ғылымының бір саласы ретінде

6. Көрнекілік принципі.

7. Оқу процесіндегі қызығушылықтың мәні мен ерекшелігі

8. Оқу - танымдық іс-әрекеттің белсенділігін қалыптастыру

9. Арнайы пән оқыту барысында студенттерді белсендіру

10. Репродуктивтік әдіс.

11. Оқыту әдістерінің түрлері

12. Әңгімелесу әдісі.

13. Арнайы пәндерді оқыту бойынша практикалық іс-әрекет ұйымдастырудың әдістемесі

14. Дүние танудың түрлі формалары

15. Ғылыми теориялық тану

16. Оқытудың белсенді әдістерінің қолданылуы

17. Эвристикалық әдіс

18. Сөздік әдісі

20. Арнайы пән барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер

21. Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс

22. Арнайы пәнді жүргізу барысында қолданылатын заманауи технологиялар

23. Дүниені танудың түрлі формалары туралы түсінік

24. Арнайы пәндерді оқытудағы модульдік технологиясы

25. Модульдік оқыту технологиясының мазмұнымен таныстыру

26. Модульдік оқыту технологиясының құрылымын анықтау

27. Модульдік оқыту технологиясының тиімділігін анықтайтын сабақ үлгісін құрастыру

28. Модульдік оқыту технологиясының білім сапасына әсері

29. Модульдік оқыту технологиясы арқылы сабақты жоспарлаудың маңыздылығы

30. Арнайы пәндерді оқытудағы технологиялар

31. Проблемалы оқыту технологиясы

32. Ойын технологиясы

33. Арнайы пәндерде интерактивтік оқыту технологиясы

34. Арнайы пәндерді оқыту жүйесіне қатысты оқытудың дидактикалық принциптері
35. Оқытудың дидактикалық принциптері
36. Көрнекілік принципі
37. Жүйелік және бірізділік принципі.
38. Оқыту процесіндегі оқушылардың саналылық және белсенділік принципі
39. Оқушылар білімінің беріктілік принципі.
40. Теория мен тәжірибенің, оқытудың өмірмен байланыс-тылығы принципі
42. Ғылымилық принцип
43. Оқушылар білімінің жылдамдылық принципі.
44. Кредиттік оқыту технологиясы
45. Кредиттік оқыту жүйесін іске асырудың жеке жұмысын ұйымдастыру
46. Оқу жұмысының өлшеу көлемінің бірлігін бірыңғайлау
47. Арнайы пәндерде проблемалық оқыту технологиясын қолдану ерекшеліктері
48. Кредиттік оқыту технологиясының теориялық ерекшеліктерінің маңызы
49. Кредиттік оқыту технологиясының кемшіліктері мен ерекшеліктері
50. Дамыта оқыту технологиясы
51. Дамыта оқыту технологиясының мақсаты
52. Дамыта оқыту технологиясының маңызы
53. Арнайы пәндерді оқыту жүйесіне қатысты жұмыстардың нәтижелерін есепке алу және бағалау
54. Дамыта оқытуды ұйымдастыру
55. Арнайы пәндерді оқытуда проблемалық оқыту технологиясын сабақта қолдану
56. Арнайы пәндерді оқыту жүйесіне қатысты оқытудың дидактикалық принциптері
57. Дамыта оқыту жүйесіндегі сабақтардың типологиясы
58. Дамыта оқыту жүйесі бойынша сабақтарды даярлау және өткізу этаптары
59. Педагогикалық процестің компоненттері
60. CASE-STUDY ӘДІСІ (КЕЙС-СТАДИ)
61. Қашықтан оқыту технологиясы
62. Қашықтан оқыту үлгілері
63. Жоғары білім беру мазмұны
64. Білім мазмұнының компоненттеріне сипаттама
65. Білім беру мазмұнының өзіндік түрлері

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
№1 тақырып. ЖОО арнайы пәндерді оқыту әдістемесі курсының мақсаты мен міндеттері.....	4
№2 тақырып. Арнайы пәндерді оқыту әдісі педагогика ғылымының бір саласы ретінде.....	7
№3 тақырып. Оқу процесіндегі қызығушылықтың мәні мен ерекшелігі.....	9
№4 тақырып. Оқу -танымдық іс-әрекеттің белсенділігін қалыптастыру.....	13
№5 тақырып. Арнайы пән оқыту барысында студенттерді белсендіру.....	16
№6 тақырып. Дүниені танудың түрлі формалары туралы түсінік.....	19
№7 тақырып. Арнайы пән барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер.....	22
№8 тақырып. Арнайы пән барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер.....	29
№9 тақырып. Оқытудың белсенді әдістері.....	31
№10 тақырып. Арнайы пәнді жүргізу барысында қолданылатын заманауи технологиялар.....	35
№11 тақырып. Арнайы пәндерді оқытудағы модульдік технологиясы.....	40
№12 тақырып. Арнайы пәндерді оқытудағы технологиялар...	43
№13 тақырып. Арнайы пәндерді оқытудағы технологиялар...	47
№14 тақырып. Арнайы пәндерді оқыту жүйесіне қатысты оқытудың дидактикалық принциптері.....	50
№15 тақырып. Арнайы пәндерді оқыту жүйесіне қатысты оқытудың дидактикалық принциптері.....	53
№16 тақырып. Кредиттік оқыту технологиясы.....	55
№17 тақырып. Кредиттік оқыту жүйесін іске асырудың жеке жұмысын ұйымдастыру.....	57
№18 тақырып. Оқу жұмысының өлшеу көлемінің бірлігін бірыңғайлау.....	60
№19 тақырып. Кредиттік оқыту технологиясының теориялық ерекшеліктерінің маңызы.....	62

№20 тақырып.Кредиттік оқыту жүйесін ұйымдастыру жолдары.....	64
№21 тақырып.Кредиттік оқыту технологиясының кемшіліктері мен ерекшеліктері.....	66
№22 тақырып.Дамыта оқыту технологиясы.....	70
№23 тақырып.Дамыта оқытуды ұйымдастыру.....	74
№24 тақырып. Дамыта оқыту жүйесіндегі сабақтардың типологиясы.....	78
№25 тақырып.Дамыта оқыту жүйесі бойынша сабақтарды даярлау және өткізу этаптары.....	81
№26 тақырып.Жоғары қиындықта оқыту принципі.....	86
№27 тақырып. Педагогикалық процестің компоненттері.....	87
№28 тақырып. Арнайы пәндерді оқыту тұжырымдамаларының дидактикалық принциптері.....	91
№29 тақырып.Қашықтан оқыту технологиясы.....	97
№30 тақырып. Қашықтан оқыту үлгілері.....	104
Практикалық сабақтар.....	107
№1 практикалық сабақ.....	107
№2 практикалық сабақ.....	109
№3 практикалық сабақ.....	111
№4практикалық сабақ.....	112
№5 практикалық сабақ.....	115
№6 практикалық сабақ.....	117
№7 практикалық сабақ.....	119
№8 практикалық сабақ.....	119
№9 практикалық сабақ.....	122
№10 практикалық сабақ.....	122
№11 практикалық сабақ.....	128
№12 практикалық сабақ.....	131
№13 практикалық сабақ.....	134
№14 практикалық сабақ.....	136
№15 практикалық сабақ.....	136
№16 практикалық сабақ.....	142
№17 практикалық сабақ.....	147
№18 практикалық сабақ.....	150
№19 практикалық сабақ.....	155
№20 практикалық сабақ.....	159

№21 практикалық сабақ.....	161
№22 практикалық сабақ.....	164
№23 практикалық сабақ.....	165
№24 практикалық сабақ.....	168
№25 практикалық сабақ.....	169
№26 практикалық сабақ.....	171
№27 практикалық сабақ.....	175
№28 практикалық сабақ.....	176
№29 практикалық сабақ.....	179
№30 практикалық сабақ.....	181
Жоғары оқу орындарында арнайы пәндерді оқыту әдістемесі пәнінен магистранттардың оқытушы жетекшілігімен және өзіндік жұмыстарының тақырыптары..	185
ЖОО арнайы пәндерді оқыту әдістемесі пәнінен бақылау сұрақтары.....	187

Тұрмаханова С.Ә.

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА
АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ
ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Оқу құралы

Басуға 22.01.2021ж. қол қойылды.

Қалыбы А4. Қаріп түрі «Таймс».

Ризографиялық басылым.

Көлемі 12,0 шартты баспа табақ. Таралымы 100 дана.

«Нұрлы Бейне» баспасында басылды.

Тапсырыс №2201.

Шымкент қаласы, А. Байтұрсынов көшесі, 15 «Б»

e-mail: nurly-beine@mail.ru

+7 701 77 97 167; 8 (7252) 50 16 21

+7 775 389 18 28: +7 771 144 46 30.